

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН ФОРМАТИВТІ
БАҒАЛАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2023

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2023 жылғы 3 қарашадағы № 8 хаттама)

Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 80 б.

Әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге пән бойынша формативті бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсынымдарда формативті бағалаудың ерекшеліктері, әдістері мен тәсілдері қамтылды. Әрбір пән бойынша әдістемелік ұсынымдар оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары негізінде дайындалды.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

КІРІСПЕ

Бастауыш және орта білім беруде кең ауқымды дағдыларды дамытуға негізделген, жоғары оқу орнында оқуын жалғастыру үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етіп, қолайлы білім беру кеңістігін құру және кәсіби өзін-өзі анықтау үшін тиімділігін көрсеткен әртүрлі озық тәжірибелер қолданылып жүр, оның бірі – критериалды бағалау.

Критериалды бағалау жүйесін қолдану мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), ағымдық бақылау жүргізудің үлгілік қағидалары, пәндердің оқу бағдарламалары, критериалды бағалау бойынша нұсқаулықтар және әдістемелік ұсынымдар сияқты оқу-әдістемелік құжаттармен реттеледі.

Бағалау – білім деңгейін анықтауға және оқу үлгерімін қадағалауға мүмкіндік беретін оқудың ажырамас және маңызды бөлігі. Бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген критерий негізінде салыстыру процесі [20].

Оқытуда бағалау процесінде қолданатын «бағалау» және «баға» ұғымдарын ажыратуымыз керек. Бағалау нақты нәтижелерді жоспарланған мақсаттармен байланыстыратын егжей-тегжейлі бағалау пайымы болып табылады. Ол міндетті түрде кері байланыс пен ынталандыру үшін ауызша түрде беріледі, бағаланатын объектінің ерекшелігіне байланысты өзгермелі болуы мүмкін. Бағалаудың негізгі мақсаты – білім алушылардың жеке білімінің тереңдігі мен көлемін анықтау. Бағалаудан дайындық деңгейін анықтайтын баға шығарылады және ол цифрмен белгіленеді (балл).

2016 жылдан бастап Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде формативті және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау қолданылады. Берілген бағалау нақты белгіленген критерийлер мен оқу жетістіктерінің деңгейлеріне негізделген бағалау жүйесі, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке қажеттіліктерді ескере отырып [9], бұл оқу процесінің барлық қатысушыларын бағалау процесіне тартуға және оның нәтижелерін одан әрі жетілдіру үшін жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Критериалды бағалау оқытуды, оқуды және бағалауды (формативті және жиынтық) байланыстырады.

Критериалды бағалау мынадай принциптерге негізделеді:

- оқу мақсаттарының күтілетін нәтижелермен байланысы арқылы жүзеге асырылатын оқыту мен бағалау арасындағы байланыс;
- объективтілік, жарамдылық және сенімділік. Бұл принцип бағалау объектісін нақты түсінуді, сабақтың мақсатына сәйкес келетін бағалау критерийлерін құрастыруды және негіздеуді, мақсатқа жетуге әкелетін тиімді тапсырмаларды, формативті бағалаудың нысандары мен әдістерін әзірлеу;
- айқындық пен қолжетімділік, ашықтық пен қатысуды, нақты мақсаттарды, нақты нұсқауларды және бағалаудың түсінікті және қолжетімді формаларын пайдалануды қамтиды;

- формативті және жиынтық бағалаудың тұрақты және өзара байланысқан процесі белгіленетін оқу жетістіктерінің үлгерімін жүйелі және дер кезінде қадағалауды білдіретін үздіксіздік;

- оқытудағы әрбір жетістікті талдауға негізделген шешімдерді жетілдіруге және қолдануға ықпал ететін даму бағыты [23].

Жиынтық бағалау – білім алушының тоқсан ішінде қол жеткізген білімін анықтау үшін қолданылатын білім мен оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалау (assessment of learning). Мұндай бағалаудың нәтижесі қорытынды бағаға әсер ететін бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау бағасы болып табылады.

Формативті бағалауға келетін болсақ, оқу процесіне және бағалауға барлық қатысушылардың белсенді қатысуын қамтитын оқу үшін бағалау (assessment for learning). Ол сабақтың әр кезеңінде сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүзеге асырылады. Тиімді формативті бағалау білім беру процесін жетілдіруге, білім, білік және дағдыларды тиянақты қалыптастыруға ықпал етеді, сонымен қатар білім алушылардың коммуникативті дағдылар, сыни тұрғыдан ойлау, өздігінен білім алу және өзін-өзі реттеу сияқты 21 ғасыр дағдыларын өз бетінше меңгеруге және дамытуға көмектеседі.

Формативті бағалаудың мақсаты – бастауыш және орта білім беру ұйымдарында оқу процесін одан әрі жетілдіру үшін оқытудың қазіргі деңгейін диагностикалау және мұғалімдер мен білім алушыларға үлгерімді бағалауға және тиімді білім беру шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін оқу әрекетін түзету. Бұл құжатта орта білім беру жүйесіндегі формативті бағалаудың маңыздылығы, сонымен қатар оның формалары мен әдістері, артықшылықтары мен оны жүзеге асырудың тиімді стратегиялары көрсетілген. Әр пәнде қолданылатын бағалау формаларының кең ауқымына сүйене отырып, берілген жұмыс оқу процесінің сапасын арттыру және білім алушылардың жетістіктерін жақсарту үшін формативті бағалауды қалай қолдануға болатыны туралы практикалық түсінік береді.

Формативті бағалау әртүрлі формада жүзеге асырылады (ауызша, жазбаша, практикалық жұмыс және т.б.) және мұғалім мен білім алушыға оқу процесін түзетуге және ішкі жиынтық бағалау жүргізілгенге дейін мүмкін болатын олқылықтар мен кемшіліктерді жоюға мүмкіндік береді. Оқу тоқсаны ішінде өткізіледі.

Әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге пән бойынша формативті бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және бағалауды жүргізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсынымдар әр пән бойынша білім беру бағдарламаларындағы оқу мақсаттары негізінде дайындалды. Бөлім/ортақ тақырып бойынша формативті бағалау тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Формативті бағалауда пәндер бойынша білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беру бағдарламалары бойынша жетістік критерийлері негізінде бағаланады.

Әдістемелік ұсынымдарда бөлім/ортақ тақырып бойынша формативті бағалауды жүргізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Әдістемелік ұсынымдарды дайындау барысында ресми интернет-сайттағы қолжетімді ресурстар (суреттер, фотосуреттер, мәтіндер, аудио және бейнематериалдар) қолданылды.

1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалаудың ерекшеліктері: халықаралық және отандық тәжірибе

Формативті бағалау (ФБ) – оқыту мен оқудың бір бөлігі ретінде оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына қатысты мұғалімдер жүргізетін ағымдағы бағалау [20]. Бағалаудың осы түрі орта білім беру саласында білім алушылардың белсенділігін арттыруға, өзін-өзі реттеуге және қол жеткізген нәтижелер мен кемшіліктерді талқылауға ықпал ететін тиімді құрал болып табылады [10,11]. Оқу үшін бағалау оқу нәтижелерін жетілдіруде және оқуды білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуде үлкен рөл атқарады, соның нәтижесінде тұлғалық және кәсіби дамуға қажетті құзыреттіліктер қалыптасады.

Формативті бағалаудың тарихы өткен ғасырдың ортасынан басталады. Лесли және басқа да ғалымдар «формативті» терминін алғаш рет 1963 жылы Кронбах оқу бағдарламасын жетілдіру құралы ретінде пайдалану үшін енгізгені туралы жазады [18]. 1967 жылы Скривен өзінің «Бағалау әдістемесі» атты еңбегінде бағалаудың рөлін нақтылау үшін бұл терминді ұсынды [26]. 1971 жылы Блум Скривеннің анықтамасын оқыту және оқу процесінде білім беру процесін жетілдіру тәсілі ретінде қолданды [5, 6]. 1989 жылы Садлер өзін-өзі бағалауды оқу сапасын арттырудың негізгі факторы ретінде анықтап, бағалау процесінде білім алушылардың рөлін атап көрсетті [24]. 1990 және 2000 жылдардың басында формативті бағалау тәжірибесін әзірлеуге қатысқан Ұлыбританиядағы бағалау реформасының тобы (Assessment Reform Group) берілген бағалау және жиынтық бағалау арасындағы мақсаттар мен міндеттердің айырмашылықтарын көрсету арқылы, формативті бағалау оқыту үшін бағалау ретінде ұсынылды [2].

Формативті бағалау әртүрлі елдердің орта білім беру жүйесінде кеңінен танылды және шетелдік зерттеулердің өзекті тақырыбы болып табылады. Формативті бағалау бойынша шетел әдебиеттеріне қысқаша шолу келесі кестеде берілген:

Жыл	Авторлар	Ғылыми мақала	Мазмұны
1989	Sadler, D. R.	Formative Assessment and the Design of Instructional Systems.	Мақалада формативті бағалаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі тиімді рөлі қарастырылған [24].
1998	Topping, K. J.	Peer Assessment Between Students in Colleges and Universities	Мақала авторы бірін-бірі бағалау және өзін-өзі бағалау білім алушыларды өз жұмысын бағалауға және құрдастарымен сындарлы кері байланыс жасауға ынталандыратынын көрсетеді. Бұл мазмұнды тереңірек түсінуге және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді [28].

1998	Black, P., & Wiliam, D.	Assessment and Classroom Learning	Бұл мақалада авторлар формативті бағалаудың оқу процесін жетілдіру үшін үлкен әлеуеті бар екенін көрсететін зерттеу нәтижелерін ұсынады, сонымен қатар мұғалім мен білім алушының кері байланысының маңыздылығын атап көрсетеді [3].
1998	Black, P., & Wiliam, D.	Inside the Black Box: Raising Standards Through Classroom Assessment.	Мақалада сабақта талқыланатын тақырыптар мен сұрақтар қойылады. Сыныптағы жиі талқылаулар мен ашық сұрақтар белсенді қатысуға ықпал етеді және мұғалімдерге білім алушылардың түсінігін бағалауға көмектеседі [4].
2006	Nicol, D. J., & Macfarlane-Dick, D.	Formative Assessment and Self-Regulated Learning: A Model and Seven Principles of Good Feedback Practice.	Жетілдірілген метатанудың формативті бағалануы метатанудың дамуына ықпал етеді және білім алушылардың оқу үдерістері туралы ойлау арқылы өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл білім алушылардың өз бетінше білім алуына ықпал етеді [19].
2007	Hattie, J., & Timperley, H.	The Power of Feedback	Мақалада кері байланыс, оның ішінде формативті бағалау оқу нәтижелерін жетілдірудің ең күшті факторларының бірі екенін көрсететін зерттеулер сипатталған [12].
2005	Andrade, H. L., & Du, Y.	Student Responses to Criteria-Referenced Self-Assessment	Мақалада авторлар білім алушыларға табысқа жетудің нақты критерийлері мен жетілдіру бағыттарын беру үшін нақты белгіленген рубрикалар мен бағалау парақтарын пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетеді [1].
2007	Heritage, M.	Formative Assessment: What Do Teachers Need to Know and Do?	Мақалада педагогтарға формативті бағалауды өз тәжірибесіне енгізу бойынша практикалық кеңестер берілген [13].
2008	Brookhart, S. M.	How to Give Effective Feedback to Your Students	Бұл кітап формативті бағалаудағы кері байланыстың маңыздылығына назар аударады және тиімді кері байланыс берудің нақты стратегияларын ұсынады [7].

2011	Wiliam, D.	Embedded Formative Assessment.	Кітапта автор формативті бағалаудың әртүрлі әдістерін талдап, оларды педагогикалық тәжірибеге енгізу тәсілдерін ұсынады [29].
2017	Tempelaar D., Rienties B., Mittelmeier J. & Nguyen Q	Student profiling in a dispositional learning analytics application using formative assessment	Мақалада формативті бағалау білім алушыларға бағытталған, мазмұнды кері байланыспен және дер кезінде жеткізілуі туралы айтылған [27].
2018	Panadero, E., Andrade, H., & Brookhart, S. M.	Fusing self-regulated learning and formative assessment: A roadmap of where we are, how we got here, and where we are going.	Формативті бағалау білім алушыларға нені үйренгісі келетінін және келесі әрекеттерге қалай жылжитындарын тұжырымдауға көмектеседі. Бұл процестер білім алушылардың танымдық және мотивациялық қабілеттерін белсендіреді, білім алушыларды назарын оқу мақсаттарына аударады және олардың мақсаттарына жетуге көмектесетін кері байланыспен стратегияларды қамтамасыз етеді. Басқа сөзбен, бағалау білім алушыларға оқуын өздігінен реттеуге көмектеседі [21].
2019	Lai, C., & Bower, M.	How Is the Use of Technology in Education Evaluated?	Сандық құралдар, соның ішінде онлайн викториналар, интерактивті платформалар және оқытуды басқару жүйелері білім алушылардың үлгерімін бақылау үшін формативті бағалау технологиясын дамытуға ықпал етеді [17].
2020	Ramos dos Santos I.T, Brito Bareto D.A & Carvalho de Oliviera Soares C.V.	Formative assessment in the classroom: the dialogue between teachers and students	Формативті бағалау тек мұғалімге ғана қатысты емес, бағалаудың бұл моделі білім алушыларды мұғаліммен және басқа білім алушылармен өзара әрекеттесе отырып, өз қателерін түзетіп, жетістікке жету үшін оқу процесінде өзін-өзі тану мен дербестікті дамытуға ынталандыру үшін ұсынылатын оқу процесі. Осылайша, формативті бағалау мектеп ортасында ынтымақтастыққа ықпал

			етеді, соның ішінде білім алушылар, мұғалімдер, отбасы және қоғам қатысуы керек, өйткені елдегі бағалау мәдениетін өзгерту маңызды [22].
2021	Broadbent, J., Sharman, S., Panadero, E. & Fuller-Tyszkiewicz, M.	How does self-regulated learning influence formative assessment and summative grade? Comparing online and blended learners	Бұл мақалада өздігінен реттелетін оқыту формативті (және жиынтық) бағалау нәтижелеріне ықпалы қарастырылады. Авторлар өзіне сенімсіз, уақытты дұрыс пайдалана алмайтын және бұрын берілген тапсырмаларды орындауда қиналатын білім алушыларға қолдау көрсетуге басымдық беруді ұсынады [8].

1-кесте. Формативті бағалау бойынша шетел әдебиеттері

Зерттеулер мен басылымдар орта білім беру жүйесінде формативті бағалауды қолданудың шетелдік тәжірибесіне кең шолу жасайды. Олар формативті бағалау білім беру сапасын едәуір жетілдіре алатынын және тиімді оқуына ықпал ететінін көрсетеді.

П.Блэк пен Д.Уильямстың «Inside the Black Box: Raising Standards Through Classroom Assessment» сияқты жұмыстарында кері байланыс пен формативті бағалаудың мақсаты оқу процесінің негізі болып табылатынын атап көрсетеді [4]. Бұл тәжірибелер әртүрлі елдерде оқыту мен білім алушылардың жетістіктерін жетілдіру үшін енгізілген. Өз жұмыстарында сыныпты қара жәшікпен салыстырады, мұнда *input* немесе енгізу (білім алушылар, мұғалімдер, басқа ресурстар, әкімшіліктің ережелері мен талаптары, ата-аналардың қамқорлығы, стандарттар, тесттер және т.б.), *output* немесе шығару (білімді және сауатты, жақсы нәтижелері бар білім алушылар, қанағаттанған мұғалімдер және т.б.). Авторлар тиімді оқыту келесі факторларға байланысты екенін атап өтті:

- мұғалімдерден білім алушыларға сапалы кері байланыс, олардың жұмысының ерекше қасиеттерін ескере отырып, оны жақсарту үшін не істеуге болатыны туралы кеңестер; басқа білім алушылармен салыстырудан аулақ болу маңызды;

- білім алушыларды өзіндік оқу процесіне белсенді түрде қатысып, оларды талқылауға және сұрақ-жауаппен жұмыс істеуге тарту;

- бағалау кезінде алынған оқу процесінің нәтижелерін есепке алу, соның ішінде стандарттарды жетілдіру;

- білім алушылардың қажеттіліктерін және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқыту тәжірибесін әзірлеу және қолдану;

- әрбір мұғалімнің оқыту туралы және барлық білім алушының оқу әлеуеті туралы сенімдері;

- білім алушылардың өзін-өзі бағалауы және олардың өзін-өзі бағалау қабілеті;

- білім алушылардың түсінгенін айта алуы оқытудың кез келген кезеңінде қамтамасыз етілуі керек, өйткені бұл өзара әрекеттесуді бастайтын формативті бағалау оқуға қолдау көрсетеді.

Әртүрлі елдерде мектептегі бағалау үлгілері, жүргізілген талдау бойынша бағалаудың мақсаттарына және елдің білім беру жүйесіндегі саясатына тікелей байланысты бағалау тәсілдерінің кейбір ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетті. Формативті бағалау оқу бағдарламаларын жетілдіру үшін және білім сапасын арттырумен бірге (Англия, АҚШ, Бразилия, Финляндия, Гонконг, Швейцария, Сингапур, Франция) адалдық пен теңдік қағидаттарының сақталуын бақылау үшін де қолданылады (Англия, Финляндияда).

Формативті бағалау процесіндегі қатысушыларды ескере отырып, бағалау мұғалімнің бағалауы, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау болып бөлінеді [23]. Өзінің және басқа білім алушылардың үлгерімін бағалау процесіне білім алушыларды белсенді қатыстыру олардың коммуникация мен сыни ойлауын, икемділік пен бастамашылықтарын дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар өнімділік пен әлеуметтік зиятын, яғни бүгінгі таңда 21 ғасырдың өзекті дағдылары болып танылатын құзыреттіліктерін дамытады. Осылайша, құзыреттілікке негізделген формативті бағалау білім алушыларды жылдам өзгеретін әлемге тез бейімделуге дайындайтын тереңірек, контекстік және тұрақты білім алуға ықпал етеді.

Процеске қатысушыларды (мұғалімнің бағалауы, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау) ескере отырып бағалаудың түрлерін қолданатын формативті бағалау оқуға ынталандыруға, білім алушылардың қобалжымауына және сыныпта білім алушылармен мұғалім арасында қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Бұған мынадай принциптерді сақтау арқылы қол жеткізіледі:

- Объективтілік, әділдік және барабарлық (сәйкестік). Бұл бұрмаланбаған, субъективті емес ақпаратты ұсыну немесе біржақтылықсыз фактілер мен дәлелдерді ескере отырып шешім қабылдау, сондай-ақ шешімдердің, әрекеттердің немесе ресурстардың әділетті және қажеттілікке сәйкес бөлінуі, сонымен қатар мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болуы керек екенін білдіреді.

- Маңыздылық, жауапкершілік. Білім алушылардың маңызды жетістіктері, оқу нәтижелері мен оқу іс-әрекетін бағалауға бағытталған. Нәтижеге оқу процесінің барлық қатысушылары жауапты.

- Теңдік және қолжетімділік. Формативті бағалауға қол жеткізу және оның формаларын, әдістерін және мақсаттарын түсінуге тең мүмкіндік пен қолжетімділікті болжайды (анық және түсінікті болуы керек).

- Интеграция, ашықтық және жүйелілік. Бағалау алдыңғы нәтижелерді ескере отырып, алдын ала жоспарланады, бағалау критерийлері мен бағалау әдістері тапсырманы орындамас бұрын жарияланады, бағалау процедурасы жүйелі түрде жүргізіледі.

• Жақсы ниет (мейірімділік). Іс-әрекеттер мен қарым-қатынас жақсы ниет пен басқаларды құрметтеуге, жағымды атмосфера мен ынтымақтастыққа ықпал етуге негізделуі керек.

Жеке немесе топта алынған нәтижелерді жетілдіру, оқуға мотивация алуға, өзін-өзі бақылауға және қателерді өз бетінше түзетуге көмектеседі, бұл өз кезегінде білім алушының тұлғалық дамуының эволюциясына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, формативті бағалау парадигмасы әрбір бала ерекше, өзіндік ерекшеліктері және құндылығы бар деген идеяны қолдайды.

Бүгінгі таңда формативті бағалау мәселесін зерттегенде көптеген шетелдік және отандық зерттеушілер терең білім алуға ықпал ететін өзін-өзі реттейтін оқыту (SRL) тақырыбын қозғайды [27, 16]. Әлсіз SRL дағдылары бар білім алушыларға көмек (*scaffolding*) қажет; бұл әдетте өзіне сенімсіз, уақытты дұрыс басқара алмайтын және бұрын берілген тапсырмаларды орындауда қиналатын білім алушылар. Кең мағынада, өзін-өзі реттейтін оқытуда білім алушы оқу мақсаттарын дербес қоя алады және оның аралық нәтижесін бағалай отырып, қорытынды нәтижеге жетуге ұмтылады. Мұндай білім алушы оқу стратегияларын біледі және оларды оқу әрекетінде тиімді қолдана алады.

Жоғарыда аталған елдердегі формативті бағалаудың кейбір жалпы жұрт қабылданған тәсілдері *1-схемада* көрсетілген. Бұл ерекшеліктерге оқыту мен бағалау арасындағы байланысты, сонымен қатар есеп беру және оқу бағдарламасын жетілдіру үшін бағалауды пайдаланатынын да жатқызуға болады. Формативті бағалау дегеніміз тестілеу немесе орындалған тапсырма түріндегі алынған жалғыз іс-шара емес, ол оқу бағдарламасының мазмұнына негізделген әр түрлі тиімді бағалау әдістері мен тәсілдерді қолдана отырып, сабақтың кез келген кезеңінде білім алушы белгілі бір деңгейге жеткенге дейін, яғни мақсатқа қол жеткізгенше жүзеге асырылатын циклдік процесс. Тиімді формативті бағалау білім алушының жиынтық бағалауды қаншалықты сәтті орындайтынына, сонымен қатар оның жалпы оқудағы жетістіктерге қаншалықты жететіндігіне әсері зор.




1-схема. Формативті бағалаудың ерекшеліктері.

Сыныптағы процестерді қадағалау мұғалімдерге сабақта болып жатқан оқудағы өзгерістерді күннен күнге көріп анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша мұғалімдер сыныпты кішігірім зертханаға айналдырып, оқу процессінің (learning) қалай жүретінін зерттеп, осы процесті түсінуге және оған сабақтағы өзіндік оқыту (teaching) арқылы тиімді әсер етуге мүмкіндік алады.

Білім алушылардың оқып жатқанын бақылап, кері байланыс негізінде ақпарат жинап, оқу процессінде әртүрлі формативті бағалау техникалары мен әдістерін енгізу арқылы, мұғалімдер білім алушылардың берілген материалды қалай қабылдайтыны, белгілі бір оқыту әдістерінде қалай әрекет ететіні және олардың мақсатқа жету жолы қалай қалыптасатыны туралы біле алады.

Елімізде формативті бағалауды жүзеге асыру алаңына айналған алғашқы мектеп 2012 жылы НЗМ болды. Ол мектептер озық шетелдік тәжірибелерін жинақтап, оларды қазақ контекстіне бейімдеп одан әрі жалпы білім беру мектептеріне таратқан. Бұл өзгеріс бағалау жүйемізді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін қажет болды. Біріншіден, ол білім алушылардың өз үлгерімін өз бетінше бағалай алып, жоғары сапалы кері байланыс алып, олардың тиімді білім алуына себеп болды, ал екіншіден, бағалаудың әлемдік тәжірибесіне кедергісіз бейімделудің жолы болды.

Формативті бағалау тапсырмаларын әзірлеу үшін НЗМ сарапшылары мынадай 2-схеманы ұсынады [23]



2-схема. Формативті бағалау тапсырмаларын әзірлеу алгоритмі

Жоғарыда аталған алгоритмнің дұрыс орындалуы күтілетін нәтижеге әкелуі керек. Сабақты жоспарлау сабақ мақсаттарын қоюдан басталады, ал олардан алдын ала жоспарланған нәтиже шығарылады. Мақсат нақты, өлшенетін, қолжетімді, маңызды, уақытпен шектелген болуы керек (SMART). Сапалы сабақтың міндетті шарты мұғалімдер мен білім алушылардың мақсаттар туралы ортақ түсінігі болып табылады. Ол үшін ол мақсаттарды білім алушылармен талқылап, сабақ барысында оларға жүгініп, қаншалықты жеткенін талқылап, кері байланыс пен рефлексия жасау керек.

Әрбір бөлім бойынша әр оқу мақсатына жетістік критерийлері әзірленеді, олардың жүзеге асыруы білім алушының қол жеткізгенін немесе мақсатқа қаншалықты жақын екенін көрсетеді. Әрбір жетістік критерийі дағдыға байланысты (Блум таксономиясы бойынша: білім және түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау) және сәтті аяқталған кезде күтілетін нәтижеге әкеледі. Бағалау критерийлері қойылған мақсаттарға сәйкес құрастырылғанын атап өткен жөн және олар мақсатқа сай келтіріліп бағалауда қолданылады.

Тапсырманы дайындаған кезде мұғалім білім алушылардың қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктерін ескеруі қажет. Қажет болған жағдайда ойлау қабілетінің деңгейін ескере отырып, сараланған оқу процесін ұйымдастыру, қабілеті әртүрлі білім алушылардың қажетті нәтижені ойдағыдай меңгеруіне жағдай жасау қажет.

Тапсырмаларға дескрипторлар әзірленеді, олар білім алушы тапсырмалардағы талаптарды түсіну үшін нақты, түсінікті және қолжетімді болып құрылу керек. Олар білім алушының қай жерде қиналып жатқанын анықтауға көмектеседі және мұғалімге оқу мақсаты контекстінде конструктивті кері байланыс беруге мүмкіндік береді.

Мұғалім іс-әрекетіндегі формативті бағалау процесі алдын ала жоспарланады және келесі кезеңдерді жүзеге асыруды көздейді:

- Формативті бағалауды оқу мақсаттары мен критерийлерді ескере отырып жоспарлау және ұйымдастыру;
 - Формативті бағалаудың әдістері мен тәсілдерін таңдау, соның ішінде өзін-өзі бағалау және өзара бағалау;
 - Сұрақтарды дұрыс құрастыру;
 - Конструктивті кері байланысты уақытылы қамтамасыз ету;
 - Формативті бағалау нәтижелерінің анықтауы, талдауы және түсіндіруі;
- Формативті бағалау процесінің толық сипаттамасы *3-схемада* көрсетілген.



3-схема. Формативті бағалау процесі.

Сұрақтар оқу және бағалау процесінде шешуші рөл атқарады және олардың дұрыс қолдануы формативті бағалауда өте жоғары нәтижелерге әкелуі мүмкін. Блэк пен Уильямс [4] атап өткендей, сабақта «сұрақ-жауап» формасын қолданудың тиімділігі үшін бірнеше шарттар орындалуы керек: білім алушыларға жауап беруге ойлануға, білім алушылардың жауаптарын топта немесе жұпта талқылауға уақыт беру. Сабақтағы кез келген диалог барлық оқушылар ойланып және өз ойын жеткізе алып қатыса алатындай, оларға ол ой мен рефлексияны тудыруы маңызды, өйткені сонда ғана формативті бағалау процесі жүзеге асатындай болады.

Жоғарыда атап өтілгендей, формативті бағалау үздіксіз болуы керек: алдыңғы бағалаудың талдау нәтижелері бойынша анықталған оқу олқылықтарын ескере отырып, келесі формативті бағалауды ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл жағдайда мұғалімдер (және білім алушылар да) оқу үшін бағалау дәлелдерін дұрыс интерпретациялау керек [15].

Формативті бағалау жиынтық бағалауға қарағанда икемді процесс, мұғалім оны өз бетінше реттейді және оны күнделікті сабақтың кез келген кезеңінде әртүрлі әдіс-тәсілдер мен бағалау әдістерін таңдап, оқу процесінде пайдаланады. Алдыңғы бағалауды талдау негізінде алдын ала жоспарланған ол мұғалімдерге алдында отырған білім алушылардың түсінгені мен жетістік критерийлеріне жету деңгейі туралы ақпарат береді, және оқыту әдістерін олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Мұғалім үшін ең маңыздысы формативті бағалау әдістерін қолданудың мақсатын түсіну, сонымен қатар олардың оқу процессіне тиімді ықпалына қол жеткізу [23]. Brookhart, бағалаудың ұқсас әдістерін қолданбауға кеңес береді және білім алушылардың білімі мен дағдыларын неғұрлым нақты анықтамасы үшін әртүрлі әдістерді біріктіріп қолдануға шақырады [7]. Технологиялар дамыған заманда білім алушылардың үлгерімін бақылау үшін формативті бағалау технологиясын дамытуға ықпал ететін онлайн викториналар,

интерактивті платформалар және оқытуды басқару жүйелері сияқты цифрлық құралдарды пайдалану орынды болады [17].

Формативті бағалау – оқу процесін жетілдіру мақсатында білім алушылардың білімі, білігі, дағдысы туралы үздіксіз ақпарат жинау процесі. Бұндай бағалау келесі функцияларды орындайды:

□ Қалыптастырушы. Формативті бағалау білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, тереңірек және мазмұнды білім алуға ықпал етеді. Ол жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін формативті бағалау процесінің барлық кезеңдерін ескере отырып, мұқият жобалауды талап етеді.

□ Ынтыландыратын. Формативті бағалау білім алушыларды тереңірек және белсендірек оқуға ынталандырады, сыни ойлау дағдыларын, коммуникативтілікті, икемділікті, бастамашылдықты дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, өзара бағалау және талқылауға қатысу (мақсаттар, критерийлер, дескрипторлар, олқылықтар, қателер және т.б.) арқылы қол жеткізілетін өнімділік пен әлеуметтік интеллекттің дамуына ықпал ете алады.

□ Мотивациялық. Формативті бағалау білім алушылардың мотивациясын тереңдете алады, өйткені олар жасалған іс-әрекеттері нәтижеге қалай әсер ететінін көреді, сонымен қатар қателесуден қорқу мен үрейді азайтады.

Білім алушыларды жетістік критерийлері және жетілдіру бағыттарымен қамтамасыз ету мақсатында деректерді жинап және талдау үшін анық және нақты белгіленген рубрикаларды және бақылау парақтарын, журналдарды, күнделіктерді және формативті бағалаудың тіркеу формаларын пайдаланған маңызды екенін ескеру қажет [1, 30]. Бұл білім алушылардың біліктілігін айтарлықтай арттырады. Дегенмен, бағалау нәтижелерінің бекіту формаларын білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп әрараптандыру керек [30]. Мұғалімнің нәтижелілігі мен оқыту сапасын арттыру мақсатында формативті бағалау нәтижелерін мұғалім талдайды және ол процесс есеп құжаттамасын жинау мен ұсынуды көздемейді [23].

Күтілетін нәтижелерге қол жеткізілмесе, мұғалім сабақты жоспарлау процесін қайта қарауға тиіс, және оқыту мен оқуды бейімдеу және модификациялау үшін білім алушылардың үлгерімі мен түсінігі туралы ақпаратты пайдаланады. Формативті бағалау мектептегі ортада игілікті ынтымақтастыққа ықпал етеді. Күтілетін нәтижеге жету үшін бұл процеске барлығы, соның ішінде білім алушылар, мұғалімдер, отбасы және қоғам қатысу керек, өйткені елдегі бағалау мәдениетін өзгерту маңызды [22].

Осылайша, формативті бағалаудың мақсаты – білім алушылардың үлгерімін бақылау, мұғалімдер оқыту процесі мен білім алушылардың нәтижелерін жетілдіру үшін пайдалана алатын үздіксіз кері байланысты қамтамасыз ету болып табылады. Формативті бағалау оқу жоспарында берілген мақсаттарға жетудегі прогресті және кемшіліктерді анықтауға көмектеседі, сонымен қатар дағдыларды жетілдірудің болашақ траекториясын анықтайды.

2 Оқу пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Формативті бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарындағы жетістіктерін мониторингілеу үшін және орындалған үй жұмысының қорытындысын және педагогтің жазбаша түрдегі (көбінесе білім алушылар дәптерлерінде немесе жетекшілердің) немесе ауызша ұсыныстарын қоса алғанда, сабақта сараланған жұмысты одан әрі тізіп қоюды /сапқа тұрғызуды мониторингілеу үшін жүргізіледі.

Бағалау – бұл үздіксіз процесс. Оған мұғалім, білім алушылар, ата-аналар, әкімшілік /мектеп әкімшілігі/ қатысуы қажет.

Формативті бағалау түрінің ажырамас бөлігі бақылау және құжаттама болып табылады. Бақылаудың формалды және формалды емес түрлері бар. Бейресми бақылау барлық уақытта сабақтарда арнайы фокуссыз-ақ жүреді. Формалды бақылау – мұғалім өзіне қадағаланатын сол немесе өзге де дағдылар қаншалықты дамығанын көру мақсатын қояды.

Формативті бағалау білім алушылардың оқу үдерісінде білімді меңгеру және дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау қызметін атқарады, білім беру процесін түзетуге мүмкіндік береді, мұғалім кері байланысты жүзеге асыру үшін жүргізеді. Кері байланыстың формаларын, түрлерін мұғалім өзінің жинақталған тәжірибесін пайдалана отырып, өз қалауы бойынша таңдайды. Бұл ретте кері байланысты ұсынудың оң және дұрыс/сыпайы сипатына назар аударған жөн.

Формативті бағалау жүргізу алдында білім алушыларды оқу мақсаттарымен және бағалау критерийлерімен таныстыру маңызды. Білім алушыларға тапсырманы орындау кезінде не нәрсеге назар аудару қажеттігі түсінікті болу үшін бағалау критерийлерінің маңызын түсіндіру керек.

Оқыту процесінде тиімді сынып пікірталасын қалыптастыру және білім алушылардың қойылған мақсаттарды түсінуінің куәсі ретінде қызмет ететін басқа да оқу міндеттерін қою маңызды. Мұғалімнің үнемі кері байланыс беруі білім алушыларды алға жылжуға, жақсы/үздік нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырады.

Мұғалім білім алушылармен бірлесіп оқыту мақсаттарына жетудегі табыс критерийлерін талқылай алады және қажет болған жағдайда оларды толықтырады.

Формативті бағалауда мұғалім топтардағы жұмысты белгілі бір дағдыларды бағалаудың тиімді әдісі ретінде пайдалана алады.

Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын бақылайды және тыңдайды: кейбір білім алушылар бағалау критерийлеріне сәйкес оқу мақсаттарының жетістіктерін тез көрсете алады.

Бұдан әрі мұғалім оқыту мақсаттарына қол жеткізуге ұмтылатын білім алушыларды тағы бақылауы қажет және оларға қосымша сұрақтар қою керек.

Топтық жұмыс кезінде мұғалім барлық топтың жұмысын бақылауы тиіс. Топқа бақылауды тапсырманы орындау кезінде қатыса жүріп, қатар алып жүруге болады.

Жауаптарды бағалаудан кейін мұғалім оқыту мақсаттарына жетуге ұмтылатын білім алушылар топтарына қайта оралады және оған қол жеткізу үшін оларға тағы бір мүмкіндік береді.

Сонымен, формативті бағалау бес негізгі стратегиялардан тұрады:

- күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін түсіндіру;
- сыныпта түсінгендерін қуәландыратын тиімді талқылаулар мен өзара іс-әрекеттер қалыптастыру;
- білім алушыларды нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыратын кері байланыс ұсыну;
- білім алушыларды өзара оқыту көздері мен ресурстары ретінде тарту;
- білім алушының өз білімін «жасаушы» ретінде қалыптасуы.

Формативті бағалау кезінде мұғалім бағалауда жеке тәсілдемені ескеруі тиіс. Егер мұғалім кейбір білім алушыларға қандай да бір дағдысын дамыту үшін көп уақыт қажет екенін көрген болса, бұл оқу мақсатын басқаша бағалауға және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеу кезінде түзетулер енгізуге шешім қабылдауы керек.

Мұғалімге сондай-ақ тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрін бағалау қажеттігін есте сақтау маңызды: тыңдау (тыңдалым), айтылым, жазылым және оқылым.

Мұғалім формативті бағалаудың тапсырмаларын өзі дербес әзірлейді немесе ұсынылған жинақтарды пайдалана алады.

Формативті бағалаудың нәтижелерін тіркеу формасын мұғалім өзі (сандық, графикалық, балдық) дербес анықтайды. Формативті бағалау нәтижелері мұғалімнің есептік құжаты болып табылмайды.

Формативті бағалау кезінде мұғалім білім алушылардың санын және кері байланыс жиілігін анықтайды.

Формативті бағалаудың нәтижелерін басып шығаруды және әрі қарай сақтау қажет етілмейді.

Формативті бағалау нәтижелері бағаланатын, жұмыс жүргізілетін жазу кітапшаларына қойылады.

Формативті бағалау нәтижелерін тіркеуді педагогтің өзі анықтайды (сандық, графикалық, балл). Формативті бағалаудың нәтижелері мұғалімнің есеп беру құжаттары емес.

Білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы мониторингі мұғалімдердің тоқсан аяқталғаннан кейін оқу материалының оқу мазмұнын анықтау мен түзету және бөлімдерді зерттеу (кесілген тақырыптар) үшін жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады.

Білім алушыларға өз мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес белгілі бір дағдыларды дамытуға, сондай-ақ мұғалім білім алушылардың жұмысын объективті бағалауға мүмкіндік беру үшін әртүрлі және жеткілікті болуы керек.

Үйге берілген тапсырмалар жеткілікті болуы керек. Ол тапсырмалар білгенін бекіту және ойлау үшін қажет.

Мұғалім зерттелген құбылыстардың ішінде ұқсастықтар мен келіспеушіліктерді анықтайтын тапсырмаларды бере алады және оны кеше өткен немесе одан көп уақыт өткеннен кейін салыстыра алады.

Тапсырмалар белгілі бір критерийлердегі балмен өлшенген жұмыспен аяқталады.

Бөлім/ортақ тақырыптарға арналған жиынтық бағалаудың (әрі қарай – БЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

Формативті бағалау үдерісі

Формативті бағалау – оқушының оқу нәтижесінің үнемі ілгерілеп және дамып отыруына ықпал ететін, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысын қамтамасыз ететін үдеріс.

Сабақ беру мен оқытуды тиімді түрде ұйымдастыру үшін әр оқушының ілгерілеуі мен ағымдағы түсіну деңгейін үнемі анықтап отыру маңызды. Ол қалыптастырушы бағалауда іске асырылып отырады және оқушының оқу жетістіктері туралы шешім қабылдауға мүмкіндіктер тудырады.

Формативті бағалау оқыту мен оқудың біртұтас құрамдас бөлігі болып, қосымша жаттығулар мен тест тапсырмалары түрінде қабылданбауы тиіс.

Формативті бағалау үдерісі төменгі кезеңдерден тұрады:

- Оқушыларды анықталған оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерімен таныстыру.

- Оқушылардың нені және қандай деңгейде түсінгендігін анықтайтын дәлелдемелердің көрсеткіші бола алатын тиімді орта тудыру немесе олардың басқа іс-әрекеттерін ұйымдастыру.

- Оқушының дамуына ықпалын тигізетін тиімді кері байланыс беріп отыру.

- Оқушыларды бір-біріне өзара оқыту көзі бола алатындай ынтымақтастыру.

- Оқушы өз оқуы барысында өзін «құрастырушы» ретінде қабылдау.

Формативті бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Әр сыныпта сабақ беру үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқыту мақсаттарын қамтуы керек. Пәндер бойынша оқу жоспарында барлық оқу мақсаттары үшін ұсынылатын іс-әрекеттер берілген.

Бағалау үдерісін тиімді түрде өткізу үшін *мұғалімге*:

- оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін нақты құрастыру;

- тапсырмаларды бағалау критерийлеріне сай құрастыру және дескрипторларын анықтау;

- оқушыларға тиімді кері байланыс беру ұсынылады.

Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе, тек соны ғана бағалайды және Блум таксономиясында берілген ойлау дағдыларының деңгейлерін – білу мен түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалауды көрсетеді. Мұғалімнің бағалау критерийлерін оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындауы маңызды.

Одан кейін мұғалім бағалау критерийлерін сәйкестендіріп, оқушылардың

жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторларын құрастырады. Дескрипторлар тапсырманы орындаудағы оқушы қадамын нақтылайды, нәтижеге жету жолын анықтайды, сондықтан дескрипторлар оқушыларға түсінікті болуы қажет.

Бастауыш сыныптың пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Пән	Қазақ тілі (I тоқсан)
Бөлім Бөлімше	Оқылым 3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу
Оқу мақсаты	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру
Бағалау критерийі	Тірек сөздер, сурет арқылы құттықтау құрастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі (Блум таксономиясына сәйкес)	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Дағдыны болашақ іс-әрекетте қолдану	Мерекелерде құттықтау жазады, арнайды
Сабак кезеңі	Жаңа білімді меңгеруге бағытталған оқу мәселесін шешу әрекеттері

Білесің бе?

Құттықтау сөздер әртүрлі мерекелерде қолданылады. Олар ресми құттықтаулар, мерекелік құттықтаулар болады. Мерекелік құттықтаулардың мәтіні еркін, сөздері құбылмалы түрде жазылады.

1-тапсырма. Суреттегі мерекені ата. Қажетті тірек сөздерді таңда. Осы мереке туралы қысқаша айтып бер.

Жаңа жыл
мерекесі

Құтты
болсын!

Наурыз
мейрамы



Көк туымыз
желбірей берсін!

Республика
күні

20 Туған
күніңмен!

Дескриптор:

- суреттегі мерекені анықтайды;
- қажетті сөздерді таңдайды;
- мереке туралы айтады.

2-тапсырма. Тірек сөздерді қолданып, үлгі бойынша Республика күніне досыңа құттықтау жаз.

Үлгі:

Құрметті, оқушылар! Сіздерді бүгінгі 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! Көк туымыз желбірей берсін, аспанымыз ашық болсын! Отанымыздың мақтанышы болыңыздар!

Мереке құтты болсын!

Тірек сөздер: құрметті, Республика күні, құттықтаймын, бейбітшілік, қуаныш, денсаулық, өркендеу.


Дескриптор:

- үлгі бойынша құттықтау жазады;
- құттықтау жазуда тірек сөздерді орынды қолданады;
- сөйлемнің құрылымын сақтайды;
- сөйлемдерді сауатты жазады.

Пәндік сауаттылық	Оқу сауаттылығы
<p><i>Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылар қандай пәндік білімдерін көрсетуі керек?</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құттықтау туралы түсінік 2. Тақырыпқа қатысты тірек сөздерді ажырату 3. Құттықтау мәтінін құрастыру 	<p><i>Бұл әрекет оқу сауаттылығын дамытуға қалай көмектеседі?</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сурет, тірек сөздер арқылы берілген ақпаратты түсіну; 2. Нақты хабарлама құрау 3. Шығармашылық әлеует (ойдың жүйріктігі) 4. Сауаттылық

Пән	Қазақ тілі (III тоқсан)
Бөлім	Тыңдалым және айтылым
Бөлімше	1.6 Тыңдарманның назарын аудару
Оқу мақсаты	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту
Бағалау критерийі	Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, вербалды емес тілдік құралдарды орынды қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
(Блум таксономиясына сәйкес)	Жоғары деңгей дағдылары

Дағдыны болашақ іс-әрекетте қолдану	Вербалды емес тілдік құралдарды пайдалану
Сабақ кезеңі	Жаңа білімді меңгеруге бағытталған оқу мәселесін шешу әрекеттері
1-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқындар: автор, қоян, түлкі.	
Қоян түлкіден қашып келе жатты. Ол үлкен үңгірді көрді. Үңгір қараңғы екен.	
- Қайырлы күн, үңгір! – деді ол.	
- Қайырлы күн, қоян, сссс-с-с! – деген дауыс шықты.	
- Рұқсат па?	
- Қош келдің, сссс-с-с!	
- Кешіріңіз, мен көрмей тұрмын. Сіз кімсіз?	
- Үңгірге кір, досым! Мен үңгірдің иесімін, сссс-с-с! – деді жылан.	
Жыланды көрген қоян қорқып:	
- Рақмет. Мен ертең келемін, - деп қаша жөнелді.	
Сұрақтарға жауап бер:	
1. Мәтіндегі сыпайы сөздерді ата.	
2. Сыпайы сөздердің қоянға көмегі болды ма? Қалай ойлайсың?	
3. Қоян қандай кейіпкер? Жылан қандай?	
4. Қоянның орнында болсаң, не істер едің?	
Дескриптор:	
- мәтінді рөлге бөліп оқиды;	
- кейіпкерлердің әрекетін қимылмен көрсетеді;	
- сұрақтарға жауап береді;	
- тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді;	
- ұсынысын жасайды.	
2-тапсырма. Қоян, түлкі, жыланның сурет сал. Қимылмен көрсетіп, мазмұнын айтып бер.	
<div style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; width: 300px; height: 60px; margin: 0 auto;"></div>	
Дескриптор:	
- ертегі кейіпкерлерінің суретін салады;	
- қимылмен әрекеттерін көрсетеді;	

- мазмұнын айтады	
Пәндік сауаттылық	Оқу сауаттылығы
<i>Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылар қандай пәндік білімдерін көрсетуі керек?</i>	<i>Бұл әрекет оқу сауаттылығын дамытуға қалай көмектеседі?</i>
1. Интонацияны сақтау;	1. Креативті ойлау
2. Вербалды емес тілдік құралын қолдану	2. Коммуникативті дағдылар
	3. Болжау
Пән	Қазақ тілі (IV тоқсан)
Бөлім	Тыңдалым және айтылым
Бөлімше	1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру
Оқу мақсаты	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
Бағалау критерийі	Тақырыпқа қатысты ақпараттарды анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі (Блум таксономиясына сәйкес)	Қолдану
Дағдыны болашақ іс-әрекетте қолдану	Жоғары деңгей дағдылары
Сабақ кезеңі	Түрлі дереккөздерден ақпарат таба білу
	Жаңа білімді меңгеруге бағытталған оқу мәселесін шешу әрекеттері
1-тапсырма. Суреттерге мұқият қара.	
✓ Бұл кім?	Мынау не?
✓ Ол туралы не білесің?	Ол туралы не білесің?
	
Дескриптор: суреттер бойынша сұрақтарға жауап береді	

2-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, Қорқыт ата туралы ақпарат іздестіріңіз. Кестені толтырыңыз.

<i>Белгілі қобызшы</i>	<i>Туған жері</i>	<i>Шығармалары</i>	<i>Қосымша ақпарат</i>

Дескриптор:

- Қорқыт ата туралы ақпарат жинақтайды;

- жинақталған ақпарат негізінде кестені толтырады;

- Қорқыт ата туралы әңгімелейді

Пәндік сауаттылық	Оқу сауаттылығы
<i>Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылар қандай пәндік білімдерін көрсетуі керек?</i>	<i>Бұл әрекет оқу сауаттылығын дамытуға қалай көмектеседі?</i>
1. Ақпаратты іздеу 2. Сұрыптау 3. Қажетті мәліметі іріктеп алу	1. Деректермен жұмыс істеу; 2. Зерттеу дағдылары; 3. Сауаттылық.

Пән	Қазақ тілі (3-тоқсан)
Бөлім (тілдік дағдылыр) Бөлімше (түйінді дағдылар)	Жазылым Тілдік нормалардың қолданысы 3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу 4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау
Оқыту мақсаты	3.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу 3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу
Ойлау дағдысы (Б.Блум таксономиясымен сәйкестігі)	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Бағалау критерийлері (БК)	Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазады Сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есімді) табады
Дағдыны болашақ іс-әрекетте қолдану	Оқылған мәтін бойынша мазмұндама жазады
Сабақ кезеңі	Алынған білім мен дағдыларды дамыту
1-тапсырма. Тыңдаған материал бойынша жоспар құрып, мазмұндама жаз.	

<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтінді тыңдайды - жоспар құрайды - мазмұндама жазады <p>2-тапсырма. Сөйлемнен (зат есім, сын есімді) тауып жаз</p> <p>Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген пәндер әскери сабақтарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабақ берген.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сөйлемді оқиды; - зат есімдерді тауып жазады; - сын есімді тауып жазады. 	
Пәндік сауаттылық	Оқу сауаттылығы
<p>Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылар қандай пәндік білімді көрсетуі керек?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өз бетімен оқиды 2. Өз бетімен жазады 3. Ойланады 	<p>Бұл тапсырма оқу сауаттылығын дамытуға қалай көмектеседі?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінді түсініп оқиды 2. Ойын жүйелей алады

2-кесте. Қазақ тілі пәні бойынша бастауышта білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау

«Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Жалпы критериалды бағалау жүйесінің мазмұны: бағалау стандарттары, бағалау құралдары, бағалау үдерісі, нәтижесінен тұрады.

Бағалау стандарттарына мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, онда білім беру аясында білім алушылардың дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптар көрсетіледі. Сонымен қатар оқу жоспары, пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, оған оқу мақсаттары, бөлімдер, ортақ тақырыптар кіреді.

Ал бағалау құралдарына: бағалау критерийлері (білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі); ойлау дағдыларының деңгейлері: білу, түсіну, қолдану, жоғары деңгей дағдылары (талдау, жинақтау, бағалау); сөйлеу әрекетінің түрлері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым; түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

Бағалау үдерісі: қалыптастырушы және жиынтық бағалау (критерийлерге негізделген).

Нәтижесі: кері байланыс (күнделікті тәжірибе); балдар (әр бөлім және тоқсанды аяқтау бойынша); оқу жетістігі деңгейлері (әр бөлім және тоқсанды аяқтау бойынша); бағалау (әр тоқсан мен оқу жылын аяқтау бойынша).

Қалыптастырушы бағалау:

- білім алушыларды ынталандыру;
- мұғалімнің қажеттілігін анықтау;
- өзін-өзі бағалау, өзара бағалау;
- тиімді кері байланыс беру;
- оқу мақсаттарын бағалау;
- ілгерілеуді өлшеу.

Педагог қалыптастырушы бағалауды біріншіден, сабақ үстінде қолданады. Екіншіден, тақырыпты меңгеру кезіндегі білімі мен дағдысын өлшейді. Үшіншіден, оқуды түзету үшін кері байланысты қажет етеді.

Кері байланыс қалай жүзеге асады?

Кері байланыс береді	Қабылдайды	Күтілетін нәтиже
Мұғалім	Білім алушы	Оқудағы жетістіктерін, кемшіліктерін түсіну және ілгерілеуі үшін нақты ұсыныс беретін ақпарат.
Білім алушы	Білім алушы	Сыныптастарымен қарым-қатынас жасау арқылы өз жетістіктері мен кемшіліктерін түсінуге мүмкіндік беретін ақпарат.
Білім алушы	Мұғалім	Білім алушының білім алудағы кемшіліктері мен қажеттіліктерін анықтауға, мұғалімнің іс-әрекетіне өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін ақпарат.
Мұғалім	Мұғалім	Мұғалімнің кәсіби дағдысын жетілдіруге және оқытуды түзетуге мүмкіндік беретін әріптестің тарапынан берілетін ақпарат.

3-кесте. Кері байланыс

7-сынып «Қазақ тілі» пәнінен сабақ барысында қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру жолдарын қарастырайық:

III бөлім. Денсаулық – зор байлық. (7 -сынып)

Иммунитет

Оқу мақсаттарын «Тыңдалым және айтылым, «Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімі» дағдыларын басшылыққа ала отырып, екі мақсатты аламыз.

Олар:

7.1.3.1. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.

7.4.3.1 фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану

Оқу мақсатынан сабақ мақсатын шығарамыз.

Барлық оқушы орындайды:

Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, ақпараттағы факті мен көзқарасты ажырата біліп, фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады .

Оқушылардың көпшілігі орындайды:

Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі ақпаратты анықтай алады, тақырып бойынша факті мен көзқарасты ажыратады;

Оқушылардың кейбірі орындайды.:

Мәтін мазмұнында көтерілген мәселені өмірмен байланыстыра отырып, сөйлем ішінде фразеологизм мен мақал-мәтелдер сөздерді қолданады.

Тақырыпты меңгеруде оқу мақсаттарына сай тапсырмаларды орындау үшін бағалау критерийлері құрастырылады.

Бағалау критерийлері

- Берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, есте сақтайды;
- Мәтіндегі негізгі ақпарат пен көзқарасты табады;
- Тақырып бойынша факті мен көзқарасты ажыратады;
- Фразеологизм, мақал-мәтелдердің көркемдік ерекшеліктерін біледі;
- Сөйлемде тиімді қолданады.

Топтық жұмыс

Тыңдалым алды тапсырма: «Ой қозғау» тәсілі

(Мұғалім жетекшілігімен жүретін жұмыс)

1. Иммуниетет деген сөзді қалай түсінесіздер?
2. Ауырған кезде қалай емделу керек?
3. Денсаулықты қалай күту керек?
4. Денсаулық мықты болу үшін не істеу керек деп ойлайсындар?

Тыңдалым тапсырмасы:

«Иммуниететті көтеретін тағамдар» атты бейнежазбаны тыңдайды.

Дескриптор:

- Бейнежазбаны тыңдау арқылы сабақ мазмұнын түсінеді.
- Негізгі ақпараттармен танысады.

Қалыптастырушы бағалау. «Мақтау сөздер»

(Жарайсындар, керемет, өте тамаша ұйып тыңдадыңыздар!)

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:

Жеке жұмыс.

(Мұғалім жетекшілігімен жүретін жұмыс)

«Сұрақтар құрастыр» тәсілі бойынша тыңдалған аудио мәтіннің мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастыру керек. Келтірілген сұраққа сөйлем ішінде фразеологизм мен мақал-мәтел сөздерді қолдану арқылы жауап беру керек.

Дескриптор:

- Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастыру керек.
- Ашық сұрақ құрастыруға болады.
- Мәтіннен тысқары сұрақ құрастыруға да болады.
- Келтірілген сұраққа өзі жауап беру керек.
- Сөйлем ішінде фразеологизм мен мақал-мәтел сөздерді қолдану керек.

Тыңдалым тапсырмасы:

«Иммуниететті көтеру жолдары» атты бейнежазбаны тыңдайды.

Дескриптор:

- Мәтін мазмұнын есте сақтайды.
- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.

Жұптық жұмыс. «Факт па, көзқарас па» әдісі. Берілген ақпараттардың факт немесе көзқарас екенін анықтап, белгілеңіз.

Дескриптор:

- Кестедегі ақпаратты мұқият оқиды.
- Берілген ақпаратты ажырата алады.
- Факт пен көзқарас екенін белгілейді

	Ақпарат	Факт	Көзқарас
	Әлемде аурудың түрлері аз және олардың қатары жыл сайын кеміп отырады.		+
	Дәрігерлердің айтуынша, адам иммунитетін көтерудің ең тиімді тәсілі – салауатты өмір салтын ұстану.	+	
	Салқын сумен жуыну. иммунитетті көтерудің бір түрі, алғаш қолдануды ақырындап бастаған жөн. Алдымен аяқтарыңыздан бастап салқын су құйыныңыз, сосын белден төмен қарай, сосын иықтан төмен қарай, ең соңында төбеден бастап төмен қарай салқын сумен құйыныңыз. Алғашында 1-2 рет жуынып, уақыт өте көбейтіңіз.	+	
	Тамақтану арқылы да иммунитетті нығайтуға болады. Бірақ иммунитетті көтерем деп жүріп, семіздікке бой алдыру да мүмкін		+
	Иммундық жүйені нығайтуда А, В5, С, D, F, РР дәрумендерінің маңызы зор. Жалпы барлық өсетін тағамдар мәселен құрамы бета-каротинге бай сәбіз, қызыл бұрыш, қауын, қызанақ, асқабақ сынды көкөністер ағазаға аса қажет.	+	
	Спортпен шұғылдану. Фитнеске, биге қатысу иммунитетті көтерумен бірге тәніңіздің сұлулығын сақтауға және сұлулана түсуіне көп ықпалын тигізеді.	+	
	Көктем мезгілі шуағымен, жылылығымен қуантады. Алайда бұл кезде ағза әлсіреп, қалжырайды. Тамаққа тәбет тартпай, ұйқы қанбай, адамның бойын мазасыздық билейді. Ештемеге зауқы соқпай, белсенділігі төмендейді. Бұл ешқандай аурудың белгісі емес, иммунитеттің төмендеуінен дерек береді.		+

4-кесте. Берілген ақпаратты ажырату

Топтық жұмыс. «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы тыңдалған ақпарат бойынша ой-пікірлерін айтады.

1. Пікір (мәтін бойынша туындаған өзіндік пікірлерін бір сөйлеммен жазады) - менің ойымша...
2. Дәлел (пікірлерін дәлелдейді) - себебі...
3. Мысал (өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді) - мысалы ...
4. Қорытынды (қорытынды шешім шығарады) - сол себепті, сондықтан ...

Дескриптор:

- Мәтін бойынша өз пікірлерін білдіреді.
- Келтірілген өзіндік пікірді дәлелдейді.
- Мәтінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіреді.
- Мәтінді жинақтап, қорытындылайды.

Білім алушылардың жоғарыдағы тапсырмаларды орындай отырып, оқу мақсатына, сабақ сабақ мақсатына жеткендіктерін анықтау үшін жұмыс

жасалады. Мысалы: Тапсырманы орындау кезінде сәтті шыққан 1 тұсын, сәтсіз шыққан 1 тұсын айту.

Сабақты бекіту. Кері байланыс

Дескриптор:

- «Түймедақ гүлі» стикеріне кері байланыстарын жазып, тілек беті парақшасына іліп кетеді.

Сабақты қорытындылауда білім алушылар мынадай ой түге тиіс.

1.Әрбір адам иммунитетті көтеретін тағамдарды жеу керек!»

2.Иммунитетті көтерудің жолдарын білу міндетті!

Саралау

Оқушыларға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?

Мейлінше қолдауды қажет ететін оқушылар: мәтіннен алған үзіндіні түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі, фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады

Қабілетті оқушыларға тапсырмаларды қалайша күрделендіресіз?

Қабілетті оқушылар: Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі ақпаратты анықтай алады, тақырып бойынша факті мен көзқарасты ажыратады; Мәтін мазмұнында көтерілген мәселені өмірмен байланыстыра отырып, сөйлем ішінде фразеологизм мен мақал-мәтелдерді қолданады.

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыра отырып, білім алушының білімін қалай тексеруді жоспарлайсыз?

1. Қалыптастырушы бағалау. «Смайликтер» тәсілі

2. Қалыптастырушы бағалау. «Мақтау сөздер» тәсілі

(Жарайсыңдар, керемет, тамаша, жақсы)

3. Қалыптастырушы бағалау.«Бес бармақ» тәсілі (Өзін-өзі бағалау)

4. Қалыптастырушы бағалау. Өзара бағалау: «Бір +, бір -» тәсілі

Қорытынды:

Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)

1. Тапсырмаларды орындауда алынған әдіс-тәсілдер білім алушылардың қызығушылығын, іздену ынтасын арттыруда тиімді болды.

2. Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)

1.

2.

Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?

1.

2.

Педагог келесі сабағында ескеру үшін осы сұрақтарға жауап дайындауы қажет.

Қорыта келгенде, формативті бағалау:

- сабақ үстінде қолданылады;

- тақырыпты меңгеру кезіндегі білімі мен дағдысын өлшейді;
- оқуды түзету үшін кері байланысты қажет етеді
- бағаға әсер етпейді (нәтижесі бағаға нақты әсер етпесе де, мұғалім қалыптастырушы бағалаудың сапасы білім алушылардың жиынтық бағалауды дұрыс орындауына септігін тигізетіндігін ескеруі керек).

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Оқу мақсаты: 5.2.2.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлігін ажырату

Ойлау дағдыларының деңгейі: білу, қолдану

Бағалау критерийі: Білім алушы

- әдеби шығарма сюжетін біледі;
- шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін ажыратады.

Тапсырма. Шығарма үзінділерін сюжетімен сәйкестендіріңіз.

Шығармадан үзінді	Шығарма кезеңдері
Мына жақта Үргеніш, Қоқаннан, мына жақта қалмақтан шетірек және жаманшылық болса, қалың Қыпшақ деген руға жақынырақ екен деп, сол жерді ұнатып қайтқан соң, қысты өткізіп, жаздың жылы уақытында кедейлерді жалаңаш-жалпы көшіріп, Қабырға бойына алып келді.	Шығарманың басталуы
Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, товарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты жұрттан асқан бай болыпты.	Байланысуы
Сейітқұл жұртын жиып кеңесіп, судың бір қолайлы жеріне шымнан биік қорған салдырды, малдарына реттеп бақташы, қару-жарақты қарауыл шыңдауыл жүргізді.	Дамуы
Сейітқұл қолына кетпен алып, отыз үйлі кедейіне де кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті.	Шарықтау шегі
Қыпшақ Сейітқұл отыз үйлі тобырымен, жұрттың тегіс аттаныс барымтасы бар уақытта, бұл отыз үй кедейді қалайынша етсем байытып, халық қатарына қосамын деп ойға қалды.	Эпилог
Сейітқұл, құрметті Тілеу Сейдалин сұлтанның айтуы бойынша, 1830-шы жылдарда өтіпті-міс. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен халық Қабырға суының бойында әлі көп. Жарлы болып, бөтен кәсібі жоқ кісілер Торғай жағында дереу егінге айналады, ерінбей азаптанса, бірнеше жылда түзеліп, халық қатарына қосылады.	Шешімі

5-кесте. Шығарма үзінділерін сюжетімен сәйкестендіру

Дескриптор:

- шығарманың композициясын біледі;
- шығарма үзінділерін кезеңімен сәйкестендіреді.

Оқу мақсаты: 5.3.1.1 әдеби шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи/ұлттық құндылығын бағалау.

Тапсырма. «Бауыр» шығармасынан құндылықтарға қатысты эпизодтарды анықтаңыз. Шығармадағы ұлттық құндылықтарға баға беріңіз.

Құндылықтар	Эпизод	Менің бағам
Отбасы		
Мейірім		
Амандасу		
Ана тілі		

Дескриптор:

- құндылықтарға қатысты эпизодтарды анықтайды;
- ұлттық құндылықтарға баға береді.

Оқу мақсаты: 5.2.3.1 әдеби шығармадағы образды портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу **Ойлау дағдыларының деңгейі:** талдау, қолдану

Бағалау критерийі: Білім алушы

- әдеби шығармадағы образдың портреті мен іс-әрекетін талдайды;
- әдеби шығармадағы образды портреті мен іс-әрекеті арқылы ашады.

Тапсырма. Есмағамбет образына «9 ромб» әдісімен талдау жасаңыз.

**Дескриптор:**

- кейіпкердің...-ін талдайды;
- шығармадағы образды іс-әрекеті арқылы ашады.

Оқу мақсаты: 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;

Ойлау дағдыларының деңгейі: жинақтау, бағалау**Бағалау критерийі:** Білім алушы

- эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтайды.

Тапсырма. Шығарма мазмұнын пайдаланып Доспамбет жыраудың ой-арманын жазыңыздар. Жырауға мінездеме беріңіздер.

**Дескриптор:**

- жыраудың ой-арманын жазады;
- жырауға мінездеме береді.

Оқу мақсаты: 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау;

Ойлау дағдыларының деңгейі: талдау, қолдану

Бағалау критерийі:

- шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтайды;

Тапсырма. Абай Құнанбайұлы. «Жетінші қарасөзінен» алынған үзіндіден асты сызылған көркемдегіш құралдардың түрін ажыратып, анықтамасын жазыңыздар.

Үзінді	Көркемдегіш құрал түрі
Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның <u>тамағы</u> еді.	
Тәннен жан артық еді, <u>тәнді жанға бас ұрғызса</u> керек еді.	
Жоқ, біз олай қылмадық, <u>ұзақтай</u> шулап, <u>қарғадай</u> барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық.	

Дескриптор:

- көркемдегіш құрал түрін анықтайды;
- көркемдегіш құралдың анықтамасын жазады.

Оқу мақсаты: 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу

Ойлау дағдыларының деңгейі: талдау, бағалау

Бағалау критерийі:

-әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазады.

Тапсырма. «Ана тілін ардақтаған авар ұлы» тақырыбында көркемдегіш құралдарды пайдаланып, ақынды сипаттап жазыңыздар. Сөз саны-120-150.

Дескриптор:

- көркемдегіш құралдарды орынды пайдаланады;

- ақынды сипаттайды.

Оқу мақсаты: 6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру

Ойлау дағдыларының деңгейі: жинақтау, бағалау

Бағалау критерийі:

- шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстырады;
- шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.

1. «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасындағы кейіпкерлерді өзара салыстырыңыздар.

Кейіпкерлер	Мінезі	Әрекеті	Ерекшелігі
Ораш			
Тортай			

2-тапсырма.

Кейіпкерлерді салыстыра отырып шығарманың көркемдік құндылығын ПОПС арқылы бағалаңыз.

«Менің ойымша,...»

«Себебі, ...»

«Дәлел ...»

«Қорытынды...»

Дескриптор:

- кейіпкерлерді өзара салыстырады;
- шығарманың көркемдік құндылығына баға береді.

8-сынып

Бөлім: «Дананың сөзі – ақылдың көзі»

Тақырып: Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп»

Оқу мақсаты:	8.1.2 Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.
Бағалау критерийі:	идеясы мен пафосты ұлттық мүдде тұрғысынан ашып жазады

Тапсырма. Берілген үзіндінің мағынасын түсіндіріңіз. Сұраққа жауап беріп, жыраудың сөз қолданыстарын қолданып, толғауда суреттелген аттың бейнесін сипаттап жазыңыз.

Проблемалық сұрақ

Ақтамберді жырау атты неге ерекше пафоспен жырлаған?

Көшпенділер өмірінде тұлпардың алатын орны қандай?

Дескриптор *Білім алушы*

- үзіндінің мағынасын ашады;
- проблемалық сұраққа жауап береді;
- ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндіреді;
- аттың бейнесін сипаттайды;
- бейнелі сөз, сөз тіркестерін қолданады.

2. Толғаудың идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан ашыңыз.

Жыраудың арман-мақсатын танытатын үзінділер	Толғауда көрініс тапқан ұлттық мүдде
<p>Өзенге бие байлатып, Төскейге орда орнатып, Төрткілдеп ошақ қаздырып, Төбел бие сойғызып, Төменде бидің кеңесін Біз де бір құрар ма екеміз?!</p>	
<p>Майданда дабыл қақтырып, Ерлердің жолын аштырып, Атасы басқа қалмақты Жұртынан шауып бостырып, Түйедегі наршасын, Әлпештеген ханшасын Ат артына мінгізіп, Тегін бір олжа қылар ма екеміз?!</p>	

Дескриптор Білім алушы

- идеясын ашады;
- негізгі идеяны ұлттық мүддемен байланыстырады;
- ұлттық мүдде көрінісін сипаттайды;
- мысалмен дәлелдейді;
- қорытынды шығарады.

Сипаттамасы: Бірінші тапсырманы орындау арқылы оқушылар үзіндімен жұмыс істейді. Тапсырма орныдауда берілген критерийлерді негізгі бағыт-бағдар ретінде алып, ер қанаты – аттың халық өмірінде алатын орнын түсіндіреді. Толғауда суреттелген аттың бейнесін ашады.

Екінші тапсырманы орындай отырып, толғаудың идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан байланыстырады. Толғауда берілген жыраудың мақсаты – ел тәуелсіздігі, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман, елін, жерін шауып кеткен қалмақтардан кегін қайтарып, елін азат ету. Жүйрік ат мініп, қоныс қарап, бақытты, дәулетті тұрмысты аңсайды. Осы мақсатты ұлттық мүддемен өзектестіреді. Толғаудағы ұлттық мүддені мысалдармен дәлелдейді. Нәтижесінде, оқушылар толғаудың ұлттық құндылығын бағалауға талпынып, өзіндік қорытынды шығарады.

Тақырып: Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»

Оқу мақсаты:	8.А/И 3. Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;
Бағалау критерийі:	- толғаудың көркемдік ерекшелігін саралайды; - көріктеу құралдарының қолданысын, автор стилін анықтайды.

Тапсырма:

Толғаудан көріктеу құралдарын тауып, қолданылу мақсатын анықтаңыз.

Көріктеу құралдары	Шығармадан үзінді	Қолданылу мақсаты
эпитет		
тенеу		

метафора		
метонемия		
асонанс		
аллитерация		
Психологиялық параллелизм		

Дескриптор *Білім алушы*

- көркемдегіш құралдың түріне дәлелдер келтіреді;
- қолданылу мақсатын түсіндіреді;
- ойын білдіреді;
- себебін түсіндіреді;
- мысалдармен дәлелдейді;
- қорытынды шығарады.

Сипаттамасы: Оқушылар тапсырманы орындай отырып, толғаудың көркемдік ерекшелігін саралайды. Көріктеу құралдарын тауып, түрлерін ажыратады. Толғаудың көркемдігін танытудағы қызметін анықтайды. Шешендік оралымға құрылған жолдардың мағынасын ашады, өзіндік қорытынды жасайды.

9-сынып. Бөлім: «Атадан қалған асыл сөз»

Тақырып: «Біржан-Сара» айтысы

Оқу мақсаты:	9.А/И 3 Шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9. Т/Ж 4 Көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану.
Бағалау критерийі:	- айтыскер ақындардың бейнесін суреттеудегі құбылту мен айшықтау түрлерін талдай отырып, өзіндік қорытынды жасайды; - шығармашылық жұмыста үзінділерді жүйелі қолданады.

Тапсырма.

1) Айтыстағы ақындардың бейнесін ашатын өлең жолдарын теріп алып, талдау жасаңыз.

А)

Біржан сал бейнесі	Айтыстан үзінді	Құбылту мен айшықтау түрлері	Бейнелілік мінездеу
Біржанның өзіне берген бағасы			
Біржан Сара көзімен			

Б)

Сара бейнесі	Айтыстан үзінді	Құбылту мен айшықтау түрлері	Бейнелілік мінездеу
Сараның өзіне берген бағасы			
Сара Біржан көзімен			

Дескриптор *Білім алушы*

- айтыстан ақын бейнесін тауып жазады;
- құбылту мен айшықтау түріне ажыратады;
- ақын бейнесін талдайды:

- мағынасын анықтайды;
- тіл шеберлігіне ойын білдіреді;
- ақын стиліне қорытынды шығарады.

2) Берілген үзінділерден айтыста көтерілген әлеуметтік мәселені анықтаңыз.

Үзінді	Көтерілген әлеуметтік мәселе
Бесінен қалмай жетсін жаны болса, Бөгелмей жете көрсін әлі болса Елден қайыр сұраған кедей Біржан Алмай ма мендей қызды малы болса?	
Найманда ұлы дария саяткері Балық боп ілінгенмін қармағына.	

Дескриптор *Білім алушы*

- көтерілген әлеуметтік мәселені анықтайды;
- өз көзқарасын, пікірін білдіреді.

3) Айтыста көтерілген әлеуметтік тақырып бүгінгі заманда қандай деңгейде? Шығармадан үзінділерді қолдана отырып, шығармашылық жұмыс /эссе, мақала/ жазыңыз/140-165 сөз/.

Дескриптор *Білім алушы*

- әлеуметтік мәселені бүгінгі заманмен салыстырады;
- өз көзқарасын дәлелдейді;
- өзіндік қорытынды шығарады;
- құрылымын сақтайды/эссе, мақала/.

Сипаттамасы: Тапсырмалар көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау мақсатына құрылған. «Ер бақыты – әйел» шешендік сөзіндегі кейіпкерлер жүйесін талдай отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетінен қорытынды шығарады. «Мақал-мәтелмен түйіндейді» дегенде кейіпкерге/іс-әрекеті, сөзі/ сай келетін мақал-мәтелді жазып, оны неге жазғанын дәлелдеуге де болады. Екінші тапсырмада жағдаяттан проблемалық сұрақ арқылы шешендік сөзде көтерілген тақырыпты анықтап, идеясын ашады. Мысалмен дәлелдейді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Әдістемелік ұсынымдар мұғалімдерге «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Әдістемелік ұсынымдар «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың бағалау критерийлерін білуі мен түсінуі:

- критерийлерді құрастыру бағалауды барлық оқушылар үшін ашық қылып, түсінікті жасайды;

- критерийлерді бірлесе құрастыру бағалауға деген *позитивті көзқарасты* қалыптастырады;
- критерийлер негізінде бағалау білігі адамның өмір бойғы дағдысына айналады;
- критерийлерді бірлесе құрастыру бағалауға деген *позитивті көзқарасты* қалыптастырады.

Критерийлер негізінде бағалау білігі адамның өмір бойы дағдысына айналады

Қалыптастырушы бағалаудың шарттары:

1. Оқушылардың оқу мақсаттарын біліп, түсінуі керек.
2. Оқушылармен тиімді кері байланыс орнату қажет.
3. Оқушылардың үйрену үдерісіне белсенді түрде қатысуы шарт.
4. Оқушылардың бағалау критерийлерін біліп, түсінуі қажет.
5. Оқушыларда өз жұмыстарын талдау (рефлексия) мүмкіндігі мен білігі болуы керек.
6. Бағалаудың нәтижелерін ескере отырып, оқытуға өзгерістер енгізіп, оны жақсартып отыру қажет.

1-бөлім «Отбасы құндылықтары»

1-нұсқа

Оқу мақсаты: 7.1.1.1 тыңдалым барысында стандартты сөйлеу жағдаяттарының негізгі бөліктерін түсіну және таныс сұрақтар арқылы мазмұнын болжау

Бағалау критерийі

Білім алушы:

- Сөйлеу жағдаяттарының негізгі бөліктерін түсіну
- Таныс сұрақтар арқылы мазмұнын болжайды

1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Төмендегі сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беріңіз.

Өмір таңы балалық қой. Оны еске алсам, өскен жерім ойыма түседі. Боз дала, құм дала. Оларды қақ айыра аққан иір өзен.

Міне, менің өскен жерім. Бұл - Жоңғар Алатуынан аққан, Балхашқа құятын Ақсу өзенінің бойы. Ескі атақпен 4-ауыл, Ақсу болысы, Талдықорған уезі, Жетісу губерниясы. Ел жөнінен: Орта жүз найман, матай, аталық, қайнар деген рудан. Әкем – 9 ата.

Жансүгір ... әкем. Көзі тірі. Жылы жылан. Биыл 71-де. Жарым көшпелі, жұқана шаруа. Қолында бір шаруа баласы бар. Өмір жүзіндегі сүйгені сол. Ескі пікірлі адам.

Менің жылымды «жылқы» дейді. Онысы 1894 жыл болады. Жазға салым туыпшын. Анамды аз білем, 4 жасымда жетім қалдым.

(I.Жансүгіров «Қысқаша өмірбаяным»)

Сұрақтар

1. Мәтінде не туралы айтылады?
2. I.Жансүгіровтың ата-анасы туралы айтқан ойын өз сөзіңізбен

қорытындылаңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің мазмұнын анықтайды;
- сұрақтарға толық жауап береді;
- автордың ойын қорытындылайды.

2-тапсырма. Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз. Мәліметтерді топтастырыңыз.

1. Өмірдің таңы (не?)қой.
2. Оның өскен жері(қайда?)
3.(қашан?) туыппын.
4. Менің жылым(қай жыл?) дейді.

Дескриптор *Білім алушы*

- білім алушы сұраққа жауап береді;
- мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;
- мәліметтерді топтастырады.

2-нұсқа

Оқу мақсаты: 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, тақырыптың өзектілігін анықтау

Бағалау критерийі

Білім алушы:

- тыңдалым мәтінінің мазмұнын түсінеді;
- тақырыптың өзектілігін анықтайды.

1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыз, ақпараттарды сәйкестендіріңіз.

Қазақта «Ұяда не көрсең ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады. Ұлт болашағында отбасы ең басты тұғырды иеленеді.

Отбасылық құндылықтарының мәуелі бәйтерегі ол ана. Ана өз ұрпағына дұрыс жолды меңзеп, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге, рухани бай болуымызға, халық үшін жанымызды пида етуге септігін тигізеді. Ананы әр үйдің шам-шырағы, жанған бағы, құндылықтардың негізін салушы деуге болады. Анадан алынған тәлім-тәрбие өмір бойына созылады, оның бітіп қалатын тарифі жоқ. Жанұядағы ана орны ерекше болып қалмақ: “Ол алғашқы күннен бастап, басты борышын, яғни тәрбие жұмысын атқарады”. Бойларымызға жақсылықты дарытқан, мардымды істер жасауға дағдыландырған барша аналарға мың алғыс!

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/blogs/25953/>

1-тапсырма: Мәтінді тыңдап, ақпараттарды сәйкестендір.

1. Отбасы	А) сізді өмірге әкелген адамның беретін құндылығы
2. Отан	В) отбасы құндылықтарының мәуелі бәйтерегі
3. Ана	С) отбасынан басталады

4. Алғыс	4) ең басты тұғырды иеленеді
5. Тәрбие	5) бойымызға тәрбиедарытқан жандарға

Дескриптор *Білім алушы:*

- мәтіннің мазмұнын анықтайды;
- ақпараттарды сәйкестендіреді;

2-тапсырма. Берілген ақпаратты оқып, дұрыс жауапты белгіле.

Мәтін мазмұны бойынша өз ойыңмен бөліс.

<i>Ақпарат</i>	<i>дұрыс/бұрыс</i>
Мәтінде отбасы құндылығы туралы айтылады	
Бақытты отбасы болу үшін әкенің рөлі басым	
Ана – отбасының құндылығы	
Отбасы тәлім-тәрбиенің бастауы	

Дескриптор *Білім алушы:*

- мәтінге қатысты дұрыс ақпаратты анықтайды;
- мәтіннің өзектілігін анықтайды;
- тақырыптың өзектілігіне қатысты пікірін білдіреді.

1-нұсқа

2-бөлім «Жеті жұрттың тілін біл»

Оқу мақсаты: 7.3.5.1 бірнеше қысқа мәтіндерден қажетті ақпаратты табу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- тақырыптарға қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, мына кестедегі сөздермен толықтырыңыз.

ғалым (а), қазақ тілі (ә), тілдердің (б), үйренумен (в), анықтау (г), сөйлеушілер (ғ), қалыптастырған (д), деректерде (е).

Әлемдегі барлық тілдің жалпы санын мүмкін емес, сол себепті тілдердің жалпы саны жөнінде мәліметтер әртүрлі болып кездеседі. (1) Біртілдердің саны 10 000-ға жақындығы туралы айтса, бірі – 7000, ал тағы біреулер – 6500 тіл бар деп айтады. (2) Ал әлемде саны 100 000-нан асатын небәрі 100-ге тарта тіл ғана бар екен.(3) Ал сөйлеушілер саны 10 000 000-нан асатын саны 40.(4) Қуанышқа орай, дәл осы 40 тілдің құрамына де енеді екен, ал бұның алдында қазақ тілі 71 ірі тілдің қатарына енген болатын.(5)

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, әлемге әйгілі ғұлама, шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби жетпіске жуық тіл білген.(6) Тіл білуінің арқасында рухани ілім-білім.....(7) Демек, ғылым мен білімнің дамуы да тілді тікелей байланысты.(8)

Жауап парағы

1	
2	
3	
4	
5	
6	
7	

8	
---	--

Дескриптор *Білім алушы*

- сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді;
- мәтіннен қажетті ақпаратты табады.

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты анықтау үшін төмендегі кестеге сүйеніп, тапсырмаларды орындаңыз.

(А) деңгейі -Мәтін мазмұны бойынша білу/түсінуге арналған 2 сұрақ құрастырыңыз	(В) деңгейі -Мәтін бойынша «Неліктен?, Сіз қалай ойлайсыз?» - деп басталатын 2 сұрақ құрастырыңыз.
(С) деңгейі -Мәтінге атау беріңіз -Мәтін бойынша бағалау сұрақтарын құрастырыңыз (жақсы ма әлде жаман ба?, пайдалы ма әлде зиянды ма?)	(D) деңгейі -Мәтіннен негізгі мәселелерді анықтаңыз -Өмірмен байланыстыра отырып мәтін бойынша 2 сұрақ құрастырыңыз

Дескриптор *Білім алушы:*

- сұраққа жауап береді;
- қажетті ақпаратты анықтайды;

2-нұсқа

Оқу мақсаты: 7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау

Бағалау критерийі *Білім алушы:*

- мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын анықтайды;
- мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырады.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз, төмендегі кесте бойынша мәтіндерге талдау жүргізіңіз.

А мәтіні.

Ұлыбританияда тұратын Соня Янг есімді 10 жасар қыз қазақ тілін меңгерген.

Жақында Соня өз еліндегі жас лингвистер байқауында жеңімпаз атанды. Соня он тілде, соның ішінде біздің ана тілімізде еркін сөйлейді. Соняның отбасы Англияға Тайвань аралынан қоныс аударыпты. Тайваньда тұрған кезінде Соня қытай, ағылшын және жапон тілдерінде сөйлеген екен. Кейін неміс, француз, испан, португал тілдерін үйренген. Ал былтырдан бері қазақ және ганда тілдерін үйрене бастапты. «Тіл үйрену маған қызық. Түк қиындығы жоқ. Ынта-ықыласың болса, кез келген тілді меңгеруге болады,» - дейді полиглот қыз. Мүмкін, қазақша білетін Соня Қазақстанға саяхаттап келуді армандап жүрген шығар? Келсе, келсін. Қуана қарсы алармыз. Тек... «Қазақша білмейтін қазақтарды көргенде, қайтер екен?» деп ойлайсың.

Ә мәтіні.

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте!

(Қадыр Мырза Әлі)

Мәтіндердің тақырыбы
Идеясы
Мақсатты аудиториясы

Дескриптор *Білім алушы*

- екі мәтінді оқып, салыстырады;
- мәтіндердің идеясын, аудиториясын анықтайды.

2-тапсырма. «ПОПС» формуласын пайдалану арқылы төмендегі тұжырымдарға пікір білдіреді.

1. Ынта-ықыласың болса кез келген тілді меңгере аласыз.
2. Қадыр ақынның өлеңін кім жатқа білу керек?

Дескриптор *Білім алушы*

- тұжырымдарға «ПОПС» формуласын пайдаланып жауап береді;
- мәселеге қатысты көзқарасын білдіреді.

II-ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР 1-бөлім «Қазақстан – бақыт мекені»

Оқу мақсаты: 7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау

Бағалау критерийі *Білім алушы:*

мәтіндердің идеясын түсінеді тақырыбы мен идеясына талдайды

1-нұсқа

1-тапсырма. Берілген үзінділерді мұқият оқыңыз. Екі мәтінді салыстырып, талдау жасаңыз.

А мәтіні: «Шекараға дейін енді не бәрі қозы көш жер қалды, – деді ол қарсы алдында жатқан аласа адырларға көз жіберіп. – Көз барда, мына Күргейтастан өтіп, сызықтың бойына жақындап алайын. Сонан соң, құдай бұйырса, бүгін сәрсенбінің сәтіне, қараңғы түсе арғы бетке өте шығармын».

Бұл ойды ол тақ бір көрші ауылға қыдырып бара жатқандай жеп-жеңіл ойлап өтті. Бәрі де заңды, осылай болуға тиісті тәрізді. Қарт кесімі айнитын емес.

Иә, шынында да ойланып-толғанып жататын не бар? Бұл сапарға ол бақандай қырық жыл бойы дайындалмады ма? Мұның өзі – дөңбекшіп өткізген талай ұйқысыз түндердің, санамен сарғайып, сарқыла толғанған бүкіл өмірінің айнымас қорытындысы емес пе? Көп жыл бойы қозданып, іштей тұтанып келген өрттің алаулап жанған бір шағы, жанар таудың лақ етіп бір атылғаны. Қарт сезімі бұрауы жеткен домбырадай тырсылдап, шертіп тұр. Қол тигізсең болды, үзіледі.

Ол орнынан тұрып, тағы да ілгері жылжыды. Денесі суығандікі ме, өне бойы ағаштай сіресіп қалыпты. Сегізкөзі, жұлын тұтасы, қара саны қозғалтпай, қан қақсап ауырып кетті. Екі табаны удай ашып, жер бастырмай тұр. Тұла бойы зіл батпан боп, қылжиып жата кетуді ғана тілегендей.

(Қ.Жұмаділов «Қаздар қайтып барады»)

Ә мәтіні: Қазақстан әлемдік бақытты мемлекеттер тізімінде 40-орынға тұрақтады. Осылайша еліміз 5 сатыға жоғарылап, ТМД елдерінің барлығын басып озды, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі World Happiness Report сайтына сілтеме жасап.

Рейтинг 2019-2021 жылдар аралығында жүргізілген сауалнама нәтижесін көрсетеді. Сауалнамаға әлем бойынша 9 миллион адам қатысқан.

Бесінші жыл қатарынан Финляндия ең бақытты мемлекет атанды. Алғашқы ондыққа Дания, Исландия, Швейцария, Нидерланды, Люксембург, Швеция, Норвегия, Израиль мен Жаңа Зеландия енді.

АҚШ 16-орынға тұрақтаса, 17-орында Ұлыбритания, Біріккен Араб Әмірлігі мен Сауд Арабиясы 24 және 25-орындарды иеленді.

Қазақстан тізімде 5 сатыға көтеріліп, 40-орынға тұрақтады. Осылайша еліміз ТМД елдерінің барлығын басып озды. Өзбекстан 53-орынға, Молдова Республикасы 62-орынға, Қырғызстан 64-орынға, Беларусь 65-орынға, Ресей 80-орынға, Армения 82-орын, Тәжікстан 83 және Әзірбайжан 92-орынға тұрақтады.

Мәтіндердің тақырыбы
Идеясы
Мақсатты аудиториясы

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, кестені толтырыңыз.

Кезеңге шыға келгенде, өкпе тұсында тұрған ала балағанды анық көрді ол. Дәл сызықтың үстіне келдім-ау деген кезде, өз еркінен тыс бір минуттай тұрып қалды. Бейне жалғыз қылдың үстінде тұрғандай, көзі қарауытып, құлағы шыңылдап кетті... Жан дәрмен есін жинап алып, сайға қарай бүкендей жөнелді.

Ол сызықтан өте салысымен бүкендеп жүгіріп отырып, екі-үш шақырымдай ұзап кетті. Тобылғылы құр сайға жеткенде, «уһ» деп демін бір-ақ алды. Тұла бойын тер басып кеткен екен, дереу омырауын ағытып, терістіктен аңқылдай соққан самалға тосты. Әлдекімге мұнын шаққандай, еңкілдеп жылап жіберді. Сақалынан пара-пара жас ақты. Жер-ананы құшақтап сүйе берді. Біресе жылап, біресе күледі. «Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау» деп тұншыға күбірлейді. Қалтыраған қолымен көңірсіген дымқыл топырақтың бір уысын алып, бетіне басады, танауына апарып қайта-қайта иіскей

береді...

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Адами қасиеттері	Автордың идеясы
Байтас қарт			

(Қ.Жұмаділов «Қаздар қайтып барады»)

Дескриптор Білім алушы:

- кейіпкердің іс-әрекеті мен адами қасиетіне тұжырым жасайды, өзіндік пікір білдіреді.

2-нұсқа

Оқу мақсаты

7.1.1.1 тыңдалым барысында стандартты сөйлеу жағдаяттарының негізгі бөліктерін түсіну және таныс сұрақтар арқылы мазмұнын болжау

7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасау

Бағалау критерийі Білім алушы:

• мәтіндердің идеясын түсінеді тақырыбы мен идеясына талдайды

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз. Кідіріс болған жерде өз ойыңызды жазыңыз.

Қарттың есіне мына бір оқиға түсті. Бір жолы Төлеутайды таяу жердегі қарасуға үйрек атуға ертіп барған. Көктемгі құс келетін уақыт. Сол маңдағы шұқанақ көлдер мен Қарасуда шүрегей үйректер жыртылып айырылады. Шал бара салып екі үйрек атып алды.

Бір заматта қанаттары сартылдап, су жағасына жіпке тізген моншақтай бір топ қаз келіп қонды. Жол бастаушы көсемі камшы салым бәрінің алдында жүр.

– Ата, мына қазды атайықшы, – деді Төлеутай қуанып. – Атшы анау алдында жүрген үлкенін.

1. (Қарт немересіне не деп жауап береді?)

– Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, – деді қарт басын шайқап. – Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады. Жолынан қалдырмайық.

– Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? – деді Төлеутай таңырқап.

2. (Сіз қалай ойлайсыз? Қаздар қайда ұшып барады?)

– Туған жеріне кетіп барады...

– Туған жері қайда? – Алыста, сонау таудың ар жағында, – деп қарт, қазір өзі жатқан асуды нұсқап еді сонда.

Бала «түсіндім, онда атуға болмайды екен» дегендей, өзіне жараспайтын бір естиярлықпен ойланып қалған. Ақылы көп, зерек еді-ау, айналайын.

Әлгі қаздар бой жазып, суға қанып алды да, кешікпей аспанға көтерілді. Айналып ұшып, шарықтап көп жүрді.

– Әбден шарықтап, ана таудың деңгейіне көтеріліп алмақ, – деді қарт немересіне түсіндіріп, – аспандап алғасын терістікке қарай бір-ақ заулайды. Зайсан көлге, Қара Ертіске жеткенше қалай тоқтасын-ау, байғұстар! – Шал күрсінді.

(Қ.Жұмаділов «Қаздар қайтып барады»)

Сұрақтар:

1. Шал неге күрсінді?
2. Әңгіме неге «Қаздар қайтып барады» деп аталған?
3. Қаздар мен қарт өмірінің қандай байланысы бар?

Дескриптор *Білім алушы*

- сұраққа жауап береді;
- мәтіндегі ақпаратты қолданады.

2-тапсырма. Қ.Жұмаділовтың «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің композициялық құрамына талдау жасаңыз.

1. Оқиғаның басталуы:
2. Оқиғаның дамуы:
3. Оқиғаның байланысуы:
4. Оқиғаның шиеленісуі:
5. Оқиғаның шарықтау шегі:
6. Оқиғаның шешімі:

3- нұсқа

Оқу мақсаты: 7.4.5.1 жазба жұмыстарында (мазмұндама, эссе) меңгерген жаңа сөздер мен сөйлем түрлеріне қарай орфография мен пунктуация ережелерін білу және қолдану

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- меңгерген жаңа сөздер мен сөйлем түрлеріне қарай орфография мен пунктуация ережелерін білу және қолданады;
- көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады.

1-тапсырма. Эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу. («келісу, келіспеу» эссесі)

- кіріспе бөлімде тақырып туралы басты идеяны анықтап, тақырыптың тезисін жазыңыз;
- негізгі бөлімде келісу-келіспеу себептерін аргументтер арқылы түсіндіріңіз;
- қорытынды бөлімде өз көзқарасыңды білдіріп, ой-пікірлеріңізден қорытынды шығарыңыз.

Туған жер

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Бестөбе кентінен басталады. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты, уайымсыз балалалық шағым өтті. Үйдің маңындағы аулада ойнағаным және бала-бақшаға барған көше әлі есімде. Сол кезде ол маған өте ұзын болып көрінетін. Мұнда көлік сирек жүретін, бірақ серуендеп жүретін адамдар көп болатын.

Иә... Туған жер ұзаққа қиып жібермейтін. Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап туған көшені, есіктің алдын, «Қызым, үйге кір...» деген ананың сөздерін еске түсіресің. Жүректің әлсіздүрсілі естіледі.

Қазір бойжеттім, бірақ та өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көше – менің кішкентай Отаным. Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын.

Дескриптор *Білім алушы*

- эссе құрылымын сақтайды;
- көтерілген мәселеге көзқарасын білдіреді;
- келісу-келіспеу себептерін айқын жазады;
- клишелер мен лексикалық құрылымдарды орынды қолданады.

4-нұсқа

1-бөлім «Қазақстан – бақыт мекені»

Оқу мақсаты: 7.3.3.1 шағын көлемді шығармалардағы оқиғалар желісінің дамуын, кейіпкерлердің сезімдері мен ниеттерін анықтау және түсіну

Бағалау критерийі *Білім алушы:*

- шағын көлемдегі шығармалардағы оқиғалар желісін болжайды;
- кейіпкерлердің сезімдері мен ниетін анықтайды;
- кейіпкерлердің сезімдеріне қатысты пікір білдіреді.

1-тапсырма. Берілген үзінділерді мұқият оқыңыз. Төмендегі сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беріңіз.

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,
 Дос келді деп, жасап жатыр анық той.
 Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны,
 Нағыз қазақ осы, міне, танып қой.
 Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған,
 Сүйетұғын қазақ осы, қараңдар.
 Қазақ осы күй шығарып, ән салып,
 Көкпар тартып, қыз қууға жаралған.
 Қазақ осы - айтатұғын желге сыр,
 О, ағайын, халық емес ол кесір.
 Қазақ осы - аңғал-саңғал жабусыз,
 Қазақ осы - ағыл-тегіл, көл-көсір.
 Қазақ осы - дала дейтін, күн дейтін,
 Қазақ осы - «Өнер алды - тіл» дейтін.
 Қазақ осы - қарасың ба, ақсың ба,
 Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін.
 Қазақ осы - көргенінен танбайтын,
 Той-думансыз оты түзу жанбайтын.
 Қазақ осы - алудай-ақ алатын,
 Ал беруден алдына жан салмайтын.
 Қазақ осы - ашық жарқын қабағы,

Қонақ келсе шабылып бір қалады.

Байқа да тұр, саған да ол кетерде,

Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/arnayyi_jobalar/22_nauryiz_2016

Сұрақтар

1. Өлеңге қандай тақырып қояр едіңіз?

2. Автор осы өлең арқылы қазақ халқының қандай қасиеттерін танытты?

3. Өлеңнің соңы қалай аяқталуы мүмкін? Автор өлеңнің соңында не туралы айтты деп ойлайсыз?

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіннің не туралы екенін, идеясын айтады;

- сұрақтарға толық жауап береді;

- шығарманың жалғасына болжау жасайды.

2-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, кейіпкердің сезіміне қатысты кестені толтырыңыз.

Кейіпкердің сезімі	үзіндіден дәлел

Дескриптор *Білім алушы:*

- шығармадан кейіпкердің сезімін анықтайды;

- мысал келтіреді, кестені толтырады.

3-тапсырма. «Үзінділер мен түсініктемелер кестесі». Ұсынылған үзіндіге қатысты түсініктеме беріңіз, автордың ниетін анықтаңыз.

Үзінді	Түсініктеме
Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған, Сүйетұғын қазақ осы, қараңдар. Қазақ осы күй шығарып, ән салып, Көкпар тартып, қыз қууға жаралған.	
Қазақ осы - айтатұғын желге сыр, О, ағайын, халық емес ол кесір. Қазақ осы - аңғал-саңғал жабусыз, Қазақ осы - ағыл-тегіл, көл-көсір.	
Қазақ осы - дала дейтін, күн дейтін, Қазақ осы - «Өнер алды - тіл» дейтін. Қазақ осы - қарасың ба, ақсың ба, Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін.	
Қазақ осы - ашық жарқын қабағы, Қонақ келсе шабылып бір қалады. Байқа да тұр, саған да ол кетерде, Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.	

Дескриптор *Білім алушы*

- үзіндіге қатысты түсініктеме береді;

- автордың ниетін анықтайды.

2-бөлім «Спорт және денсаулық күтімі»

1-нұсқа

Оқу мақсаты: 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, тақырыптың өзектілігін анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді;
- тақырыптың өзектілігін анықтайды.

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз.

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз.

Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады.

Біздің ата – бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” – деп бекер айтпаған.

Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады.

Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай – ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген.

Елбасы өзінің “Қазақстан – 2030” стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Сондай-ақ, Президентіміздің қолдауымен 2003 жыл – денсаулық жылы болып жарияланған.

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Спорттың адам өмірінде алатын орны қандай?
2. Мәтінде қандай мақал берілген?
3. Адамның спортпен айналысуы неге байланысты?
4. Спортты мағынасына қарай бірнеше түрге бөлген кім?
5. Халықты салауатты өмір салтына неге ынталандыруды керек?*

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- сұрақтарға жауап береді.

2-тапсырма. SWOT кестесін пайдаланып, мәтіндегі мәселені, өзектілігін анықтаңыз.

<i>Күшті жақтары:</i>	<i>Әлсіз тұстары:</i>
<i>Қауіп-қатер:</i>	<i>Мүмкіндіктері:</i>

Дескриптор *Білім алушы*

- сыни пікір білдіреді;
- мәтіннің өзектілігін анықтайды.

4-бөлім «Спорт және денсаулық күтімі»

Оқу мақсаты: 7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген детальді ақпаратты түсіну

Бағалау критерийі *Білім алушы:*

- кесте, диаграмма, сызбадағы ақпаратты түсінеді;
- детальді ақпаратты анықтайды.

1-тапсырма. Диаграммадағы ақпаратты мәтін құрлымына сай ретімен орналастыр.

Дене шынықтыру үзілістерін жасаңыз
 Үй жануарлары құрал-жабдықтан алыс болу керек
 Табиғи жарықтың түсуіне мән беру керек
 Қосулы тұрған теледидар сабақ оқуға бөгет
 Сабақ оқитын орта қолайлы болуын қамтамасыз етіңіз

Дескриптор *Білім алушы*

- сызба нұсқадағы ақпаратпен танысады;
- ақпаратты мәтін құрлымына сай ретімен орналастырады

2-тапсырма. Диаграмма бойынша ақпараттың дұрыс/бұрыстығын анықта.

ақпарат	Дұрыс/бұрыс
Әр 20-30 минут сайын шағын үзілістер жасау керек	
Баланың сабақ оқитын кеңістігі жеткілікті болу керек	
Жұмыс үстелі терезеден алыс болу керек	
Арқаны тік ұстау маңызды емес	

Дескриптор *Білім алушы:*

- сызбанұсқадағы ақпаратпен танысады(;
- ақпараттың дұрыс/бұрыстығын анықтайды.

III ТОҚСАН БОЙЫНША ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1-бөлім «Достық қарым-қатынас»

1-нұсқа

Оқу мақсаты:

7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты жеке тәжірибені, бастан өткен оқиғаларды тыңдау, детальді ақпараттарды түсіну

7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген детальді ақпаратты түсіну

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- детальді ақпараттарды түсінеді

1-тапсырма. Берілген үзіндіні тыңдап, кестені толтырыңыз.

— Ал, ағайын, тегіс жиналсаң, сөзіме құлақ сал, — деді басқарма. —
 Өздерің білесіңдер, мен жұмысшы әкелем деп кеттім. Ақыры былай болды.
 Үкімет біздің Бұлғыртау ауданының тоғыз қалқозына елу төрт бала жіберген
 екен. Жер аяғы шалғай, мен барғанша ересектерін бөлісіп әкетіпті. Соның өзі
 жақсы болды. Жетісіп отырған ешкім жоқ, түгел кем-кетікпіз. Төрт-бес
 жұмысшы қосылғаннан азаматтың орны толмас деп, ең ұсағынан таңдап алдым.

Жұрт дабырлап кетті. Басқарма мен есепші екеуі шүпірлеген бір арба бала
 әкелді дегенді мана, жұмыс басында естіген. Рас боп шықты.

— Сабыр, ағайын, сабыр, — деді басқарма қолын көтеріп.

— Менің әкелгенім алты-ақ бала. Бәріңе жетпейді. Және, қазір баурыма
 салдым деп алып, ертең өгейсітіп жүрсек тағы қазақшылыққа жатпайды. Мүмкін,
 үкімет әлі де жіберер, сонда қалғаныңа тиеді. Әзір қолда барын құдай жолымен

бөлем. Ай, бәйбіше, — деді содан соң дауыстап.

— Тамағын ішіп болса балаларды алып шық.

— Қазір, ақсақал, — деген дауыс естілді киіз үй ішінен,

— Ал, былайырақ тұрындар, балаларға орын беріндер, — деді басқарма.

Жұрт жапырыла шегініп, есік алдың қоралай тұрды. Орталарын ашқанмен, кимелесіп, мүмкіндігінше алға шығуға тырысады. Бірі қызық көрмек, бірі үміт жетегінде.

Ақыры басқарма әйелінің ақ шаршысы көрінді. Бірақ сыртқа шықпай, көтерме киіз есікті жамылған күйі бөгеле берді.

— Жүріңдер, айналайындар, бері жүріңдер.

Аппақ қаздың баурынан тұрған сары үрпек балапандай, сап-сары шашты сап-сары бала көрінді. Жұрттың дабыры пышақ кескендей тыйылды. Артынша бірінің соңынан бірі тізіліп, қара шашты, қоңыр шашты, жирен шашты балалар өріп шыға бастады. Күнге көздері шағылысты ма, әлде жадау киінген жат топтан именді ме, бәрі есік алдында ұйлығып қалды.

— Өй, қалқабастар, қорықпаңдар, бері жүріңдер, — деді басқарма. Қолынан бір-бірлеп жетектеп әкеп, киіз үйдің күнес жақ қабырғасына қатарлап тұрғызды.

Жаңа сілтідей тына қалған жұрт бадалардың ішінде қоңырқай өнді, қара көзділері барын аңдаған соң қайтадан күбір-күбір сөйлесіп, гуілдеп кеткен

(М.Мағауин «Бір атаның балалары» повесі)

Сөйлемдердің мағынасына қарай жалғасын сәйкестендіріңіз.

1.Үкімет біздің Бұлғыртау ауданының тоғыз қалқозына	а)ең ұсағынан таңдап алдым	1.-
2.Аппақ қаздың баурынан тұрған сары үрпек балапандай,	ә)киіз үйдің күнес жақ қабырғасына қатарлап тұрғызды	2.-
3.Төрт-бес жұмысшы қосылғаннан азаматтың орны толмас деп,	б)сап-сары шашты сап-сары бала көрінді.	3.-
4.Қолынан бір-бірлеп жетектеп әкеп,.	в)бірі үміт жетегінде.	4.-
5.Бірі қызық көрмек,	г)елу төрт бала жіберген екен	5.-

Дескриптор *Білім алушы*

- детальді ақпараттарды түсінеді

Оқу мақсаты: 7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты жеке тәжірибені, бастан өткен оқиғаларды тындау, детальді ақпараттарды түсіну

7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген детальді ақпаратты түсіну

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- детальді ақпараттарды түсінеді

2-тапсырма. Мәтінді мұқият оқи отырып, кестені толтырыңыз.

— Басекең дұрыс айтады, баланың саны алтау, — деді содан соң. —

Смирна тұрып, внимательно тыңдаңдар. Мен ретімен таныстырып шығайын. Тылдағы еңбекшілерге көмекке жіберілген жолдастар төмендегіше. Стройдың басында тұрған екеу — қазақ балалары, үлкені сегізде, кішісі алтыда, мынауы — Нартай, анаусы — Ертай, екеуі ағайынды. Бұлардан соңғы — татар баласы, аты Рәшит, жетіде. Көзі сығырайған жалпақ бет, тақырбас қара — әйел бала, қалмақ, я дүңген, жасы алтыда. Қасындағысының аты — Яков, тоғызда, қолағаштай мұрнына қарағанда жойыт тәрізді, бірақ документте орыс деп жазылған; қайдан кеп, қайдан тұрғаны белгісіз, әрі мылқау. Ең соңындағы — жаңа алдымен шыққан қасқа, жетіде. Сіздерден жасыратын не бар, тегі жаман — неміс. Бұл баланың орны детдом емес еді, әке-шешеден бірдей айрылып, панасыз қалған соң алынған екен. Өкіметтің кеңшілігі көп. Енді осы араға келіп тұрған жайы бар.

Балалар	Ұлты	Жасы	Ерекшелігі
Нартай, Ертай			
Рәшит			
Яков			
Зигфрид			

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіндегі детальді ақпараттарды іріктейді.

2-нұсқа

1-бөлім «Достық қарым-қатынас»

Оқу мақсаты 7.4.3.1 меңгерген сөздік қоры мен сөйлем құрылымдарын қолданып, оқиға дамуын сақтап, шағын әңгіме жазу

Бағалау критерийі *Білім алушы:*

- тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді меңгереді;
- жаңа сөздерден сөйлем құрайды;
- оқиға дамуын сақтап, шағын әңгіме жазады.

1-тапсырма. Берілген жаңа сөздермен таныс болыңыз. Оларды қатыстырып сөз тіркесін және сөйлем құраңыз.

сөз	аудармасы
Достық	дружба
Көмек беру	помогать
адал	честный
бірге	вместе
қамқорлық	забота
сыр	секрет
түсіністік	взаимопонимание
қолдау	поддержка

сөз	сөз тіркесі	сөйлем
Достық		
Көмек беру		
адал		

бірге		
қамқорлық		
сыр		
түсіністік		
қолдау		

Дескриптор Білім алушы

- жаңа сөздермен танысады;
- сөйлем құрайды.

2-тапсырма. Досыңыз сізге қиын жағдайға тап болғанын айтып көмек сұрады. Осы жағдаятқа орай, «Әңгіме» кестесін пайдалана отырып, шағын әңгіме құрастырыңыз.

Әңгіме – шағын көлемді эпикалық түрдің әсем үлгісі. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Сюжетке ене бастаған бетте-ақ оқырманның көз алдына іші-сыртын, мінез-құлқын, іс-әрекетін аттаған сайын аңғартып, адам келе бастауы керек.

Құрылымы		
Шиеленіс		
Оқиға орны		
1-оқиға:	2-оқиға:	3-оқиға:
Шарықтау шегі		
Шешімі		

Дескриптор Білім алушы:

- жаңа сөздер мен сөйлем құрылымдарын пайдаланады;
- жағдаятқа байланысты шағын әңгіме құрастырады.
- оқиғаның дамуын сақтайды.

2-бөлім «Жердегі климаттық өзгерістер»

Оқу мақсаты: 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, тақырыптың өзектілігін анықтау

Бағалау критерийі Білім алушы

- мазмұнын түсінеді;
- детальды ақпаратты қолданады.

1-нұсқа

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырманы орындаңыз.

Белгілі бір жердің климатын толық білу, оның басқа жердің климатымен салыстырғандағы ерекшеліктерін айыру, сонымен қатар берілген жердің климатының өзгеруін байқау тек көп жылдар бойы жүргізілген байқауларды жүйелеу, қорыту негізінде айқындалады. Жер шарының әр нүктесіндегі климаттың әртүрлі болуы — климат құрайтын

факторлардың, яғни осы процестерді жасайтын географиялық жағдайлардың айырмашылығынан туады.

Планетаның беткі жазықтығын климаттық өзгешеліктері тұрғысынан бірнеше белдемдерге бөлу ұстанымы. Жер шарын тұтасымен орап өтетін осы белдемдердің жиектері ендік сызықтармен орайлас бағытталған. Әрбір климаттық белдем құрамында бірнеше климаттық атыраптар оқшаулануы мүмкін. Климаттық белдем деген ұғым аймақтық түсінік ретінде де қолданылады. Мысалы, таулы өңірлерге тән түрлі биіктік деңгейлерінің тек өздеріне ғана тән климаттық жағдайлармен сипатталуы осы деңгейлерді дербес климаттық белдемдер ретінде даралауға мүмкіндік береді.

Мәтіндер мазмұнын кестеге сәйкес талда.

Талдау аспектілері	1-мәтін	2-мәтін
1.Мәтіннің тақырыбы мен идеясы		
2.Мәтін қай стильде жазылған?		
3.Мәтіндегі тілдік ерекшеліктері		
4.Мәтін бойынша өз пікіріңізді қорытындылып жазыңыз		

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіндер мазмұнын талдайды;
- тілдік ерекшелігін анықтайды;
- қорытынды жасайды.

2-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты қолданып, жердегі климаттық өзгерістер туралы РАФТ әдісімен хат жазыңыз.

Халықаралық зерттеулер көрсеткіші бойынша, әлемнің кейбір аймақтары, сонымен қоса Орталық Азия, басқаларға қарағанда, климаттық өзгерістерге ұшырауы әбден ықтимал. Оның ішінде, Қазақстанның климатына әсер етіп, онсыз да толыққанды қолдауды қажет етіп отырған ауыл шаруашылығын күнкөріске айналдырған аймақтарға үлкен зиян келтіруі әбден мүмкін. Бұл аймақтардағы өнімнің босқа ысырап болуының 70 пайызы тікелей ауа райымен байланысты. Ал, кейбір аймақтарда жағымсыз ауа райы салдарынан алынған өнімнің 50-70%-ға дейіні қолдануға жарамсыз болып қалып отыр.

БҰҰ ДБ мәліметі бойынша, Қазақстанда соңғы 50 жылда орташа ауа температурасы 1,5°С-қа өскен. Ауа температурасындағы өзгерістердің дені ерте көктем маусымындағы жерасты ылғалдылығымен байланысты болған.

Рөл	Аудитория	Форма	Тақырып

Дескриптор *Білім алушы*

- мәтіндер мазмұнын түсінеді;
- берілген детальді ақпаратты қолданады.

2-нұсқа

Оқу мақсаты: 7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, тақырыптың өзектілігін анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- мазмұнын түсінеді;
- өзектілігін анықтайды

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, көтерілген тақырыпты анықтаңыз.

- Назар аударыңыз! Назар аударыңыз! Барлығыңыз жатыңыздар!
Қозғалмаңыздар!..

Жер ақырын ғана шайқалды. Маған ол бізді әлдилейтін мәңгі бесігіміздей көрінді. Бірақ жер кенеттен солқылдап, бізді аяғымыздан, кеудемізден, бетімізден төменнен төмпештей бастады; жер тулаған аттай мөнкіп, әжемнің құшағы босап кетті; дала, таулар да соңғы рет жойылып кететіндей жармасып жатқандай. Мен киіздің астынан басымды шығарып, үлкен саңырауқұлақтың аспанды торлай, от жалыны аспанда ойнақтадағанын көрдім. Мұндайды тіпті қорқынышты түсімде де көрмес едім, сол сәтте жанымды қорқыныш пен үрей билеп, сірестіріп тастады.

Таулар зарлап, ағаштар майысып, кесек тастар сықырлап, айналаны күніренте төмен қарай домалап жатты, кенеттен тозақ дауысына қосыла төбенді шымырлататын тағы бір дыбыс естілді, айғай ма, зар ма? Осы естіген қорқынышты дыбысты қалай дәлірек атау керектігін әлі күнге дейін білмеймін.

Домалап жатқан кесек тастардан қашқан, ақ қойлекті қыз жүгіріп бара жатты. Қалай киіздің астынан атып шығып, бойымды түзеп, соңына қарап, мелшиіп тұрып қалғанымды өзімде байқамай қалдым. От ойнаған саңырауқұлақ қарауға мұрсат бермей көтеріліп барады, ойнақтаған жермен кішкентай қыз қайда жүгіріп бара жатқаны белгісіз. Мен не істеу керектігін түсінбей, қадалған қазықтай тұрып қалдым. Оның айқайы құлағымды жарып барады. Мүмкін, айқай болған жоқ шығар? Бұл менің қиялым шығар? Мүмкін, ол тек ауызын үнсіз ашып, далаға қашып бара жатқан шығар, ал таулар мен тастар одан үркіп жатқан шығар.

«Ол құриды, оны құтқару, артынан жүгіру керек, - деген оймен, Кенже!.... Кенже!...Кенже.....,- деп айқай салдым».

(Р.Сейсенбаев «Әлем күйреген күн» повесінен үзінді)

<https://youtu.be/gqY-Mflmnyg>

Дескриптор Білім алушы

- мәтіндер мазмұнын түсінеді;
- мәтіннің өзектілігін анықтайды.

2-тапсырма. Мәтіннің жалғасын оқып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Жарылыстан кейін біз бір жарым аптадай Шыңғыстауда тұрдық. Осы жерде, бір төбешіктің басына Семей полигонындағы сынақтан өткен сутегі бомбасының алғашқы құрбаны Кенжені жерледі. Семей қаласы - Семей! Шаң басқан, шағын, туған қалам, сол сәттен-ақ әлемге әйгілі болдың! Семей..... Невада Полигон..... Атом.....Сынақ.....

Байғұс дала өлгендердің мәйітіне толып кетті. Қарсақтардың ұлуы мен құзғын қара құстардың дауысынан қашып келе жаттық, бастысы - қала жету, әрі

қарай бәрі қалпына келер. Бәрі сенді, мен де сендім. Бәрі сенді-ау, бірақ бәрі жеткен жоқ.... Қайғыға толы, уланған ащы, үрейлі отызыншы жылдар!

(Р.Сейсенбаев «Әлем күйреген күн» повесінен үзінді)

1. Мәтінде қандай апат туралы айтылған?
2. Бұл трагедияны қалай сипаттаған?
3. Мәтіннің мазмұны кімнің атынан сипатталады?
4. Оқиға еліміздің қай өңірінде болған?
5. Автор қандай көркемдеуш құралдарды қолданған?

Дескриптор Білім алушы

- мәтіннің өзектілігін түсінеді;
- берілген детальді ақпаратты қолданады.

«Ағылшын тілі» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Method “Open-ended and closed questions”

Unit: Living things	
Learning objective	5.4.2.1 understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics
Lesson objectives	All students find some specific information and details in the text with support
	More students identify specific information and details in the text with little support
	Some students identify and use in the discussion specific information and details in the text with little support
Assessment criteria	Identify specific information and details in a reading passage with little support
Level of thinking skills	Knowledge and comprehension
Lesson stage:	Development

6-кесте. «Ашық және жабық сұрақтар» әдісі

Hobbies and collections

Nadya’s hobby is collecting stickers. She has got 850 stickers! A lot of her stickers are in her room at home. She puts stickers on her phone, her books, her bicycle, and all her things.

Alihan and his brother Askar collect stamps. They have got 1,250 stamps from Kazakhstan, Russia, China, India, Turkey, the USA, the UK and many other countries. Some of their stamps are new and some are old.

Erik has got a camera and a big collection of photos. His photos are of animals, birds and insects. Some animals are easy to photograph, for example, cats and dogs. But birds and wild animals are difficult.

Aidana has got pen-friends in eight countries. They exchange letters and emails in Russian and in English. She loves having friends in other countries, and her hobby is good for her English.

Task. Read the texts and answer the questions.

1) What do these teenagers collect?

Nadya	Alihan and Askar	Erik
<i>Stickers</i>		

2) What is Aidana's hobby?

3) How many stickers has Nadya got?

4) How many stamps have the brothers got?

5) Which animals are difficult to photograph?

6) Which languages does Aidana use?

7) Is she interested in other countries?

Descriptors: A learner

- reads the text
- answers the questions correctly
- identifies specific information and detail

Here are some suggestions for teachers:

- wait long enough to allow all pupils to think out their answers;
- asking them to discuss their thinking in pairs or in small groups, so that a respondent is speaking on behalf of others;
- giving pupils a choice between different possible answers and asking them to vote on the options;
- asking all of them to write down an answer and then reading out a selected few;
- What is essential is that any dialogue should evoke thoughtful reflection in which all pupils can be encouraged to take part, for only then can the formative process start to work. In short, the dialogue between pupils and a teacher should be thoughtful, reflective, focused to evoke and explore understanding, and conducted so that all pupils have an opportunity to think and to express their ideas [4].

The lesson begins with a discussion of the learning and lesson objectives and defining the criteria of assessment.

At the end of the task, it is important to discuss descriptors achieved by students, and at the end of the lesson discuss criteria and assess whether students achieved the aims.

This is only a small extract of the lesson. For the effectiveness of the lesson and to obtain the learning and lesson objectives it is better to add learning objectives from Strand 3 "Speaking" of the Standard.

Other tasks, methods, and techniques should be organized following the learning and lesson objectives to achieve higher results.

Method "Peer assessment"

Unit 2.	Helping and Heroes.
Theme	Appearance and character
Learning objectives	6.1.6.1 organize and present information clearly to others; 6.1.9.1 use imagination to express thoughts, ideas, experiences and feelings; 6.5.4.1 write with some support topics with some paragraphs to give basic personal information; 6.5.8.1 spell most high-frequency vocabulary accurately for a limited range of familiar general topics and some curricular topics.
Lesson objectives	All students. Using imagination to express some thoughts, ideas, experiences, and feelings, organizing and presenting some information clearly to others all students write with support topics organized in 2 paragraphs to give basic personal information; they spell some high-frequency vocabulary accurately More students. Using imagination to express thoughts, ideas, experiences, and feelings, organizing and presenting information clearly to others more students write with support topics organized in 2-3 paragraphs to give basic personal information; they spell some high-frequency vocabulary accurately Some students. Using imagination to express thoughts, ideas, experiences, and feelings, organizing and presenting information clearly to others some students write with some support topics organized in 2-3 paragraphs to give basic personal information they spell most high-frequency vocabulary accurately
Assessment criteria:	organize and present information clearly to others; use imagination to express thoughts, ideas, experiences, and feelings; write with some support topics organized in 2-3 paragraphs to give basic personal information; spell most high-frequency vocabulary accurately
Lesson stage:	Consolidation

7-кесте. «Алқалы бағалау» әдісі

Task 4. Choose a person and describe him/her. Use adjectives to write about his/her height, age, weight, looks and character.

Example:

This is my grandmother. She is of medium height. She is thin. She is old. She is attractive with short grey hair. She has got blue eyes and a small nose. She is kind and patient.



Descriptor: a learner

- writes grammatically correct sentences;
- uses adjectives to describe appearance;
- uses adjectives to describe character;
- talks expressing thoughts, ideas, and feelings
- writes 5-7 sentences and organize the text in 2-3 paragraphs;
- spells the words correctly.

Teachers may give the following assessment checklist to students, so they assess their classmates. They then discuss their answers.

Assessment checklist

Mark " + " if the students achieve the descriptors

Descriptors	A	A	M	E	S	P	A	G	T
	s	n	i	l	e	a	i	u	i
	y	a	r	d	r	v	m	z	m
	a	a	as	o	e	el	a	al	ur
writes grammatically correct sentences;									
uses adjectives to describe appearance;									
uses adjectives to describe character;									
talks expressing thoughts, ideas, and feelings									
writes 5-7 sentences and organize the text in 2-3 paragraphs;									
spells the words correctly.									

The lesson begins with a discussion of the learning and lesson objectives and defining the criteria of assessment.

At the end of the task, it is important to discuss descriptors achieved by students, and at the end of the lesson discuss criteria and assess whether students achieved the aims.

This is only a small extract of the lesson. Other tasks, methods, and techniques should be organized following the learning and lesson objectives to achieve higher results.

«География» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Сынып: 11

Сабақтың тақырыбы «Қоршаған ортаның сапасын бағалау»

Оқу мақсаты: 11.3.2.2 - қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін

Бағалау критерийлері Білім алушы:

Қоршаған аймақтарының табиғи-ресурстық потенциалын анықтайды, бағалайды.

Табиғи ресурспен қамтылған және аз қамтылған аймақтарды анықтайды.

Ойлау деңгейінің дағдылары: Қолдану

Тапсырма

28-кесте				
Қоршаған орта сапасының көрсеткіштері				
Орта сапасы көрсеткішінің атауы	Зерттеу (өлшеу) нәтижелерінің көрсеткіштері			
	T1	T2	T3	T4
1-көрсеткіш
2-көрсеткіш
3-көрсеткіш

Алынған нәтижелерді зерттелетін параметрдің осы санаты бойынша сапа нормативтерімен салыстыр.

1. Зерттеу әдісіне байланысты жердің әртүрлі нүктелерінде (сынып, мектеп ауласы немесе басқа аумақтар) көрсеткіш параметрлерін өлшеу жүргізіледі.

Ұсыныс: зерттелетін аумақтың ауданы таңдалған орта сапасының көрсеткішіне байланысты.

2. Деректерді 28-кестеге енгіз.

Мәтінді оқып, тақырыптық карталардың көмегімен, инфографика дайындаңыз.

Мәтін, суреттер (Природные ресурсы мировой экономики <http://www.mirec.ru/2014-02/prirodnye-resursy-mirovoj-ekonomiki>)

Инфографикаға қойылатын талаптар ескертіледі.

Дескриптор Білім алушы:

- оқушылар дүниежүзінің табиғи ресурстық потенциалын анықтайды.

1-тапсырма

(Д) Ең, Ең Ең Шартты белгілер арқылы елдердің табиғи ресурстық потенциалын анықтайтын картография әзірлеу.

Дескриптор Білім алушы:

- рейтинг бойынша ресурспен қамтылған елдерді бағалайды.

Сабақтың тақырыбы «Өзекті географиялық зерттеу әдістері»

Оқу мақсаттары: 11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану

Бағалау критерийлері Білім алушы:

- білімді жаңғырту:

- мағынаны ашу.

2-тапсырма

Модельдеу – бұл нысандарды, үдерістерді немесе құбылыстарды зерделеуге және зерттеуге арналған модельдер құрастыру.

Нысан үшін құрастырылатын модель *типтік* немесе *прототип* деп аталады. Географияда *сөздік, картографиялық, құрылымдық, графикалық, математикалық, материалдық* деген сияқты негізгі модельдерді айқындауға болады. Сонымен қатар модельдер құрама да болуы мүмкін: *математикалық- картографиялық, математикалық-графикалық және басқалар.*

Халықтар географиясын саласында елді мекендердің желілері мен жүйелерін, қалалар, қалалар мен агломерациялар жүйелерін модельдеу қолданылады, олар да күрделі жүйелер ретінде қарастырылады.

Көші-қон ағындарын, көші-қон факторларын, көші-қон құрылымын қоса алғанда, халықтың көші қонының математикалық үлгілері жасалады.

Халықтың ұдайы өсуінің әртүрлі үлгілері, әсіресе туу мен өлім-жітім, некелер мен ажырасу процестерінің серпініне қатысты болжамдық, қандай да бір гипотезадан шығатын түрлі үлгілер кеңінен таралады. Мұнда географиялық модельдеу демографиялық үлгілердің үлкен және құру моделімен тығыз байланысты болады.

3-тапсырма

1-топ: Физикалық-географияда модельдеу қалай қолданылады? 2-топ: Халық географиясында модельдеу қалай қолданылады? 3-топ: Картографияда модельдеу ерекшеліктері қандай?

Дескриптор:

1. Физикалық географияда модельдеудің қолданылуын түсіндіреді.
2. Халық географиясында модельдеудің қолданылуын түсіндіреді.
3. Картографияда модельдеудің қолданылуын түсіндіреді.

«Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» пәндерінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Алгебра» оқу пәні, 8-сынып

Тақырыбы: «Квадрат теңсіздік»

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес 8-сыныпта «Квадрат теңсіздік» тақырыбы берілген. Бұл тақырыпта квадрат теңсіздікті квадраттық функцияның графигі арқылы шешу қарастырылады.

«Квадрат теңсіздік» тақырыбы игеруді 3 сабаққа жоспарлау ұсынылады. Бірінші сабақта квадрат теңсіздіктің тану, квадраттық функцияның дайын графиктерін қолдана отырып, функцияның оң немесе теріс мәндерді қабылдайтын аралықтарды табу; екінші сабақта квадрат теңсіздікті шешу арқылы айнымалының қандай мәндерінде өрнектің мәні болатынын табу, теңсіздіктің шешімінің аралыққа тиістілігін анықтау; ал үшінші сабақта квадрат теңсіздікті параболаның көмегімен шығаруды қарастыруға болады.

Әрі қарай «Квадрат теңсіздік» тақырыбы бойынша жоспарланған үш сабақ бойынша қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалары берілген.

Тапсырмаларды әзірлеген Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы №47 мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер *Құрасбаева Орынша Назбадинқызы*.

1-сабақ.

Сабақ тақырыбы: Квадрат теңсіздік

Оқу мақсаты: 8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;

Бағалау критерийі *Білім алушы* квадрат теңсіздіктерді шешеді.

Ойлау дағдыларының деңгейі: білу, түсіну.

1-тапсырма. Берілген теңсіздік квадрат теңсіздік бола ма?




Берілген теңсіздік	болады	болмайды	Дескриптор: <i>Білім алушы</i> квадрат функцияны анықтай алады
$x + 1 \geq 3$			
$\frac{1}{x} - 2 \leq 0$			
$x^2 - 4 < 5$			
$\sqrt{x + 1} \geq 0$			

2-тапсырма. Графиктерді пайдаланып,






1) функцияның нөлдерін;

2) $y > 0$ болғандағы x -тің мәндерін;

3) $y \leq 0$ болғандағы x -тің мәндерін табыңдар.

a)  б)  в) 		Дескриптор: <i>Білім алушы</i>
		- функцияның нөлдерін анықтайды;
		- $y > 0$ болғандағы x -тің мәнін табады;
		- $y \leq 0$ болғандағы x -тің мәнін табады.

3-тапсырма. Кестені толтырыңдар:

№	Сұлба	$f(x) = 0$	$f(x) > 0$	$f(x) < 0$	Дескриптор: <i>Білім алушы</i> - функция нөлдерін табады; - функция нөлдерін сан осіне белгілейді; - таңба тұрақтылық аралықтарын анықтайды; - жауабын кестеге жазады.
1					
2					
3					
4					
5					

2-сабақ.

Сабақ тақырыбы: Квадрат теңсіздік

Оқу мақсаты: 8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;

Бағалау критерийі Білім алушы квадрат теңсіздіктерді шешеді.

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану.

1-тапсырма. x -тің қандай мәнінде келесі өрнектің мағынасы болады?

1) $\sqrt{x^2 - 9}$; 2) $\sqrt{x^2 + 9}$; 3) $\sqrt{x^2 - 4x + 3}$; 4) $\sqrt{x^2 + 5x}$; 5) $\sqrt{x^2 - 4x}$.

Дескриптор: Білім алушы

- анықталу облысын ескеріп, теңсіздік құрастырады;
- функция нөлдерін табады;
- функция нөлдерін сан осіне белгілейді;
- графигін салады;
- жауабын жазады.

2-тапсырма. $x^2 - 4x - 12 < 0$ теңсіздігінің шешімі $(-1; 7)$ аралығында тиісті ме?

Дескриптор: Білім алушы

- функция нөлдерін табады;
- функция нөлдерін сан осіне белгілейді;
- графигін салады;
- теңсіздік шешімінің берілген аралықта тиістілігін тексереді.

3-сабақ.

Сабақ тақырыбы: Квадрат теңсіздік

Оқу мақсаты: 8.2.2.8 квадрат теңсіздіктерді шешу;

Бағалау критерийі Білім алушы квадрат теңсіздіктерді шешеді.

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану.

1-тапсырма.

1) x -тің қандай мәнінде $x^2 - 4x$ өрнегі оң мәндер қабылдайды?

2) x -тің қандай мәнінде $x^2 - 2x - 3$ өрнегі теріс мәндер қабылдайды?

Дескриптор: Білім алушы

- теңсіздік құрастырады;
- функция нөлдерін табады;
- функция нөлдерін сан осіне белгілейді;
- графигін салады;
- жауабын жазады.

2-тапсырма. Теңсіздіктерді шешіңіз:

1) $x^2 - 6x - 7 > 0$; 2) $x^2 + 2x - 48 \leq 0$; 3) $x^2 + 4x + 5 \geq 0$

Дескриптор: Білім алушы

- функция нөлдерін табады;
- функция нөлдерін сан осіне белгілейді;
- графигін салады;
- жауабын жазады.

«Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні, 11-сынып (ЖМБ)

«Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интеграл қасиеттері» тақырыбы

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытына 10-11-сыныптарына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес 11-сыныпта «Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталмаған интеграл қасиеттері» тақырыбы берілген.

Аталған тақырыпты игеруді 3 сабаққа жоспарлау ұсынылады. Бірінші сабақта алғашқы функция және анықталмаған интегралдың анықтамасын біледі; екінші сабақта анықталмаған интеграл қасиеттерін қолданады; үшінші сабақта анықталмаған интегралдарды есептер шығаруда қолданады.

Әрі қарай «Квадрат теңсіздік» тақырыбы бойынша жоспарланған үш сабақ бойынша қалыптастырушы бағалаудың тапсырмалары берілген.

Тапсырмаларды әзірлеген Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, С.Мұқашев атындағы №16 мектебінің математика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер *Ажибаева Шолпан Аманжолқызы*.

1-сабақ

Оқу мақсаты	11.3.1.1 - алғашқы функция және анықталмаған интеграл анықтамаларын білу;
Бағалау критерийі	-алғашқы функция анықтамасын біледі; -анықталмаған интеграл анықтамасын біледі.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Тапсырма түрі	1. Көп таңдауы бар тапсырма 2. Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма
Тапсырма	1.Барлық нақты сандар жиынында $f(x) = 6x^2$ функциясы үшін алғашқы функцияны анықтаңыз. А) $F(x) = \frac{x^3}{6} + C$ В) $F(x) = 2x^3 + C$ С) $F(x) = 6x^3 + C$ D) $F(x) = 12x + C$ 2. $\int x^2 dx = x^3 + C$ теңдігі орындала ма, неліктен?
<i>Дескрипторы:</i>	
- алғашқы функция анықтамасын қолданып дұрыс жауапты анықтайды - анықталмаған интеграл анықтамасын қолданып, теңдіктің дұрыстығын тексереді; - жауабын негіздейді.	

8-кесте. Бағалау критерийі және дескрипторлар

2-сабақ

Оқу мақсаты	11.3.1.2 - анықталмаған интеграл қасиеттерін білу және қолдану;
-------------	---

Бағалау критерийі	-анықталмаған интеграл қасиеттерін қолданады;
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Тапсырма түрі	Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма
Тапсырма	1. Анықталмаған интегралдарды табыңыз: а) $\int (2x^3 + 5) dx$ б) $\int \frac{5}{\sqrt{7x+4}} dx$
<i>Дескрипторы:</i>	
<ul style="list-style-type: none"> - анықталмаған интегралдың қосындысы қасиетін қолданады; - тұрақты көбейткішті интеграл белгісі алдына шығарады; - күрделі функцияның алғашқы функциясын табу ережесін қолданады. 	

9-кесте. Бағалау критерийі және дескрипторлар

3-сабақ

Оқу мақсаты	11.3.1.3 - негізгі анықталмаған интегралдарды 1. $\int x^n dx = \frac{x^{n+1}}{n+1} + C, n \neq -1;$ 2. $\int \cos x dx = \sin x + C;$ 3. $\int \sin x dx = -\cos x + C;$ 4. $\int \frac{dx}{\cos^2 x} = \operatorname{tg} x + C;$ 5. $\int \frac{dx}{\sin^2 x} = -\operatorname{ctg} x + C$ білу және оларды есептер шығаруда қолдану;
Бағалау критерийі	-негізгі анықталмаған интегралдарды біледі; - негізгі анықталмаған интегралдарды есептер шығаруда қолданады;
Ойлау дағдысының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Тапсырма түрі	Сәйкестендіру тапсырмасы
Тапсырма	Төмендегі анықталмаған интеграл өрнектерін жауаптарымен сәйкестендіріңіз: 1. $\int \cos 2x dx$ 2. $\int \sin \frac{x}{2} dx$ 3. $\int \frac{2}{\cos^2 x} dx$ 4. $-\int \frac{dx}{2\sin^2 x}$ 5. $\int \frac{dx}{4x^3}$ А. $\frac{\operatorname{ctg} x}{2} + C$

	B. $-2\cos\frac{x}{2} + C$ C. $-\frac{1}{8x^2} + C$ D. $\frac{1}{2}\sin 2x + C$ E. $2\operatorname{tg}x + C$
<i>Дескрипторы:</i>	
- анықталмаған интеграл қасиеттерін қолданады; - анықталмаған интегралдарды жауаптарымен сәйкестендіреді.	

10-кесте. Бағалау критеріі және дескрипторлар

«Информатика» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Информатика пәні бойынша 5-сыныпқа арналған қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

I бөлім «Ақпаратты ұсыну»
Тақырып «Ақпарат беру»

Оқу мақсаты:	5.2.1.3 ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарына мысал келтіру
Бағалау критерийі:	Білім алушы: <ul style="list-style-type: none"> • Ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарын анықтайды; • Ақпаратты беруші және қабылдаушы арналарына мысалдар келтіреді;
Ойлау дағдыларының деңгейі:	колдану

Тапсырмалар:

1. Берілген мәтіннен ақпарат беруші және қабылдаушылар санын анықтаңыз. Ақпаратты беруші және алушыға мысал келтіріңіз

4 жолаушы радиодан келесі күннің ауа райын тыңдап отыр.

- a. Ақпаратты беруші-1, қабылдаушы-1
- b. Ақпаратты беруші-1, қабылдаушы-4
- c. Ақпаратты беруші-4, қабылдаушы-1
- d. Ақпаратты беруші-4, қабылдаушы-4

Дескриптор

Білім алушы:

- Ұсынылған мәтіннен ақпаратты беруші және қабылдаушыны анықтайды;

- Ақпаратты беру және алу үдерістеріне мысал келтіреді.

2. Берілген мәтінді мұқият оқыңыз: *Сенбі күні сағат 12-де Асхат, Арман, Әли мұз айдынына баруды жоспарлады. Бірақ сол күні таңертең Әлидің ұялы телефонына күннің бұзылатындығы жайында sms-хабарлама келді. Әли оны достарына хабарлады.*

a) Сөйлемді толықтырыңыз: Берілген мәтіндегі ақпарат берушілер _____, ақпаратты қабылдаушылар _____

b) Жауапқа негіздеме болатын дәлелдемелерді жазыңыз:

Дескриптор:

Білім алушы

- Берілген мәтіндегі ақпарат берушілер санын анықтайды;
- Берілген мәтіндегі ақпарат қабылдаушылардың санын анықтайды;
- Жауапқа негізде болатын дәлелдерді жазады.

3. Сызбаға байланысты мысалдар келтіріп, ақпаратты беруші мен қабылдаушыны жазыңыз:

Дескриптор:

Білім алушы

- мысалдар келтіреді;
- ақпарат берушіні жазады;
- ақпарат алушыны жазады.

Тақырып: «Ақпаратты шифрлау»

Оқу мақсаты:	5.2.1.1 мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау
Бағалау критерийі:	Білім алушы: <ul style="list-style-type: none"> • Мәтіндік ақпаратты кодтайды; • Мәтіндік ақпаратты кері кодтайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	қолдану

Тапсырмалар:

Characte r	ASCII	Characte r	ASCII	Characte r	ASCII	Characte r	ASCII
a	97	n	110	A	65	N	78
b	98	o	111	B	66	O	79
c	99	p	112	C	67	P	80
d	100	q	113	D	68	Q	81
e	101	r	114	E	69	R	82
f	102	s	115	F	70	S	83
g	103	t	116	G	71	T	84
h	104	u	117	H	72	U	85
i	105	v	118	I	73	V	86
j	106	w	119	J	74	W	87
k	107	x	120	K	75	X	88
l	108	y	121	L	76	Y	89
m	109	z	122	M	77	Z	90

1. Берілген сөйлемді ASCII кодына сәйкес кодтаңыз: *Men okushymyn*
1-сурет. ASCII коды кестесі

Men _____ okushymyn _____

Дескриптор

Білім алушы:

- берілген 1-ші сөзді кодтайды;
- берілген 2-ші сөзді кодтайды;

2. Айжан ағасының компьютері арқылы бір ақпаратты құрбысының жеке поштасына жібермек болды. Компьютер желісін қосу үшін құпия сөзді білмеді. Ағасы 65 115 116 97 110 97 кодын кері қодтаса құпия сөзді табатынын айтты. Ол қандай сөз? _____

Дескриптор Білім алушы:

- кодты декодаттап, берілген сөзді табады.

II бөлім «Компьютерлік графика»

Тақырып «Растрлық кескіндерді құру және редакциялау»

Оқу мақсаты	5.2.2.2 векторлық кескіндерді құру және өңдеу
Бағалау критерийі	Білім алушы: векторлық кескіндерді құрады және өңдейді;
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану

Тапсырмалар:

1. Векторлық графикалық редакторында мектептің суретін салу алгоритмін

жазыңыз: _____

Дескриптор

Білім алушы:

- графикалық редакторда мектептің суретін салу алгоритмін жазады

2. Төмендегі суретті қарастырыңыз. а) Компьютерлік графика түрлерін ажыратып, жазыңыз.

1-сурет	2-сурет

б) Айырмашылығын сипаттап жазыңыз: _____

3. а) Растрлық графика қандай элементтерден тұрады? _____

б) Векторлық графика қандай элементтерден тұрады? _____

Дескриптор

Білім алушы:

- компьютерлік графика түрлерін ажыратын кестеге жазады;

- өзара айырмашылығын сипаттайды;

- растрлық графика элементтерін жазады;

- векторлық графика элементтерін жазады.

4. Кестені толтырыңыз.

Кескін түрлері	Кемшілігі	Артықшылығы
Растрлық графика		
Векторлық графика		

Дескриптор Білім алушы:

- растрлық графиканың кемшілігін жазады;

- растрлық графиканың артықшылығын жазады;

- векторлық графиканың кемшілігін жазады;
- векторлық графиканың артықшылығын жазады;

«Физика» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Формативті бағалау білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған оқыту әдістерін интеграциялау арқылы алынған білімді тексеру кезеңін ауыстырады.

Формативті бағалауды жүзеге асыру үшін көптеген физика пәнінің мұғалімдері дескрипторларымен берілген тапсырмаларды қолданады.

Мысалы, «Механикалық жұмыс және қуат» тақырыбын оқу кезінде сабақтың мақсаты оқушыларға механикалық жұмыс пен қуаттың физикалық мағынасын түсіндіру болып табылады. Формативті бағалау кезінде білім алушыларға оқулықтан тапсырма ұсынылады(29 с.).

Бұл жұмыс нұсқалар бойынша 10 минутқа есептелген. Формативті бағалауды жүргізу кезінде сыни ойлау стратегиясын қолдану ұсынылады. Тапсырма орындау кезінде білім алушылар дәптердің шеттерінде «Білемін /Білгім келеді /Білдім» деп жазады.

«Қысым» тақырыбын оқу кезінде 208 презентация әдісін қолдану ұсынылады. Сынып топтарға бөлінеді. Білім алушылардың әрбір тобы 4 тапсырманың бірін (15 с) орындайды. Сабақта білім алушылар Интернет-ресурстарды пайдаланады. Сабақтың соңғы кезеңінде рефлексия жүргізіледі. Білім алушыларға өз пікірлерін айту ұсынылады: «Сіз сабаққа қатысудан не күттіңіз және қалай болды?», «Сіздің күткен үмітіңіз сабақтың нәтижесімен сәйкес келді ме?»

Формативті бағалау әдістері арқылы қол жеткізілетін жетістіктер, белгілі бір шарттар орындалмаған жағдайда жүзеге асырылмайды:

1) бағалау құралы немесе жағдайлар стандарттың мазмұнына тікелей сәйкес келетіндей етіп құрылуы керек;

2) барлық құрал, жағдайлар немесе міндеттер оқыту мазмұнына сәйкес келеді;

3) мұғалімдер қандай және кіммен әрекет ету керектігі туралы тиісті шешімдерді қабылдай алуы үшін құрал немесе жағдай түсінбеушілік сияқты белгілі бір мәселелерді нақты анықтайтын жеткілікті ақпарат береді;

4) білім алушылармен тиісті шараларды дер кезінде қолдану үшін алынған нәтижелер уақытылы қол жетімді болады;

5) мұғалімдер мен білім алушылар нәтижеге бағытталған шараларды қолданады. Формативті бағалау кезінде мұғалімдер танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың әртүрлі формаларын пайдаланады. Топтық жұмыс, құрамы өзгертіліп отыратын жұптық жұмыс, ұжымдық жұмыс және т. б. жұмыс түрлері жақсы нәтиже береді. Мұғалімдер мониторинг аясында алынған критериалды бағалау жүйесіне қатысты сауалнама нәтижелері бойынша формативтік (қалыптастырушы) бағалауды ұйымдастыру және жүргізу кезінде туындайтын проблемаларды анықтайды (6 позиция).

Осыған байланысты төмендегі кестеде орта мектептегі физика мұғалімдерінде жиі кездесетін қиындықтар мен шешімдер көрсетілген.

Кесте 1. Физика мұғаліміне сабақта формативті бағалауды сапалы ұйымдастыру бойынша ұсыныстар:

Параметрлер	Қиындықтар	Шешу жолдары
1.1. «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийі»	Бағалау критерийлерін тек оқу мақсаттарымен байланыстыру	Критерийлер күтілетін нәтижелерге сәйкес дағдылардың қалыптасуын анықтау үшін жасалуы керек
1.2. «Кері байланыс беру»	Сабақта тек ынталандырушы бағалауды қолдану	Сындарлы кері байланыс беру арқылы жиынтық бағалауға дейін оқушылардың үлгерімін жақсартуға ықпал ету
1.3. «Тапсырма әзірлеу»	Критерийлер негізінде тапсырманы әзірлеу	Тапсырмалар Оқу мақсаттарына сәйкес таңдалуы керек, ал критерий тапсырмаларға сәйкес жасалуы керек
1.4.«Дескрипторлар құрастыру»	Критерийлерді қайталау	Тапсырмаларға критерийлер бойынша күтілетін нәтижені болжау қадамдарын көрсету
1.5.«Ауызша жұмыстарды/жауаптарды бағалау»	Тек эмоционалды ынталандыру	Мұғалімнің кері байланысы, оқушының өзін-өзі бағалауы және өзара бағалау нәтижелері бойынша нақты ұсыныстармен сапалы кері байланыс беру
1.6. «Топтық жұмысты бағалау»	Өзара бағалаумен шектелу	Кері байланыс беру кезінде топтық жұмыста болған әрбір баланың жетістігін ескеру қажет

11-кесте. Физика мұғаліміне сабақта формативті бағалауды сапалы ұйымдастыру

Тапсырма. Үстірт қорығы.

Қорық Қазақстанның батысында Үстірт аумағында орналасқан. Қорықтың жалпы ауданы 223,300 га. Үстірт қорығы 1984 жылы 12 шілдеде Үстірттің Солтүстік шөлдерін сақтау, сондай-ақ флора мен фаунаның сирек түрлерін сақтау мақсатында құрылды.

Қорықтағы температура негізінен ыстық және құрғақ. Кейде ол қорықтың (шөлдің) ең ыстық аймақтарында 40-60 градусқа дейін жетуі мүмкін. Қорықта сумен қамтамасыз ететін көптеген жарықтар, кілттер мен құдықтар бар.

Артидактилдердің ішінде ең көп тараған жануарлар-ақбөкендер, қарақұйрықтар және Үстірт муфлондары (түрікмен қошқары), олар сирек кездеседі және тек Үстірт пен Маңғышлақтың аумағында тұрады.

Жануарларды бақылау кезінде ақбөкеннің сағатына 70 км жылдамдықпен жүре алатындығын, қарақұйрықтың жылдамдығы сағатына 65 км, ал муфлон сағатына 60-65 км жылдамдықпен жүретінін анықтауға болады.

Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Мәтіннен бір мысал жазыңыз

(а) заттар _____ [1]



(б) физикалық дене _____ [1]

(в) физикалық құбылыс _____ [1]

2. Мәтінді пайдаланып, кестені толтырыңыз.

Физикалық шамалар	
Скалярлық	Векторлық

[3]

3. Мәтінде кездесетін физикалық шамалардың өлшем бірлігінің бір мысалын жазыңыз _____ [1]


4. Ақбөкен, қаракұйрық және муфлон 5 минут бойы үздіксіз жүгірді. Осы уақыт ішінде мәтінге сәйкес қанша жолды жүгіріп өте алатынын салыстырыңыз _____ [1]

«Көлік қозғалысы» тапсырмасы

Кесте мен суретте уақыт өте келе Ox осі бойымен тұрақты үдеумен қозғалатын автомобильдің координаттарының өзгеруі көрсетілген.

Уақыт	t, c	0	2	4,5
Координат	X, m	-3	0	12

(с)



Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Бастапқы координатаның мәнін жазыңыз _____ [1]

2. Автокөліктің қозғалыс түрін сипаттаңыз _____ [1]

3. Автомобильдің қозғалыс теңдеуін жазыңыз _____ [1]

4. 2с уақыт аралығындағы қозғалыс теңдеуін жазыңыз _____ [1]

5. 4,5 с уақыт аралығындағы қозғалыс теңдеуін жазыңыз _____ [1]

6. Автокөліктің үдеуін және бастапқы жылдамдығын анықтаңыз

_____ [3]

7. 6 секундтан кейін ағаш пен көлік арасындағы қашықтықты анықтаңыз

_____ [2]

«Мұнай дақтары» тапсырмасы

Маңғыстау облысындағы кен орындарында 2020 жылы танкерге мұнай жүктеу кезінде мұнай қоспасы төгілді. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ақпараты бойынша 200 литрден аспайтын су-отын қоспасы Каспий теңізіне «жең арқылы үзіліп және екпіндеп төгілуі» нәтижесінде түсті. Бұл су қоймасына жарық пен оттегінің түсуінің азаюына әкелді. АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігі (US Environmental Protection Agency) мұнайдың төгілу әсерін келесідей сипаттайды. Суға бір тонна мұнай төгілгеннен кейін 10 минутта қалыңдығы 10 мм болатын мұнай дақтары пайда болады. Уақыт өте келе пленканың қалыңдығы азаяды (1 миллиметрден аз), ал дақ кеңейеді. Бір тонна мұнай 12 шаршы шақырымға дейінгі аумақты қамтуы мүмкін. Балықтардың, өсімдіктердің және су қоймаларының басқа тұрғындарының өмірі үшін жарықтан басқа оттегі де қажет. Оттегі судың өзін-өзі тазартуына ықпал етеді, сондықтан оның жетіспеушілігі көк-жасыл балдырлардың өсуіне және көптеген су қоймалары тұрғындарының өліміне әкеледі.



Мәтін бойынша тапсырмалар:

1) Неліктен су қоймасының беті балшықпен, жапырақтармен, қоқыспен немесе мұнай пленкасымен жабылмауы қажет және маңызды?

[1]

2) Қандай құбылыс өзенге оттегінің түсуін қиындатады?

[1]

3) Пайда болған дақтың ауданын анықтаңыз?

[2]

4) Берілген мұнай дақтарының молекулаларының санын анықтаңыз?

[2]

«Фотоэффект» тапсырмасы

Вещество	Работа выхода		Вещество	Работа выхода	
	10^{-19} Дж	эВ		10^{-19} Дж	эВ
Барий	3,8	2,4	Платина	8,5	5,3
Барий на вольфраме	1,8	1,1	Рубидий	3,5	2,2
Вольфрам	7,2	4,5	Серебро	6,9	4,3
Германий	7,7	4,8	Торий	5,4	3,4
Золото	6,9	4,3	Торий на вольфраме	4,2	2,6
Кальций	4,5	2,8	Цезий	2,9	1,8
Молибден	6,9	4,3	Цезий на вольфраме	2,2	1,4
Никель	7,2	4,5	Цезий на платине	2,1	1,3
Оксид бария	1,6	1,0			
Оксид меди (I)	8,3	5,2			

Электрондардың шығу жұмысы:

Барий	484	Рубидий	573
Вольфрам	272	Серебро	260
Калий	550	Сурьма	310
Литий	500	Сурьяно-цезиевый катод	670
Медь	270	Цезий	620
Ртуть	260	Цинк	290

Фотоэффектің қызыл шекарасы (нм).

Планк тұрақтысы : $h=6,6 \cdot 10^{-34}$ Дж·с

Жарықтың вакуумдағы жылдамдығы: $c=3 \cdot 10^8$ м/с.

Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Кестеде берілген мәліметтерді пайдаланып сұрақтарға жауап беріндер: [3]

A	Платинаның электрондардан шығу жұмысы ең үлкен	Иә/Жоқ
B	Литийдің фотоэффектісінің қызыл шекарасы $0,6 \cdot 10^{15}$ Гц	Иә/Жоқ
C	Мыстың фотоэффектісі толқын ұзындығы 280нм жарықпен сәулеленгенде пайда болады?	Иә/Жоқ

2. Теріс зарядталған пластинаны жарықпен сәулелендірген кезде жарық жолына кәдімгі шыныны қоятын болсақ, олар электрондарын жоғалтпайды. Неліктен?

A) шыны ультракүлгін сәулелерді жұтып алады;

B) шыны жарықты ұстап тұрады;

C) шыны фотондарды жұтып алады.

(1)

3. Кейбір заттарда оған түсетін сәулеленудің жиілігі $1,11 \cdot 10^{15}$ Гц дейін төмендеген кезде фотоэффект құбылысы тоқтайды. Бұл қандай заттар.

[2]

«Ультрадыбыс» тапсырмасы» тапсырмасы.

Ультрадыбыстық диагностиканың құрылу тарихы 1941 жылдан басталады. Ультрадыбыстық диагностика пьезоэлектрлік әсерге негізделген. Бұл белгілі бір заттардың (кварц, барий) электр тогының әсерінен ультрадыбыстық толқындарды шағылыстыру және шығару қабілеті.

Ультрадыбыстық аппараттың сенсоры немесе түрлендіргіш осындай заттардан жасалған. Ультрадыбыстық құрылғының жұмыс принципі акустикалық кедергі болып табылады. Адам ағзасының барлық мүшелерін құрайтын ұлпалардың тығыздығы әртүрлі. Осыған байланысты олар ультрадыбысты әртүрлі жылдамдықпен көрсетеді. Сұйықтықтар оны шағылыспайды, бірақ сіңіреді.

Шағылысқан толқындар компьютер арқылы кескінге айналады. Суретте сүйектер мен шеміршек ақ түспен көрсетілген. Орташа тығыздығы бар ұлпалар, яғни барлық дерлік ішкі органдар ашық сұр немесе қою сұр. Сұйықтар мен ауа қара түсті. Мұндай сурет сонограмма деп аталады.

Қазіргі заманғы ультрадыбыстық құрылғыларда кескінді алу үшін жиілігі 2 МГц және одан жоғары ультрадыбыстық қолданылады. Ультрадыбыстың таралу жылдамдығы ортаның тығыздығымен анықталады.

Ұлпа	Ультрадыбыстың таралу жылдамдығы, мм/мкс	Ұлпа	Ультрадыбыстың таралу жылдамдығы, мм/мкс
Ми	1,51	Май ұлпалары	1,45
Бауыр	1,55	Сүйектер	4,08

Бүйрек	1,56	Қан	1,57
Бұлшықет	1,58	Ауа	0,33

Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Ультрадыбыстың таралу жылдамдығы анықталады [1]

- A) жиілікпен
- B) амплитудамен
- C) ортамен
- D) периодпен
- E) толқын ұзындығымен

2. Ультрадыбыс толқындар ортада таралады. [1]...

- A) кума толқын түрінде
- B) көлденең толқын түрінде
- C) электромагниттік тербеліс түрінде
- D) түзусызықты бірқалыпты тербеліс түрінде
- E) түзусызықты бірқалыпты емес тербеліс түрінде

3. Жұмсақ ұлпаларда ультрадыбыстың орташа таралу жылдамдығы [2]

- A) 1450 м/с
- B) 1620 м/с
- C) 1540 м/с
- D) 1300 м/с
- E) 1420 м/с

4. Жұмсақ ұлпаларда ультрадыбыстың толқын ұзындығы [2]

- A) 1,52 мм
- B) 0,77 мм
- C) 0,77 мкм
- D) 0,38 мм
- E) 0,38 мкм

«Ертеде қолданылған өлшем бірліктер» тапсырмасы

Ертедегі Вавилонда егде адамның күн дискісінің горизонттан шығу уақытында жүріп өткен арақашықтықты ұзындықтың өлшем бірлігі ретінде қолданған. Бұл өлшем бірлік стадий деп аталды.



Мәтін бойынша тапсырмалар:

1. Егер егде адам 139 секунд аралығын 1,4 м/с жылдамдықпен өтсе, Вавилондағы 1 стадия қаншаға тең екенін анықтаңыз. [2]

- A) 177 м/с

- B) 173 м/с
- C) 195 м/с
- D) 140 м/с
- E) 185 м/с.

2. Стадий өлшем бірлік ретінде уақыт өте келе гректерге көшті. Грек стадиін алғаш Геракл өлшеді. Ол атлеттің 600 қадамына тең болды. Егер 1 стадий 180 метрге тең болса, Гераклдың табан ұзындығын анықтаңыз. [2]

- A) 30 см
- B) 35 см
- C) 0,45 м
- D) 40 см
- E) 0,25 м

3. Ертедегі әр елде 1 стадийдің мәні әр түрлі болды. Мысалы, Вавилон стадиі 19500см болса, Римде 185 м. Ежелгі Египетте 1 стадий 0,209км ге тең болған. Осы мәндерді салыстырып, өсу ретімен орналастырыңыз. [2]

- A) 19500см, 185м, 0,209 км
- B) 185м, 19500см, 0,209 км
- C) 185м, 0,209 км, 19500см
- D) 19500см, 0,209 км, 185м
- E) 0,209км, 185м, 195000см

4. Ежелгі гректерде «Стадия» жүгіру және басқа да жарыстарда қолданылатын аудан дегенді білдірді. Қазіргі кезде бұл аудан спорттық шаралар мен жарыстар өтетін стадион деп аталады. Жеңіл атлетиканың чемпионы Хишам Эль-Геруж (Морокко) 2 км аралықты 4 минут 45 секундта жүгіріп өтеді. Спортсменнің орташа жылдамдығын анықтаңыз. [2]

- A) 6,5 м/с
- B) 4 м/с
- C) 5,5 м/с
- D) 8 м/с
- E) 7 м/с

«Биология» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Биология сабақтарында бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады және оқу бағдарламасының мақсаттарымен және күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты. Сондықтан сұрақтарға жауап іздеу, нені және қалай оқыту керек, оқушылардың қажеттіліктері қандай, оларға оқу нәтижелеріне қол жеткізуге қалай көмектесуге болады деген сұрақтарға жауап беру бағалау практикасында жүзеге асырылуы керек.

Биологиядағы формативті бағалау-бұл оқу процесін үздіксіз жақсарту және әр оқушының академиялық жетістіктерін қолдау мақсатында оқу барысында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үрдісі. Бағалаудың бұл әдісі оқушыларға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға көмектесетін, сондай-ақ оларды өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі бағалауға үйрететін кері байланысқа бағытталған.

Биология сабақтарында формативті бағалауды келесі әдістер мен тәсілдер арқылы жүргізуге болады:

- ауызша сауалнамалар;
- диаграммалар, кестелер;

- блиц сынағы;
- спиннер және т. б.

Әрі қарай үлгі ретінде тапсырмалар түрлері ұсынылады.

10-сынып. Тақырып: Гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың он және теріс тұстары. Гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың этикалық сұрақтары

Оқу мақсаты: 10.4.3.4 гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың этикалық сұрақтарын талқылау

Бағалау критерийлері:

- ✓ гендік модификацияланған ағзаларды сипаттайды;
- ✓ сипаттамалары мен және гендері белгілі бір қасиет беретін ағзалардың арасындағы сәйкестікті анықтайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

білу түсіну

қолдану

1-тапсырма

ГМ ағзалардың сипаттамалары мен оларға белгілі бір қасиет беретін гендері бар ағзалар берілген.

Ескерту: белгілі қасиеттегі гендері бар ағзалар санмен, ал ГМ ағзалардың сипаты әріппен белгіленген.

2-тапсырма. Берілген ағзалардың сипаттамалары мен гендері белгілі бір қасиет беретін ағзалардың арасындағы сәйкестікті анықтаңыздар:



Атауы: Phyllomedusa
Алыпбақа Негізгіген
DRS B1
Гендік өнімнің қасиеті:
B1 нәруызы (dermasertin) бактериялар мен саңырауқұлақтарды жояды.
GMқолдану:



Атауы: Zea mays
Жүгері немесе қант жүгерісі
GM алуға жарамдылығы:
адамдар мен жануарлардың тағамы, крахмал мен қанттың көзі.
Зиянкес жәндік өнімнің түсімін азайтады, ұрғақшылық жағдайда түсім мол және арам шөпсіз болу қажет.

Картопта бактериялық ауру мен шіруді болдырмау	
2.	B



Штамматауы *Agrobacterium* sp C4

Негізгіген

C4 EPSPS

Гендік өнімнің қасиеті:

EPSP

Синтаза өсімдік хлоропластында маңызды метаболизм үрдісіне қатысады.

Бактерия глифосатпен зақымданбаған.

GM қолдану: Өсімдікті глифосатқа тұрақты ету үшін, ол жүгері, мақта, соя өсімдіктеріне зиян келтірмей арамшөптерді жояды.



Атауы: *Capra Aegagrus Hircus*

Ешкі

GM алуға жарамдылығы


Ешкінің аналығының сүті мол.

Ген сүт бездерінің генін қосатын промотормен байланысқан, нәруыз өнімі сүттің құрамында болады.

«өрмекші ешкі»

Басқа ешкілер есірткі, антикоагулянт ретінде пайдаланатын адамның антитромбинін III өндіруде қолданылады.

3



Атауы: *НефилаКлавипс*

Алтын шар

Негізгі ген;

Masp

Гендік өнімнің қасиеті; Маталарға мықты жібек талшық GM қолдануы

Ген GM ешкінің сүт бездерінде, жасанды сіңіре алу үшін жібек талшығының жаппай өндірісінде

C





Атауы: *Gossypium hirsutum*

Мақта

GM алуға жарамдылығы

Тоқыма өнеркәсібінде маңызды кнім, бірақ көптеген зиянкес жәндіктер әсерінен өнімнің түсімі азаяды.

<p>4</p>  <p>Атауы: <i>Androctonus australis hector</i> Сарышаян Негізгіген: АаНІТІ Гендік өнімнің қасиеті Жәндіктер үшін улы, сүтқоректілерге зиян емес. GM қолдануы ГМ Мақта дақылындағы жәндіктерді жо- яды.</p>	<p>D</p>  <p>Атауы: <i>Solanum Tuberosum</i> Картоп GM алуға жарамдылығы: Көмірсудың негізгі көзі. Кез келген аймақта өседі, көп өнім береді, бірақ, бактериялар мен саңырауқұлақтар тудыратын көп аурулардан зардап шегеді.</p>
--	--

Дұрыс жауап: 1- D

2- A


3- B

4- C

Дескрипторы:

- ✓ белгілі қасиеттегі гендері бар ағзаларды таба біледі;
- ✓ ағзалардың сипаттамаларын жасай алады;
- ✓ ағзалардың сипаттамалары мен және гендері белгілі бір қасиет беретін ағзалардың арасындағы сәйкестікті анықтай алады.

3-тапсырма. Сызбаны қолдана отырып, гендік модификацияланған өсімдік алу үрдісін сипаттаңыз:



Дұрыс жауап: Қажет генді рестрикциялармен «қиып» алу, оны лигазалармен бір біріне «жалғау». Аденовирус бұл бөлінбеген жасушаға ене алатын болғандықтан мінсіз вектор. Сондықтан да қажетті инсектицидті түйіршікті нәруыз генін векторға орналастырады. Ол жұлдыз құрттардың ішегін зақымдайды. Мәдени өсімдікте оларды гербидцидтерге тұрақты ететін ген пайда болады.

Дескрипторы:

- ✓ гендік модификацияланған өсімдік алу әдісін біледі;
- ✓ Мәдени өсімдікте оларды гербидцидтерге тұрақты ететін генді алуды түсінеді.

«Химия» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Бағалау нақты білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған және тақырып бойынша әр оқу жағдайында қандай дағдылар, білім мен дағдылар бағаланатынын үнемі ескертеді. Білім алушыларды бағалауға қатысты нақты критерийлер мен үміттерді қамтамасыз ету маңызды. Оқушылар олардан не күтілетінін және олардың жұмысын бағалау үшін қандай критерийлер қолданылатынын білуі керек. Формативті бағалау білім алушыларға дұрыс істемегендері туралы ғана емес, сонымен қатар олардың нәтижелерін қалай жақсартуға болатындығы туралы кері байланыс беруді қамтиды. Бұл білім алушыларға өз әрекеттерін реттеуге және жақсартуға ұмтылуға көмектеседі.

Бұл принциптер химия бойынша білімді бағалаудың тиімдірек және әділ процесін құруға көмектеседі, сонымен қатар білім алушылардың дамуына және білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

Химиядағы формативті бағалауды нақтырақ түсіну үшін оны қалай жасауға болатыны туралы бірнеше мысалды қарастырайық:

1-мысал: химиялық реакцияларды түсінуді бағалау

Мұғалім оқушыларға бірқатар реакция теңдеулерін бере алады және олардан реакция түрлерін (синтез, талдау, алмастыру және т.б.) анықтап, теңдеулерді теңестіруді сұрай алады. Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім қателіктерді көрсетіп, оларды қалай түзетуге болатынын түсіндіріп, кері байланыс жасайды.

2-мысал: зертханалық жұмыс

Мұғалім зертханалық жұмысты ұйымдастырады, онда оқушылар химиялық реакцияның жылдамдығын тексеруі керек. Эксперимент жүргізілгеннен кейін білімалушылар нәтижелерді жазып алады, содан кейін реакция жылдамдығына қандай факторлар әсер ететінін түсіндіріп, оларды талдайды. Мұғалім олардың деректерді талдау және реакция кинетикасын түсіну қабілетін бағалай алады.

3-мысал: химиялық қосымшаларды талқылау

Мұғалім білімалушыларға күнделікті өмірде қолданылатын химиялық процестерді, мысалы, тамақ өндірісінде немесе дәрі-дәрмектерде қолданылатын процестерді зерттеуді ұсынуы мүмкін. Оқудан кейін оқушылар сыныптағы білімдерімен бөліседі және химияның біздің өмірімізге қалай әсер ететінін талқылайды. Бұл оларға химияның теориялық аспектілерін түсініп қана қоймай, олардың іс жүзінде қолданылуын көруге көмектеседі.

Педагогикалық практикада химия пәнінің мұғалімдері табысты болудың ағымдағы көрсеткіші ретінде формативті бағалау тиімді оқыту мен білімді нәтижелі бағалауға ықпал ететініне сенімді, сондай-ақ оқушылардың өз дағдылары мен құзыреттерін дамытуға көмектесетініне сенімді. Мысал ретінде Астана қ. РФМШ мектебінің химия пәні мұғалімі Г.С.Раисханованың тәжірибесі келтірілген, өз сабақтарында формативті бағалау кезінде бірнеше негізгі қағидаттарға сүйенеді:

Ауызша жауаптар мен талқылаулар	Химиялық реакция жылдамдығына қандай факторлар әсер етеді немесе реакция жылдамдығын анықтау міндеті қойылады. Жауаптарды алғаннан кейін мен оларды сыныппен талқылаймын және негізгі ұғымдарды бөліп көрсетемін.
Жазбаша жауаптар. Практикалық дағдыларды бағалау	білімалушылар өздерінің бақылаулары мен рефлексияларын, жүргізілген химиялық эксперименттер туралы қорытындыларын жазады. Жазбаға талдау жасау және жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар беру. Мен олардың эксперименттер жүргізу дағдыларын, манипуляциялардың дұрыстығын және алынған нәтижелерді талдауды бағалау. Практикалық жұмыстар үшін формативті баға журналға қойылады.
Формативті тесттер	химиядағы әр тақырыпты оқығаннан кейін Kahoot/ Quizizz немесе Google формасында білімалушылардың материалды түсіну деңгейін бағалау және кейіннен түзетудің әлсіз жақтарын анықтау үшін шағын сынақтар жүргізу
Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау:	Оқушылар өз жұмыстарын немесе сыныптастарының жұмыстарын берілген критерийлер бойынша бағалайды. Бұл

	олардың қателіктерін жақсы түсінуге және олардан үйренуге көмектеседі.
Кері байланыс және түзету	білімалушыларға олардың тапсырмаларын тексергеннен кейін олардың жетістіктеріне баса назар аударып, жақсарту жолдарын ұсына отырып, жеке Кері байланыс беру

Химиядағы формативті бағалау мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді кері байланысты дамытады, оқушыларға өздерінің жетістіктері туралы білуге және осы ғылыми саладағы дағдылары мен білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Химиядағы формативті бағалау мұғалім мен оқушы арасындағы белсенді кері байланысты дамытады, оқушыларға өздерінің жетістіктері туралы білуге және осы ғылыми саладағы дағдылары мен білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қарастырайық мысал формативті бағалау "тақырыбында Жануы" ескере отырып, көрсетілген мақсаттар оқыту:

Мақсаттар:

7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну;

7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу;

Тапсырма: топтардағы оқушыларға атмосфералық ауаның ластануы немесе өрттің салдары туралы мәтін немесе мақала беріледі.

Топтағы әр оқушының өз рөлі болуы керек!

5 балдық бағамен оқу мақсаттарына қол жеткізу деңгейін бағалау үшін критерийлер мен дескрипторлар беріледі:

7.3.1.3-мақсат: атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну.

5 ұпай: студент атмосфералық ауаны қорғаудың маңыздылығын терең түсінетіндігін және оның адамзат үшін неліктен өзекті және маңызды екенін түсіндіре алатындығын көрсетті. Ол атмосфералық ауаны ластаушы заттардың нақты мысалдарын келтіріп, олардың қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына әсерін сипаттай алады.

4 ұпай: студент атмосфералық ауаны қорғаудың маңыздылығын жақсы түсінді және оның неліктен маңызды екенін түсіндіре алады. Ол ластаушы заттардың мысалдарын және олардың әсерін келтіре алады, бірақ кейбір түсініксіздіктері бар.

3 ұпай: студент атмосфералық ауаны қорғаудың маңыздылығы туралы негізгі түсінікке ие, бірақ оның түсіндірмесі үстіртін болуы мүмкін. Ол бірнеше ластаушы заттар туралы айтуы мүмкін, бірақ олардың әсері туралы толық мәлімет бермейді.

2 ұпай: студент атмосфералық ауаны қорғаудың маңыздылығы туралы шектеулі түсінікке ие және жалпы түсініктеме бере алады, бірақ нақты мысалдар жоқ.

1 ұпай: студент атмосфералық ауаны қорғаудың маңыздылығын түсінбейді немесе түсініктеме бере алмайды.

Оқу мақсаты: 7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу.

5 балл: Оқушы заттың жану шарттарын және жану реакциясының өнімдері жөнінде терең білімін көрсетті. Ол жану процесіне оттегі қажет екенін, оның шарттары мен жану процесіне әсер ететін факторларды егжей-тегжейлі түсіндіре алады, сондай-ақ әр түрлі заттардың жану өнімдерін анықтай алады.

4 балл: Оқушы заттың жану шарттарын және жану реакциясының өнімдері туралы жақсы меңгерген. Ол оттегінің неліктен маңызды екенін түсіндіре алады және сәтті жану жағдайларын сипаттай алады.

3 ұпай: оқушы жану жағдайлары мен өнімдері туралы түсінігі бар, бірақ түсіндірмелері шектеулі болуы мүмкін. Ол оттегі және кейбір шарттары туралы айта алады.

2 балл: Оқушыда жану туралы шектеулі білімі бар, кейбір шарттарын айта алады, бірақ толық түсіндіре алмайды.

1 балл: Оқушы заттардың жану шарттарын білмейді, жану реакциясының өнімдерін атай алмайды.

Олар атмосфералық ауаны қорғаудың неліктен маңызды екенін және оның ластануынан қандай салдарлар туындауы мүмкін екенін талқылайды және түсіндіреді. Олар өрттің шығу себептерін түсіндіреді, факторларды анықтайды және әртүрлі заттардың жану процесін сипаттайды, әр заттың жану реакциясының өнімдерін анықтайды. Содан кейін олар өз нәтижелерін ұсынады, тапсырмаларының тақырыптарын біріктіреді және жалпы қорытынды жасайды. Өзін-өзі және өзара бағалау ауызша беріледі, мұғалім кері байланыс жасап, формативті бағалау жүргізеді. Оқушылар жұмыс үшін жинаған ұпайларының қосындысын дәптерлеріне енгізеді.

«Қазақстан тарихы» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Сабактың тақырыбы: Соғыстан кейін қазақстандықтардың өмірі
Соғыстан кейінгі Қазақстанның ахуалы қандай болды?

Тақырып бойынша сенімді сайт мәліметтерін қолданып, өзара ізденіс жасап, кестені толтыру.

Өзгерістер +	дәлел	Өзгерістер -	дәлел

1-топ: демографиялық жағдайы

Дескрипторы:

Соғыстан кейінгі Қазақстанның демографиялық жағдайдың өзгерістерін анықтап, оң және теріс әсерлеріне кемінде 3 дәлел келтіріп, қорытынды жасайды.

2-топ: ауыл шаруашылық жағдайы

Дескрипторы:

Соғыстан кейінгі Қазақстанның ауыл шаруашылық саласындағы өзгерістерді анықтап, оң және теріс әсерлеріне кемінде 3 дәлел келтіріп, қорытынды жасайды.

3-топ: өнеркәсіптің жағдайы

Дескрипторы:

Соғыстан кейінгі Қазақстанның өнеркәсіп саласындағы өзгерістерді анықтап, оң және теріс әсерлеріне 3 дәлел келтіріп, қорытынды жасайды.

Б Талқылау

Соғыстан кейінгі Қазақстанда орын алған өзгерістердің туындауына қандай жағдайлар себеп болды?

Ж Деректі талдау

1. Деректен қандай маңызды ақпарат алуға болады?

2. Деректе ұсынылған статистикалық мәліметтен қандай қорытынды жасауға болады?

Дерекке өз тарапыңнан қандай қосымша мәлімет ұсына аласың?

Дерек

Әлеуметтік-саяси, экономикалық үрдістер республика халқының құрамында, оның табиғи қозғалысы, көші-қон процесі, әлеуметтік құрылымы және т.б. көрсеткіштерінің өзгерістерінде демографиялық дағдарыс сипатында көрінді. Мысалы, 1937 жылы республика халқы 1926 жылғы санақпен салыстырғанда 1,3 есе, соның ішінде, қазақтар — 1,7 есе, украиндар — 1,6 есе, өзбектер — 1,9 есе, қырғыздар — 2,1 есе, басқа ұлт өкілдері — 1,6 есе кемісе, елге сырттан қоныс аудару саясатының пәрменді жүргізілуіне байланысты орыстар — 1,5 есе, немістер — 1,6 есе, татарлар — 1,1 есе көбейген. КСРО-дағы халық санының жоспарланған деңгейден 11 миллионға кемдігін көрсеткен 1937 жылғы санақ Кеңес өкіметінің 1917-1933 жылдары жүргізген саясатының демографиялық дағдарыстарға әкелгенінен хабардар етті. Сондай демографиялық дағдарыс 1939-1959 жылдар аралығында да өтті. 1939-1959 жылдардың қазақ тарихындағы ерекшелігі сонда, егер моңғол шапқыншылығы кезінде қазақ халқының шығыны нәсілдік бейнесін өзгертуге дейін жеткізіліп, жонғар шапқыншылығы кезінде 2/3-сі жойылып, ал, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде 2,2 млн адамынан — жартысынан айырылса, 1939-1959 жылдар аралығында кеңес өкіметінің сыналап жүргізген көші-қон саясатының нәтижесінде, қазақтардың өз жеріндегі үлесі 29,8%-ға дейін төмендеп, Қазақстан халқының үштен бірін де құра алмаған мүшкіл жағдайды бастан кешті.

© e-history.kz

Соғыстан кейін орын алған өзгерістер (демография, саясат, әлеумет, экономика) салалар арасында бір-біріне қалай әсер етті?

Сабақ тақырыбы: Қазақстан ядролық сынақтар алаңы

Кеңес басшылығы неліктен ядролық полигонды Қазақстанда орналастырды? Оқушылардың пікірін тыңдап болғаннан кейін мұғалім қорытындылайды.

1-тапсырма. Мәтінді қолдана отырып «Триада» кестесін құрастырады. Мұғалім сыныптың ыңғайына қарай себептері мен салдарын жеке топтарға бөлу арқылы ұйымдастыруына болады.

Ядролық полигонды Қазақстанда орналастыру себептері:		
1		
2		
3		
Қазақстанда ядролық сынақ полигонының салынуы		
Саяси салдары ? 1 дәлел.	Экономикалық салдары ? 1 дәлел.	Әлеуметтік салдары ? 1 дәлел.

2 тапсырма. «Тәуелсіз Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы дұрыс шешім болды/ болған жоқ»

ПОПС әдісімен оқушылар қысқаша өз позицияларын қорғайды.

Сабақтың тақырыбы: Жылымық кезеңіндегі саяси өзгерістер

Б. Оқушыларға Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеу туралы Хрущевтің XX съезде сөйлеген сөзінен үзінді көрсетіледі (3 мин).

Т.12-тапсырма. Кейін оқушылар *MS Teams* платформасындағы тиісті каналдарда топқа бөлінеді. КОКП ОК-нің «Жеке адамға табынушылық және оның зардаптары туралы» (маусым, 1956 жыл) қаулысымен танысу үшін мәтін беріліп, келесі сұрақтарға назар аударулары сұралады:

- Қаулы не себептен пайда болды?
- Бұл қаулының жариялануы мемлекет пен қоғамда қандай өзгерістер әкеледі?
- Не себепті бұл Қаулы сол кезде құпия сақталып, 33 жылдан кейін ғана жарияланды?

(Б/Т) 2-тапсырма. Оқиға/өзгерістер тізбегі бойынша сынып талқылауын ұйымдастырып, өзгерістердің маңыздылығын анықтап «маңыздылық деңгейі» бойынша орналастыруды тапсырыңыз.

Дескриптор:

- кем дегенде 3 өзгерістердің маңыздылығын анықтап, талдайды.

(Б) 3-тапсырма. И.Сталин мен Н.Хрущев кезіндегі қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері мен өзгерістерін, сонымен қатар зара сабақтастығын анықтау мақсатында төмендегі кестені толтыруды ұсыныңыз.

Кезең атаулары	Қоғамдық-саяси өмір	
	Өзгеріс	Сабақтастық
Сталиндік кезең		
Хрущевтік кезең		

Дескриптор:

- Сталиндік кезеңінің 2 өзгерістерін анықтайды
- Хрущевтік кезеңінің 2 өзгерістерін анықтайды
- екі кезеңнің 1 сабақтастығын талдайды

Қорытынды

«Жылымық кезеңі қоғамды-саяси өмірге прогресшіл бастамалар әкеле алды ма?», «Жылымық кезеңінде» белең алған өзгерістер қарқынына қарап, болашаққа қандай болжамдар жасай аламыз?

Оқушыларға "Не білдім, не үйрендім, нені білгім келеді?" кестесін толтыруды ұсыну

Сабақтың тақырыбы: ХХ ғ.. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар

60-80-жылдары республиканың қоғамдық-саяси өмірінде қандай үрдістер байқалды?

1-тапсырма. Сызбаны толтырыңыз

	Қоғамдық-саяси өмірде атқарылған іс-шаралар	

Қоғамдық-саяси өмірде қандай мәселелер шешілмегенін талқылаңыз?

2-тапсырма. 1965 - 1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің жағымды және жағымсыз жақтарын орналастыр. Қандай қорытынды шығаруға болады.

Жағымды	
Жағымсыз	
Қорытынды	


3-тапсырма. «Суреттегі ашылмалы тізім»

Стратегиядағы 1-басымдық: ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан азаматтарының денсаулығы, энергетикалық ресурстар



Қай кезеңге жатады? Қандай оқиғаға байланысты?

4-тапсырма. Ұлттарды қосу саясатының идеологиялық негізделуін салыстыра отырып түсіндіріңіз.



5-тапсырма. Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар

1960 жылдары құрылған қазақ жастарының ұйымдары	Кеңес үкіметі органдарымен ашық қақтығысқа барған азаматтар	1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалардың себебі

6-тапсырма. «Тарих маятнігі» арқылы қоғамдық-саяси жүйе не себепті ұлт зиялыларын күрес жолына шығуына мәжбүрледі? Өз пікіріңізді білдіре отырып, дәлелді фактілермен жазыңыз.

7-тапсырма. Тарихи тұлғаның портреті

АҚТ, қосымша әдебиеттер мен өз біліміңізді пайдаланып, Д.А. Қонаевтың тұлғасына сипаттама беріндер (мемлекет қайраткері ретінде, сондай-ақ тарихта алатын орны)



«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Дүниежүзі тарихы» пәні білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрметті қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған.

Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасының әрбір бөлімі бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері мен мақсаттары қалыптастырушы бағалау практикасының мазмұнын айқындайды. Мұғалімнің қызметіндегі формативті бағалау процесі келесі кезеңдерді жүзеге асыруды көздейді:

- * формативті бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру;
- * формативті бағалау әдістерін таңдау;
- * кері байланыс беру;
- * формативті бағалау нәтижелерін талдау.

Тарихты оқытуда білім алушының оқыған тарихи фактілер мен оқиғаларды кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру мен тарихи картаны «оқып», оны білім көзі ретінде пайдалануына көңіл бөлу ұсынылады. Білім алушыларда тарихи картамен жұмыстың негізі 5-сыныптан қаланады, ол картаның шартты белгілерін қолдана білуі, тарихи және географиялық нысандарда дұрыс бағдарлана білуді қажет етеді.

https://uba.edu.kz/storage/app/media/IMP/IMP_2021-2022_kaz.pdf

Тарихты оқытуда тарихи концепт бойынша берілетін тапсырмаларды оқушылардың тарапынан тек қана себеп пен салдарларды анықтаумен қатар, бұл себептерді берілген белгілері бойынша жіктеу (мазмұны, уақыты және рөлі бойынша), түрлі себептер арасында өзара байланысты анықтау және оларды маңыздылық деңгейі бойынша орналастыруға бағыттау ұсынылады.

Білім алушылар белгілі бір тарихи оқиғалардың/ құбылыстардың/ процестердің маңыздылығын анықтай білуге үйренулері қажет. Мұғалімнің білім алушыларға маңыздылық сөзінде қандай мағына жатқандығын түсінуіне қолдау көрсетуі тиіс. Мұғалімнің сабаққа арнайы әзірлейтін тапсырмалары: – түсінікті болуы; – саралаудың ескерілуі; – сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беруі; – проблемалық оқытуға негізделуі; – бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы. Картамен жұмысты тиімді деңгейде күшейту қажет. Ол үшін тарихи карталар мазмұнын талдау бойынша тапсырмаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар берген дұрыс.

Пән бойынша формативті бағалау тапсырмаларының үлгілері:

5-сынып. Тақырып: Неліктен Александр Македонский скифтерді бағындыра алмады?

Оқыту мақсаттары: 5.3.2.2 басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін талдау

Бағалау критерийлері:

Білім алушылар:

- жаулап алу жорықтарының бағытын, сондай-ақ А. Македонский армиясының негізгі шайқастарының орындарын анықтайды;

- А. Македонский жаулап алған жерлерді көрсетеді;

- грек-Македония басқыншыларына табанды қарсылық көрсеткен массагет сақтарының жерлерін көрсетеді;


- А. Македонскийдің әскері неге Сырдария өзенінен солтүстікке қарай жылжи алмағанын түсіндіреді;

- Македония империясы ыдырағаннан кейін пайда болған мемлекеттер көрсетеді.


Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану

Тапсырма 1. Карталарды мұқият қарап шығыңыз.

№ 1 Карта «Александр Македонскийдің жаулап алу жорықтары»



«№ 2 Карта «Александр Македонский империясының ыдырауы»



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- балалар, Александр өзінің жорығын қай қаладан бастады? (жабық сұрақтың мысалы)

Формативті бағалау: «Мұғалімнің мадақтауы»

- №1 карта бойынша хронологиялық кесте құру «Александр Македонский әскерлерінің негізгі шайқастары» (кестені толтыру мысалы)

Дата	Шайқастар
Б.э.д.334жыл .	Граник өзеніндегі шайқас

12-кесте. Хронологиялық кесте құру

[«Дүниежүзі тарихы» пәнінен қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы, 5-сынып, Астана, 2019]

Мұғалім берген өзара тексеру және өзара бағалау, әрбір дұрыс көрсетілген шайқас үшін 1 ұпай.

«Ыстық орындық» тәсілі, білім алушыларға №1 картаны қолдана отырып, А.Македонский жаулап алған жерлер туралы айту, сақ массагеттерінің жерлерін

көрсету және А. Македонский әскерлерінің олардан жеңілу себебін түсіндіру ұсынылады. Білім алушының сөз сөйлеуі барысында сыныптастар мен мұғалім қарсы сұрақтарын қоя алады, мысалы, Сізді түсінгенімше, сіз Парсы патшалығының барлық жерлерін жаулап алдыңыз ба? Формативті бағалау «Досқа иық сүйеу», «мұғалімнің мадақтауы»;

Тапсырмаға арналған дескрипторлар:

Пелла қаласын көрсетеді;

Жорықтар кестесін толтырады;

әскери жорықтар кезінде жаулап алынған елдер мен жерлер, сондай-ақ сақтардың массагет жерлерін картадан көрсетеді;

Сак-массагеттермен қақтығыстағы әскери сәтсіздіктердің себебін түсіндіреді;

Александр Македонский қайтыс болғаннан кейін пайда болған мемлекеттерді көрсетеді.

Сондай-ақ, сабақта дұрыс құрастырылған сұрақтар маңызды орын алады. Мұғалімдерге «сатылап сұрақ қою» әдісін қолдану ұсынылады. Бұл әдісте дерекке немесе белгілі бір иллюстрацияға қойылатын сұрақтар жеңілден қиынға қарай күрделенеді. Тарих сабағында себеп-салдарлық байланыстарды анықтау кең таралған. Берілген тарихи түсініктер бойынша тапсырмалар білім алушылар тарапынан тек қана себеп пен салдарды анықтаумен шектелмей, бұл себептерді берілген белгілері бойынша жіктеу (мазмұны, уақыты және рөлі бойынша), түрлі себептер арасында өзара байланысты анықтау және оларды қатысты (маңыздылық) деңгейі бойынша орналастыруға мүмкіндік беретіндей түрде құрастырылуы қажет. Мысалы 7-сыныпта 1857-1859 жылдардағы Үндістандағы оқиғаларды ХІХ ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай баяндайды? тақырыбын өткенде білім алушыларға 1857—1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс бойынша сұрақтар қойып, жауаптарын кестеге немесе дәптерге жазу ұсынылады.

Тақырып: 1857-1859 жылдардағы Үндістандағы оқиғаларды ХІХ ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай баяндайды?

Оқу мақсаты: 7.3.2.6 Еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау

Бағалау критерийі: Еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын түсіндіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу және түсіну

Сұрақтар:

Көтерілістің шығу себептері қандай болды?

Сипайлар деген кімдер?

Көтеріліс қалай аяқталды?

Көтерілістің жеңіліске ұшырау себебі қандай?

ХІХ ғ. екінші жартысында Үндістанда қандай өзгерістер болды?

Пәнді оқыту кезінде барлық сынып білім алушыларының жұмыс жасауы және үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады. Оқыту процесін онтайландыру мақсатында топтық

жұмысты ұйымдастыру өте тиімді болып табылады. Топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде әрбір оқушының қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру, олардың топтағы атқаратын негізгі міндеттерін анық түсіндіру қажет. Сонымен бірге топ мүшелерінің әрқашан өзгеріп отыруы да маңызды.

Сынып: 7; Тоқсан: I; Бөлім. Жаңа заманның басталуы

Тақырып: Өнеркәсіп төңкерісі әлемді қалай өзгертті?

Оқыту мақсаттары: 7.4.1.2 Англияның әлемдік жетекші держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің ролін сипаттау

Бағалау критерийлері: Білім алушы: Англияның әлемдік держава ретінде қалыптасуындағы өнеркәсіп төңкерісінің ролін көрсетеді

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану

Тапсырма: Кестені толтырыңыз [«Дүниежүзі тарихы» пәнінен қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы, 7-сынып, Астана, 2019]

Өнеркәсіп атауы	Ғалымдар	Не ойлап тапты?	Қай жылы?	Англияның жетекші державаға айналуындағы маңызы?
Тоқыма өнеркәсібі	Джеймс Харгривс			
	Ричард Аркрайт			
	Эдмунд Картрайт			
Бу двигателі	Дени Папен			
	Джеймс Уатт			
Машина жасау	Джозеф Брама			
Металлургия	Абрахам Дарби			
	Генри Корт			
Транспорт	Ричард Тревитик			
	Роберт Фултон			

13-кесте. Өнеркәсіптің дамуы

Дескриптор:

- Англиядағы өнеркәсіп төңкерісіне үлес қосқан тұлғалардың ашқан жаңалықтарын көрсетеді;
- Англиядағы өнеркәсіп төңкерісіне үлес қосқан тұлғалардың ашқан жаңалықтарының уақытын көрсетеді;
- өнеркәсіп салаларының Англияның жетекші державаға айналуындағы маңызын анықтайды.

«Құқық негіздері» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Оқу бағдарламасына сәйкес «Құқық негіздері» пәнінің мақсаты құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін әр сабақта критериалды бағалау жүйесінің негізгі элементі ретінде формативті бағалау жүзеге асырылады. Оқыту үшін бағалау – білім алушылар мен мұғалімдердің ақпаратты іздеуге, рефлексияға, диалогқа, презентацияға, оқуды жақсартуға ықпал ететін бақылауға негізделген күнделікті жұмысының бір бөлігі.

Формативті бағалау білім алушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейін анықтайды, олардың жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқыту мақсаттарына жететінін түсінуге, ал мұғалімге - білім алушының жеке жетістіктері мен оқу үлгерімінің ілгерілеуі туралы толық мәлімет алуға мүмкіндік береді. Формативтік бағалауда, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, формативтік бағалау кезінде білім алушылардың өз қателігін түзетуге мүмкіндік беріледі. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, уақытында оқу процесін түзетуге жағдай жасайды. «Құқық негіздері» пәнін оқытуда формативтік бағалау келесі кезеңдер арқылы іске асырылады:

- формативтік бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- формативтік бағалау әдістерін таңдау;
- формативтік бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру.

Пән бойынша формативтік бағалауды білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес тиімді жоспарлау үшін мұғалім оның түрін, мазмұнын, жиілігін, сондай-ақ құралдарын өз бетінше анықтайды.

Сондықтан, формативтік бағалау тапсырмаларын құрастыру келесі қадамдар арқылы іске асырылады:

- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттарына талдау жасау;
- оқыту мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру [1].

Мұғалім әзірлейтін формативті бағалау тапсырмалары оқу мақсаттарына жетуге бағытталуы керек, сондықтан оларға сүйене отырып тапсырмалар әзірленеді. Тапсырмаларды құрастыру кезіндегі жалпы ұсыныстар:

- барлық білім алушыларға түсінікті сұрақтар қою;
- сұрақтардың бірізділігін қамтамсыз ету: (қарапайымнан күрделіге немесе жабық сұрақтардан ашық сұрақтарға);
- тапсырмалардың санын және оларды орындау уақытын ескеру;
- сұрақтар бойынша ойлануға жеткілікті уақыт беру;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін проблемалық және ойландыратын сұрақтарды қолдану және т.б.

Пән бойынша формативті бағалау тапсырмаларының үлгілері:

Сабақтың тақырыбы: Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?

Оқыту мақсаты: әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен ролін түсіндіру.

Бағалау критерийлері: білім алушылар:

- әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымын моральдан ажыратады.

Ойлау дағдыларының деңгейі - білу, түсіну

Тапсырма: берілген мораль және құқық нормаларының сипаттамаларын кестеге таратып орналастырыңыз, мораль мен құқықтың ортақ тұстары туралы қорытынды жасаңыз: *қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелері; барлық азаматтар үшін міндетті заңдар; адамдарды ерекшелігіне сәйкес сол күйінде қабылдау; жұмысқа жауапкершілікпен қарау; көлікте жол ақысын төлеу; жәрдемақы алу.*

Мораль нормалары	Құқық нормалары
Қорытынды	

Дескриптор: білім алушылар:

- мораль нормаларын дұрыс анықтайды;
- құқық нормаларын дұрыс анықтайды;
- мораль мен құқық нормаларының ортақ тұстары туралы қорытынды жасайды.

Бөлім: Азаматтық құқық түсінігі.

Тақырып: Азаматтық құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?

Оқу мақсаты: 9.3.1.1 Азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру.

Бағалау критерийі: білім алушылар:

- азаматтық құқық ұғымын анықтайды, азаматтық құқық қағидаларын жіктейді.

1-тапсырма. «Сәйкесін тап»

№	Ұғымдар		Анықтама
1	Мүліктік емес қатынастар	а	Заңмен бекітілген тәртіп ережелері

2	Азаматтық құқық	b	Нақты құны бар мүліктер бойынша азаматтық қатынастар
3	Құқықтық норма	c	Мүліктік, мүліктік емес қатынастарды реттеу құқығы
4	Конституциялық құқық	d	Әдебиет, өнер, авторлық, ар-намыс, бедел сияқты игіліктер негізіндегі қатынастар
5	Мүліктік қатынастар	e	Мемлекет құрылым негіздерін, жеке тұлғаның құқықтық жағдайын, басқару түрін реттейтін құқық саласы

14-кесте. Сәйкестігін табу

Дескриптор:

- азаматтық құқық ұғымын сәйкестендіреді және түсіндіреді;
- құқықтық норма ұғымын сәйкестендіреді;
- Конституциялық құқық ұғымын сәйкестендіреді;
- мүліктік қатынастар ұғымын сәйкестендіреді;
- мүліктік емес қатынастар ұғымын сәйкестендіреді;

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Азаматтық құқық субъектілеріне кімдер жатады?

- 1 _____
- 2 _____
- 3 _____

Дескриптор:

Азаматтық құқық субъектілерін анықтайды.

3-тапсырма. Азаматтық құқық қағидаттарына өмірлік жағдаяттар бойынша мысал келтіріңіз

1. Азаматтық – құқықтық қатынас субъектілерінің теңдігі қағидаты. Азаматтық құқыққа ие болуда және іске асыруда субъектілердің барлығы тең және тәуелсіз. Азаматтық құқықтың субъектілері бір-біріне бұйрық беруге құқы жоқ. Олардың қатынасы өзара келісімге негізделеді.

2. Меншікке қол сұқпаушылық қағидаты – меншік иесі өз мүлкін заңмен тиым салынбаған кез-келген мақсатына жету үшін еркін, қалауынша пайдалана алу құқығын білдіреді.

Дескриптор:

-азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің теңдігі бойынша 1-2 мысал келтіреді;

- меншікке қол сұқпаушылық қағидаты бойынша 1-2 мысал келтіреді.

Бөлім: Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы.

Тақырыбы: Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай?

Оқу мақсаты: 9.2.2.2 мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен ролін анықтау.

Сабақты сұрақтар қоюдан бастауға болады:

Қазақстан Республикасының Президенті мен Парламент депутаттарын сайлауға кімдердің құқығы бар?

Қазақстан Республикасында сайлау құқығы кімдерге беріледі?

Сайлау кезінде дауыс беру қандай негізге сүйеніп жүргізіледі?

Дереккөзбен жұмыс: «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы»

Конституциялық заң(<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002464>) 4-8 баптар.


Жалпыға бірдей сайлау құқығы дегеніміз не?

Кімдердің сайлауға және сайлануға құқығы жоқ?

Қазақстан Республикасының Президенті мен Парламенті депутаттарын таңдаудың ерекшеліктері қандай?

Неліктен жасырын дауыс беру тәртібі енгізілді?

Суретті пайдалана отырып, сайлау құқығының принциптерін ашыңыз:

тең құқық	✓	
тікелей құқық	✓	
жалпы құқық	✓	
құпия дауыс беру құқығы	✓	
ерікті құқық	✓	

Тапсырма

ПТМС формуласын пайдаланып, «Демократиялық мемлекеттің саяси өміріндегі сайлаудың рөлі» тақырыбында эссе жазыңыз.

П-позиция. Берілген мәселе бойынша өз тұжырымыңызды білдіру қажет. Ол үшін келесі тұжырымдарды қолдануға болады: «Мен... деп санаймын», «менің ойымша, бұл мәселе назар аударуға лайық / лайық емес», «Мен... - Мен келісемін».

Т-түсіндіру. Өз ұстанымын негіздеу, түсіндіру. Онда зерттелген тақырыптың сәттері, анықтамалар мен ұғымдар ашылуы керек. Бұл блокта негізгі сұрақ - неге сіз осылай ойлайсыз? Бұл дегеніміз, оны ашуды «себебі...» немесе «өйткені...»сөздерінен бастау керек.

М-мысалдар. Сіздің сөздеріңізді түсінуді нақтылау және растау үшін фактілерді келтіріп, кем дегенде үшеуі болуы керек. Бұл тармақ оқушылардың практикада өз ұстанымдарының дұрыстығын дәлелдеу қабілеттерін ашады. Мысал ретінде сіз өзіңіздің тәжірибеңізді де пайдалана аласыз, тіпті мүмкін тарих немесе құқық пәнінен алынған біліміңізді пайдалануға болады. Ең бастысы, олар сенімді. Бұл қадамда «мысалы,...», «мен мұны...мысалында дәлелдей аламын» сөздерін қолдануға болады.

С-салдары немесе қорытынды. Бұл блок қорытынды болып табылады, онда сіздің позицияңызды растайтын соңғы тұжырымдар беріледі. Ондағы сөйлемдердің басталуы келесідей болуы мүмкін: « осылайша...», «... қорытындылау», «сондықтан...», айтылғандарға сүйене отырып, мен...туралы қорытынды жасаймын».

«Құқық негіздері» пәні мазмұнын меңгертуде жағдаяттық тапсырмаларды шешу, оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Оның дидактикалық құндылығы – ол

дұрыс және логикалық ойлауды үйретеді, белгілі бір кәсіби проблемалардан туындайтын мәселелерді бақылау және талдау қабілетін дамытады. Бұл әдісті білім алушылардың өз бетінше шығармашылық ойлауын дамыту, стандартты шешімдер қабылдаудың дайын тәсілдері жоқ деген сенімін қалыптастыру қажеттілігі туындаған кезде қолдану ұсынылады. Керісінше, әрбір шешім жағдайды жан-жақты талдауды және оған әсер ететін әртүрлі факторларды ескеруді талап етеді.

Бөлім: Еңбек құқығы ұғымы

Тақырыбы: ҚР Конституциясының 24-бабы нені жариялайды?

Оқыту мақсаты: 9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру

Бағалау критерийі:

- жағдаятты талдап, заң бойынша шешімін көрсетеді;

Тапсырма. Жағдаятты тапсырманы шешіңіз:

Дизель зауытына бұрынғы фермер; 11 сыныпты бітірген 16 жастағы жасөспірім; Қарулы Күштерден босатылған офицер; жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін инженер лауазымына жіберілген жас маман жұмысқа орналасу туралы өтінішпен жүгінді. Олардың ешқайсысы жұмысшы, қызметкер ретінде жұмыс істемеген еді.

Жоғарыда аталған адамдар жұмысқа орналасу кезінде қандай құжаттарды ұсынуы керек?

Жұмысшылар мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау қалай жүзеге асырылады?

Жұмысқа алғаш рет қабылданушының еңбек кітапшасы қанша мерзім ішінде рәсімделуі тиіс? Оны қайда сақтау керек? Оған қандай ақпарат енгізіледі?

Жағдаятты бағалауда білім алушылардың өзін-өзі немесе өзара бағалауын жүзеге асыруға болады. Жұмыстың бұл түрі тек «кемшіліктерді» көруге және сын айтуға ғана емес, сонымен қатар жұмыстағы «артықшылықтары» туралы айтуға көмектеседі. Жүйелі құрастырылған формативтік бағалау тапсырмалары білім алушының өз жұмысын тиімді бағалауға, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен пәнді оқыту процесінде өткізілетін формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Көркем еңбек» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

1-бөлім «Визуалды өнер», 5-сынып

Тақырып: Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдары

Оқу мақсаты: 5.1.2.1 Әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу.

Бағалау критерийі Білім алушы:

- әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер түрлерін саралайды;
- берілген туындылардың ерекшеліктерін салыстырады.

Ойлау дағдыларының деңгейі. Қолдану

Тапсырма

Әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер ерекшеліктерін анықтаңыз.

Берілген өнер туындыларын қарастырыңыздар және салыстырыңыз.

Мысалы: Ә.Қастеев «Шөп шабуда», В.М. Васнецов «Три богатыря».

1. Бұл туындылар қандай өнер түрлеріне жатады?
2. Тақырыптары қандай?
3. Орындалу техникасын анықтаңыз.
4. Түстік гаммасын анықтаңыз.

Дескриптор Білім алушы

- мәдениеттегі өнер түрлерін топта талқылайды;
- туындыларды салыстырады;
- орындалу техникасын анықтайды;
- түстік гаммасын анықтайды.

Тақырып Индустриалды пейзаж. Қала пейзажы. Сызықтық перспектива

Оқу мақсаты 5.2.1.1 Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану.

Бағалау критерийі. Білім алушы

- қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолданады;
- қала пейзажында өнердің көркем тәсілдерін пайдаланады.

Ойлау дағдыларының деңгейі. Қолдану

Тапсырма

Қала пейзажын бейнелеңіз.

Қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін көрсетіңіз.

- композиция
- түс
- пішін
- ритм
- колорит
- сызық
- Орындау техникасы (акварель, гуашь, түрлі түсті қарындаш).

Дескриптор. Білім алушы:

- композицияда сызықтық перспективаны көрсетеді;
- түспен жұмыс істеу ережесін пайдаланады;
- жұмысында пішіндерді ұқыптылықпен көрсетеді;
- орындау техникасын таңдайды.

1-бөлім «Визуалды өнер» 6 сынып

Тақырып: Қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет.

Оқу мақсаты: 6.1.2.1 Әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету.

Бағалау критерийі Білім алушы

- өнер, қолөнер, дизайн туындыларының әлемдік және ұлттық ерекшеліктерін анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну

Тапсырма. Қазақстанның атақты суретшісі Ә.Қастеевтің «Шоқан Уәлихановтың портреті» шығармашылығы бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Сурет қандай жанрда орындалған?

Суретте кім бейнеленген?

Автордың түпкі ойы қандай?

Суретшінің картинасының сюжеттік ерекшелігі қандай?

Суретші кейіпкердің мінезін жеткізе алды ма? Оны қалай анықтадыңыз?

Дескриптор Білім алушы

- суреттің жанрын анықтайды;

- суреттегі кейіпкерді сипаттайды;

- автордың ойына түсінік береді;

- сюжеттік ерекшелігін көрсетеді;

Тақырып: Анимация. Сценарий дайындау

Оқу мақсаты: 6.1.4.1 Уақыт пен басқа да факторларды ескере отырып, іс-әрекеттің реттілігін анықтау және жоспарлау

Бағалау критерийі. Білім алушы

- әрекеттің реттілігін анықтап, жоспарлауда уақытты, факторларды ескереді.

Ойлау дағдыларының деңгейі. Қолдану

Тапсырма. Ұсынылған жанрлардың біреуін таңдап, төмендегі қадамдар бойынша ермексаздан анимация жасаңыз. Анимацияның ұзақтығын 30 секунд пен 2 минут аралығына сәйкес етіп, түсіріңіз.

Қолдануға рұқсат етілетін материалдар:

<i>Ұсынылған жанрлар</i>	<i>Қолданылатын материалдар</i>
Тарихи мультфильм	Ермексаз, түрлі-түсті қағаз, картон, түрлі-түсті бояулар, мақта, табиғи материалдар және т.б.
Ертегі мультфильм	
Қиял-ғажайып мультфильм	
Сатиралық мультфильм	
Тәрбиелік мультфильм	
Комедиялық мультфильм	

15-кесте. Қолдануға рұқсат етілетін материалдар

Анимацияны жасау қадамдары:

1. Анимацияның сценарийін жазыңыз;
2. Қиялыңыздан шыққан кейіпкерлердің образдық мүсінін ермексаздан жасаңыз;
3. Декорация мен реквизиттерді таңдап, әсерлі безендіріңіз;
4. Жазған сценарий желісімен кейіпкерді қимыл-қозғалысқа келтіріп, фотоаппарат немесе ұялы телефондарыңызға стоп-кадрлық түсірілім жасаңыз;
5. Анимацияға дыбыстық сүйемелдеу таңдап, біріктіріңіз.

Дескриптор Білім алушы:

- жұмыстың сценарийін жоспарлайды;
- қиялынан шыққан кейіпкерлердің образдық мүсінін ермексаздан жасайды;
- декорация мен реквизиттерді таңдап, әсерлі безендіреді;
- сценарий желісімен кейіпкерді қимыл-қозғалысқа келтіріп, стоп-кадрлық түсірілім жасайды;
- бейне монтаждау барысында анимациялық көрсетілімнің ұзақтығын 30 секунд пен 2 минут аралығына сәйкестендіреді;
- сценарийге сәйкес дыбыстық сүйемелдеуді нақты таңдайды.

«Музыка» пәнінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Музыка» оқу пәнінің 1-6-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған төрт бөлім бойынша ұйымдастырылған. «Музыка» пәні бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі. Пән бойынша білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері оқушылар мен ата-аналарға берілетін кері байланыс үшін материал болып саналады. «Музыка» пәні бойынша жартыжылдық соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/ «есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

1-6 сынып оқушылары өтетін әр тақырыптың оқыту мақсаттары «Музыка» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқушылардың білім алудағы оқу жетістіктерін бағалау ұзақ мерзімді жоспардағы оқу мақсаттарына жету критерийлері арқылы есептелінеді.

Музыка сабағындағы қалыптастырушы бағалаудың негізгі стратегиялары:

- оқыту мен оқу үдерісінің бөлігі ретінде қалыптастырушы бағалау жүргізу;
- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- білім алушыларға оқыту мақсаттары мен бағалау критерийлерін айқындау және ұсыну;
- білім алушылардың оқу дәлелдерін жинауға бағытталған сынып ішіндегі оқу қызметін ұйымдастыру;

- білім алушылардың дамуына ықпал ететін сындарлы кері байланыспен қамтамасыз ету;

- білім алушылардың орындаушылық және музыкалық қабілеттерін шыңдау;

- бағалау үдерісіне қалыпты көзқарас тудыру.

Қалыптастырушы бағалау үдерісі:

- пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімін және түсінігін көрсетеді

- қиын тапсырмаларды орындайды және кең өрістегі жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады

- әр түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты жалпылайды және толық негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты логикалық бірізді аргументтерді келтіре алады

- қиын тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің альтернативті және стандартты емес жолдарын ұсынады және қолданады

- тапсырмалардың кең өрісін шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді, әр түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңыздылығын және негізділігін бағалайды

- ұжымда өз әрекеті нәтижелерімен (ән орындау немесе аспапта ойнау) бөлісу;

- ұжымға көмектесу, білім алушылардың қажеттілігіне бағыттай отырып, сабақтастықты сақтай отырып, жүйелі талдау жүргізу ұсынылады.

Оқу үдерісінде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың төмендегі ұсынылған әдістерін қолдануға болады: «Бұрыштар», «Ойлан-жұптас-бөліс», «Stop-кадр», «Дыбыстау», «Серпілген сауал», «Сұрақты қағып ал», «Допты лақтыру», «Сөзді тап», «Конверттегі сұрақ», «Пікір алмасу», «Элективті тест» секілді көптеген педагогтеріміз қолданып жүрген бағалаулар.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады. Мысалы:

Тақырып: «Симфониялық музыка»

Оқу мақсаты 6.1.1.1 Тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау.

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- музыкалық шығармадағы аспаптың, өнердің түрлерін, стилін, жанрын және үндестік ерекшеліктерін анықтайды

Тапсырма. Вена классиктерін атаңыз. Олардың музыкалық шығармаларындағы жанрды, стилді таныстырылымда талдап, ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Дескриптор *Білім алушы*

- Вена классиктерін анықтайды;
- шығармалардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады;
- музыкалық жанрын, стилін анықтайды.

Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас элементі мұғалім тарапынан және білім алушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауал, диалог, әңгімелесу және т.б.) болып табылады. Көбінесе қолданылатын сұрақтар тобы: ашық және жабық сұрақтар. Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады. Жабық сұрақтар қысқа жауапты қажет етеді, мысалы, деректің, оқиғаның кезеңін атау, түсінгенін анықтау.

Қалыптастырушы бағалау әдістерін жеке, жұптық және *топтық* жұмыстарда, сонымен қоса топтағы жұмысқа:

Тақырып: «Симфониялық музыка»

Оқу мақсаты 6.1.1.2 Оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату, оларды топтар бойынша жіктеу.

Тапсырма:

1. Симфониялық оркестр орындауындағы аспаптарды жіктелуіне қарай топтастырып, постер қорғаңыз.

2. Бос орынға оркестр түрлерін жазыңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- симфониялық оркестр аспаптарын жіктейді;
- топтастырып, постер түрінде қорғайды;
- оркестр түрлерін анықтайды, -секілді жұмыстарды ұсынуға болады.

Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. *Жеке* жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының күшті жағына да, әлсіз тұстарына да назар аударып отырған дұрыс. Сондай-ақ, білім алушылардың музыкалық шығармаларды нақышына келтіріп орындауына да мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс, және осы тектес тапсырмалар ұсынылған абзал:

Тақырып: «Музыка және поэзия»

Оқу мақсаты: 6.1.2.3 Көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру

Тапсырма:

«Қараңғы түнде тау қалғып» ән-романсы мен А. Гусейновтың «Көк теңіз» суретін салыстырып, талдаңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- бейнелеу өнері мен музыканың байланысын талдайды.

Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау. *Жұптық* жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. *Жұптық* жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі

бағалауына болады. Мұндай өзара қарымқатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды. Сондықтан оларды кері байланыс беруге үйрету маңызды.

Тақырып. «Музыка және театр»

Оқу мақсаты: 6.2.1.1 Музыкалық шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интерпретация жасау

Тапсырма:

Қазақстан театрларына ойша саяхат жасау арқылы қойылымның музыкалық шығармасын таңдаңыз. Өз шығармашылық жұмысыңызды жоспарлаңыз. Театр қызметкерлерінің рөлдерін шығармашылық жұмысыңыздың жоспарына сай сахналаңыз.

Дескриптор Білім алушы:

- таңдаған шығарма негізінде өз жұмысын жоспарлайды;
- театр қызметкерлерінің рөлін сахналайды;
- өз шығармашылық жұмысын қорғайды.

Тақырып. «Музыка және кино»

Оқу мақсаты: 6.1.3.1 Әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау

Бағалау критерийі Білім алушы

- әуеннің әсерін, көркем бейнесін жеткізеді
- Әртүрлі стильдегі, жанрдағы әндерді екі дауыспен немесе канон элементтерін қолданып, орындайды.

Тапсырма:

Мектеп өмірімен байланыстырып, «Балдәурен» әнін екі дауыспен немесе канон элементтерін қолданып орындаңыз.

Дескриптор Білім алушы:

- әннің көңіл-күйін жеткізеді;
- әнді орындау ережесіне сай орындайды.

Мәліметтерді жинау және талдау жасау үшін мұғалімге бақылау парағын, журналды, күнделікті, басқа да қалыптастырушы бағалау нәтижелерін тіркеудің формаларын жүргізу ұсынылады. Бұл мұғалім әрекетінің тиімділігін, оқудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау мұғалімнің өз шешіміне қарай жүзеге асырылатынын және есеп беру құжаттарын толтыруды қажет етпейтінін атап көрсетуге болады.

Бір қарағанда қарапайым болып көрінетін, бірақ оқытуға енгізілуі тиіс бес түйінді факторға байланысты екенін көрсетті:

1. Оқушыларға тиімді кері байланыс ұсыну.
2. Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы, бұл өз кезегінде оқушыларды өзін-өзі бағалауға қатыстырады.
3. Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіру.

4. Бағалаудың оқушылардың оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына терең ықпал ететіндігін мойындау, себебі бұлардың екеуі де оқуға түбегейлі түрде ықпал етеді.

5. Оқушылардың өз оқуын қалай жетілдіру керектігін түсіну үшін өздерін өздері бағалай алуын қамтамасыз ету және өзара бағалау арқылы бірге оқитын оқушылармен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру

ҚОРЫТЫНДЫ

Формативті бағалау – білім алушылардың үлгерімін бақылауға көмектесетін оқу үдерісіндегі үздіксіз процесс. Бұл оқу мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу және дағдылар түрінде күтілетін нәтижені шығару үшін үздіксіз оқытуды диагностикалау, бақылау және реттеу үшін қолданылатын циклдік құрылым, бұл білім алушыларға одан әрі оқуға және кәсіби өзін-өзі анықтауға академиялық тұрғыдан дайындалуға көмектеседі.

Формативті бағалау оқыту мен оқуды бейімдеу және модификациялау үшін білім алушылардың үлгерімі мен түсінуі туралы ақпаратты жинау, интерпритациялау және пайдалану процесін қамтиды. Оқу кезеңінің соңында бағаланатын жиынтық бағалаудан айырмашылығы, формативті бағалау оқу процесінде жүзеге асады. Орта білім беру жүйесінде білім алушылардың үлгерімі мен біліктілігін арттыру үшін уақытылы кері байланыс орнату басты мақсат болып табылады.

Құзіреттілікке негізделген бағалаудың бұл түрі білім алушының дамуын және олардың оқу барысында қабілеттері, білімі мен дағдыларын үздіксіз бағалауды қамтамасыз ететін құнды білім беру құралы болып табылады. Құзіреттілікке негізделген бағалау оқу жоспарын жобалаудың негізгі бөлігі болып табылады. Ол білім алушылардың білімдері мен дағдыларын әртүрлі жағдайларда қаншалықты қолдана алатынын, білім алушылардың қандай нақты дағдылары мен білімдерін дамыту керек және осы мақсаттарға жету үшін қандай қадамдар жасау керектігін анықтауға көмектеседі және әр білім алушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескереді.

Оқыту үшін бағалау тереңірек, ұзақ мерзімді материалды меңгеруге ықпал етеді және білім алушылардың болашақ мансабында және жеке өмірінде табысқа жету үшін маңызды болып табылатын 21 ғасырдағы дағдыларды дамытады, олар жылдам өзгертін әлемге сәтті бейімделеді. Олар өз жетістіктерін бағалауды, мақсат қоюды және оқу іс-әрекетін жоспарлауды үйренеді, өзін-өзі реттеу дағдыларын және өзінің оқуы үшін жауапкершілікті дамытады. Мұғалімнің міндеті – бұл үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, формативті бағалаудың тиімді әдістерін қамтитын сапалы сабақтарды дамыта отырып, оқу процесінің әрбір кезеңін тиімді құру.

Глоссарий

Термин	Анықтама
Бағалау	1) әзірленген критерийлер негізінде білім алушылардың қол жеткізген оқу нәтижелерін күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі [9] 2) білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін әзірленген критерийлер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелерімен байланыстыру процесі [25]
Критериалды бағалау	білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін және білім алушыларға, ата-аналарға және педагогтарға түсінікті нақты анықталған, ұжымдық әзірленген өлшемдермен салыстыруға негізделген процесс [23]
Бағалау критерийі	1) білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі өлшенетін белгі, негіз, өлшем [23] 2) бағалау критерийлері – нақты өлшеуіштер, олардың негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізіледі [9]
Оқу жетістіктерін бағалау	бұл кері байланыс арқылы білім беру процесін түзету және реттеу үшін білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерінің жоспарланған оқу мақсаттарына сәйкестік дәрежесін белгілеу процесі [23]
Оқыту мақсаттары	оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы барысында білімге, түсінікке және дағдыларға қол жеткізу бойынша күтілетін нәтижелерді тұжырымдайтын мәлімдеме [23]
Формативті бағалау	1) сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді [9] 2) мұғалімдер мен оқушыларға оқыту мен оқудағы реттеулер мен түзетулерді қолдау үшін оқушылардың үлгерімі туралы ақпарат беретін сыныптағы бағалау, бұл нәтижелердің жақсаруына әкеледі [21] 3) немесе оқуды бағалау оқудан кейін емес, оқу кезінде орын алады және мүлдем басқа функцияға ие: оқушылардың оқуын жақсарту үшін де, оқытуды жақсарту үшін мұғалімдермен де үнемі кері байланыс орнату [27] 4) үздіксіз жүргізілетін бағалау түрі мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл мен баға қоймай оқу процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді [23]
Жиынтық бағалау	1) белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан) аяқталғаннан кейін өткізілетін бағалау түрі, сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді зерделеу [9] 2) белгілі бір оқу кезеңі аяқталғаннан кейін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі), сондай-ақ баллдар мен бағалар қойылған оқу бағдарламаларының бөлімдері/өтпелі тақырыптары бойынша өткізілетін бағалау түрі [23]
Дескриптор	білім алушылардың тапсырма бойынша орындаған жұмысының сапасын сипаттайтын сипаттама [23]

Кері байланыс	1) анық, түсінікті, уақытылы, позитивті және тақырып бойынша болуы керек [15] 2) оның жақсарту үшін не істей алатындығы туралы кеңестермен жұмысының нақты қасиеттеріне қатысты болуы керек, кері байланыста басқа оқушылармен салыстырудан аулақ болу керек [4]
Кері байланыс	бұл белгілі бір тапсырманы орындау туралы мәлімдемені және бұрын белгіленген критерийлерге қатысты осы пайымдаудың қалай алынғанын негіздеуді білдіреді және тапсырманы жоғары деңгейде қалай орындауға болатындығы туралы ұсыныстар береді [14]
Айдар	1) бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттау тәсілі [23]. 2) критериалды бағалау құралы ретінде, оның конструкциясы әртараптандырылған жағдайда, оның объективтілігін, әділдігін жақсартуға, білім алушыларды бағалауға тарту мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, екінші жағынан, конструкцияның біркелкілігі қабылданған жағдайда бағалаудың дұрыстығына ықтимал қауіп төндіреді [30]
Өзара бағалау	1) тиімді қалыптастырушы бағалауды жүргізу үшін көптеген мүмкіндіктер береді. Ол білім алушыларға бір-біріне өз жұмысын жақсартуға көмектесуге бағытталған. Сонымен қатар, өзара бағалау тек кері байланыс алған оқушыға ғана емес, оны ұсынатын оқушыға да пайдалы [23] 2) оқушыларға бір-бірінің жұмысын бағалау арқылы зерттелген материалды бекітуге мүмкіндік береді. Өзара бағалаудың артықшылығы – білім алушылар басқа жұмыстардың күшті және әлсіз жақтарын атап өтуді үйренеді және осылайша өздерінің жетістіктерін талдайды [15]
Өзін-өзі бағалау (өзін-өзі бағалау)	бұл сабақтағы бағалау іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі, өйткені бұл әрекет оқушыны белсенді белсенді позицияда болуға, талдауға, салыстыруға, бағалауға, қорытынды жасауға, жақсы жұмыс істеуге талпындырады. Мен әртүрлі бағалау критерийлеріне мысалдар келтіруге тырыстым [15]
әдістері	деректерді жинау, өңдеу немесе талдау әдісі, мақсатқа жетудің жолы. Ол мұғалім материалды жеткізу үшін қолданатын әдістерден тұрады [31]
қабылдау	бұл педагогикадағы оқыту әдісінің бөлігі. Мысалы, оқулықты оқу кезінде жақсы есте сақтау үшін материалды дауыстап айтуға болады. Бұл оқыту әдісімен шартталған нақты іс-әрекет немесе жақын оқу мақсатына жетуге әкелетін мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерінің жиынтығы. [31]
техника	бұл осы әдісті қолдану процесіндегі әдістердің қосындысы
Әдістеме	бұл проблеманы зерттеу әдістерінің жиынтығы, сондай-ақ қолданылатын әдістерге қатысты техникалық әдістердің жиынтығы, соның ішінде жеке операциялар, олардың реттілігі және өзара байланысы

Оқушыларды бағалаудың көптеген әдістері мен әдістері бар. Бұл әдістемелік ұсыныстарда мұғалімдер оқу процесінде қолдана алатын формативті бағалаудың әдістері мен амалдарын ажырату ұсынылған.

Сұрақтар қою (әдіс)

"Фронтальды сауалнама" амалы

- Ол тыңдаушылар тапсырманы алғаннан кейінгі кезеңде басталады. Мұғалім сұрақтар қойып, оларға жауаптарды бағалауы керек.

"Ішкі және сыртқы шеңбер" амалы

- Оқушылар екі шеңбер құрайды: ішкі және сыртқы. Балалар бір-біріне қарап тұрып, өткен тақырып бойынша бір-біріне сұрақтар қояды. Сыртқы шеңбердегі оқушылар қозғалады және жаңа жұптар жасайды. Сұрақтармен бірдей жұмыс жалғасады.

Басқа амалдар

- Жабық және ашық сұрақтар
- Жетекші / балама сұрақтар
- Сынық сұрақтар
- Айна сұрақтар
- Нақтылау сұрақтары
- Толықтыру сұрақтары
- Бақылау сұрақтары
- Дұрыс және дұрыс емес сұрақтар

Мұғалімнің бағалауы (әдіс)

"Құрмет тақтасы" амалы

Тақтаға ең жақсы оқушының жұмысы орналастырылады және академиялық жетістіктер ғана емес, сонымен қатар басқа бағалау критерийлеріне қол жеткізу де атап өтіледі.

"Жинақ сандықша" амалы

Мұғалім әр жетістік үшін оқушыларға нәтижелер мен критерийлерді орындау бойынша шарлар таратады.

Ұқсас
"Стикерлер" амалы

Дәптерлерде мұғалім нашар емес, орындалған тапсырмадағы ең жақсысын атап көрсетеді. Басқа да амалдар бар

Өзара бағалау (әдіс)

"Редакторлық кеңес" амалы

Эссені редакциялау кезінде критерийлер тақтаға ілінеді. Барлық оқушылар "редакторлар", ал тақтаға өз қалауы бойынша шыққан оқушы "жазушы" рөлін атқарады. "Редакторлар" сәттілік критерийлеріне сүйене отырып, жазбаша әңгімені мұқият тыңдайды, оқушының жұмысындағы артықшылықтарды көрсетеді және эссе мазмұнын жақсарту

"Қол шапалақтау" амалы

Егер оқушы сұраққа дұрыс жауап берсе, қалған оқушылар қол шапалақтайды. Оқушының алдына түспеуге деген айқын ұмтылысы бар. Мұнда ойынмен айналысу эмоционалды және мотивациялық күйлерді белсендіреді.

"Динамикалық жұптарды" өзара бағалаудың басқа тәсілдері.

"Екі жұлдыз және тілек", "Плюс-минус", "Сэндвич" техникасын қолдануға болады

«Кері байланыс» әдісі

«Білемін/білгім келеді/білдім»
тәсілі сыни ойлау стратегиясы

«Білемін/білгім келеді/білдім»,
оның көмегімен мұғалім
тыңдаушыларға ауызша ғана
емес, жазбаша түрде де жауап
бере алады

«Апталық есептер» амалы әр
оқушы келесі сұрақтарға жауап
береді: Мен осы аптада не
үйрендім? Мен үшін қандай
сұрақтар түсініксіз болып
қалды? Егер Мен мұғалім
болсам, оқушыларға материалды
түсінгендерін тексеру үшін
қандай сұрақтар қояр едім?

Кері байланыстың басқа тәсілдері:
«Екі жұлдыз және тілек»,
аяқталмаған сөйлемді қабылдау,
мақал-мәтелдерді таңдау, «мақсат
ағашын» қолдана отырып , мақсатқа
жету рефлексиясы, білімнің «өсуін»
бағалау және мақсаттарға жету (мен
бұл сөзді Мен білмедім...Енді мен
білемін...), синквейнді қабылдау,
«сөйлемдерді аяқтау» (жазбаша
сұхбат), «Сэндвич» , «рефлексиялық
экран» , «күн», «эмодзилер».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Andrade, H. L., & Du, Y. (2005). Student Responses to Criteria-Referenced Self-Assessment. *Assessment & Evaluation in Higher Education*, 30(2), 163-181.
2. Assessment Reform Group. 1999. *Assessment for learning: Beyond the black box*. Cambridge, UK: Cambridge Univ., School of Education. DOI: 10.1007/BF00117714B
3. Black, P., & Wiliam, D. (1998). Assessment and Classroom Learning. *Assessment in Education*, 5, 7-74. <http://dx.doi.org/10.1080/0969595980050102>
4. Black, P., & Wiliam, D. (1998). *Inside the Black Box: Raising Standards Through Classroom Assessment*. Phi Delta Kappan, 80(2), 139-148.
5. Bloom, B. S. 1971. Learning for mastery. In *Handbook on formative and summative evaluation of student learning*. Edited by B. S. Bloom, J. T. Hastings, and G. F. Madaus, 43–57. New York: McGraw-Hill.
6. Bloom, B. S., J. T. Hastings, and G. F. Madaus. 1971. Formative evaluation. In *Handbook on formative and summative evaluation of student learning*. Edited by B. S. Bloom, J. T. Hastings, and G. F. Madaus, 117–138. New York: McGraw-Hill.
7. Brookhart, S. M. (2008). *How to Give Effective Feedback to Your Students*. Association for Supervision and Curriculum Development Alexandria, Virginia USA, ISBN 978-1-4166-0736-6
8. Broadbent, J., Sharman, S., Panadero, E., & Fuller-Tyszkiewicz, M. (2021). How does selfregulated learning influence formative assessment and summative grade? Comparing online and blended learners. *The Internet and Higher Education*, 50. <https://doi.org/10.1016/j.iheduc.2021.100805>
9. Мектенке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
10. Hattie, J. (2009). *Visible Learning: A synthesis of over 800 meta-analyses relating to achievement*. New York: Routledge.
11. Hattie, J. (2012). *Visible Learning for Teachers: Maximizing impact on learning*. London and New York: Routledge
12. Hattie, J., & Timperley, H. (2007). *The Power of Feedback*. *Review of Educational Research*, 77(1), 81-112.
13. Heritage, M. (2007). *Formative assessment: What do teachers need to know and do?* Phi Delta. Kappan, 89, 140-145

14. Irons, Alastair and Elkington, Sam (2022) *Enhancing Learning through Formative Assessment and Feedback* (2nd Edition). Routledge. ISBN 9781138610552
15. Кохаева Е.Н. *Формативное (формирующее) оценивание: методическое пособие* / Е.Н. Кохаева. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 66 с. доступно онлайн на [https://uchportfolio.ru/public_files/678451774.pdf]
16. Kalykbayeva, A., Satova, A., Autayeva, A., Ospanova, A., Suranchina A., & Elmira, U., (2021). Using self-assessment instruction to develop primary school students' self-esteem in inclusive practice in Kazakhstan. *Cypriot Journal of Educational Science*. 16(4), 1631-1642. <https://doi.org/10.18844/cjes.v16i4.6049>
17. Lai, C., & Bower, M. (2019). How Is the Use of Technology in Education Evaluated? *A Systematic Review. Computers & Education*, 133, 27-42.
18. Leslie W. Grant, Christopher R. Gareis, Sarah P. (2020) *Formative Assessment, Oxford Bibliographies* DOI: 10.1093/OBO/9780199756810-0062 available online at [www.oxfordbibliographies.com/display/document/obo-9780199756810/obo-9780199756810-0062.xml#:~:text=The%20first%20reference%20to%20the,clarifying%20the%20roles%20of%20evaluation].
19. Nicol, D. J., & Macfarlane-Dick, D. (2006). Formative Assessment and Self-Regulated Learning: A Model and Seven Principles of Good Feedback Practice. *Studies in Higher Education*, 31(2), 199-218.
20. *Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы* Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5191 болып енгізілді.
21. Panadero, E., Andrade, H., & Brookhart, S. M. (2018). Fusing self-regulated learning and formative assessment: A roadmap of where we are, how we got here, and where we are going. *The Australian Educational Researcher*, 45(1), 13-31. doi:10.1007/s13384-018-0258-y
22. Ramos dos Santos I.T, Brito Bareto D.A & Carvalho de Oliveira Soares C.V. (2020) Formative assessment in the classroom: the dialogue between teachers and students, *Journal of Research and Knowledge Spreading*, 1(1): e11483 e-ISSN 2675-822
23. *Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. Пособие.* / Под ред. О.И.Можаевой,

- А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. - 56 с
- 24.Sadler, D. R. 1989. Formative assessment and the design of instructional systems. *Instructional Science* 18.2: 119–144.
 - 25.Sadler, D. R. (1998). Formative Assessment: Revisiting the Territory. *Assessment in Education: Principles, Policy & Practice*, 5(1), 77-84.
 - 26.Scriven, M. 1967. *The methodology of evaluation. In Perspectives of curriculum evaluation*. Edited by R. W. Tyler, R. M. Gagné, and M. Scriven, 39–85. Rand McNally Education. Chicago: Rand McNally.
 - 27.Tempelaar D., Rienties B., Mittelmeier J. & Nguyen Q. (2017) Student profiling in a dispositional learning analytics application using formative assessment, *Computers in Human Behavior*, doi: 10.1016/j.chb.2017.08.010
 - 28.Topping, K. J. (1998). Peer Assessment Between Students in Colleges and Universities. *Review of Educational Research*, 68(3), 249-276.
 - 29.Wiliam, D. (2011). *Embedded Formative Assessment*. Publisher: Hawker-Brownlow Education ISBN: 9781742398112
 - 30.Шмигирилова И. Б., Рванова А. С., Григоренко О. В. (2021) Оценивание в образовании: современные тенденции, проблемы и противоречия (обзор научных публикаций) // *Образование и наука*. Т. 23, № 6. С. 43–83. DOI: 10.17853/1994-5639-2021-6-43-8
 - 31.Хуторской А. В. Понятие «происходящего» метода обучения и методология ситуативной педагогики. [Электронный ресурс] // Вестник Института образования человека. – 2012. – №2. <http://eidos-institute.ru/journal/2012/200>. – В надзаг: Института образования человека, e-mail: vestnik@eidos-institute.ru
 - 32.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016. 49-56 бет
 - 33.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
 - 34.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Букварь» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)
 - 35.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
 - 36.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)
 - 37.Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
 - 38.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
 - 39.Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

- 40.Бастауыш білім беру деңгейінің 3-4-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 41.Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Музыка» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 42.Бастауыш білім беру деңгейінің 2- сыныбына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 43.Бастауыш білім беру деңгейінің 3-4-сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы
- 44.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
- 45.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 46.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)
- 47.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес)
- 48.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)
- 49.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған»Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 50.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 51.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 52.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 53.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 54.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 55.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 56.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 57.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Математика оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы
- 58.Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
- 59.Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

60. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
61. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
62. Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған
63. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

Мазмұны

Кіріспе		3
1	Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалаудың ерекшеліктері: халықаралық және отандық тәжірибе	6
2	Оқу пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар	16
	<i>Бастауыш білім берудің оқу пәндері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	20
	<i>«Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	25
	<i>«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	30
	<i>«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	36
	<i>«Ағылшын тілі» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	53
	<i>«География» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	57
	<i>«Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары» пәндерінен білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	58
	<i>«Информатика» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	63
	<i>«Физика» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	66
	<i>«Биология» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	72
	<i>«Химия» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	76
	<i>«Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	79
	<i>«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар</i>	83

«Құқық негіздері» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар	87
«Көркем еңбек» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар	92
«Музыка» пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар	94
Қорытынды	99
Глосарий	100
Пайдаланылған әдебиеттер	106

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН ФОРМАТИВТІ
БАҒАЛАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 20.05.2022. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа таба